

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**ОНТОГЕНЕЗ БАРЫСЫНДА
АНА ТІЛІ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Монография

Алматы 2021

УДК 376
ББК 74.3
О-59

Рецензенттер:

филология ғылымдарының докторы, профессор Аяпова Т.Т.
психология ғылымдарының докторы, профессор Шеръязданова Х.Т.
педагогика ғылымдарының докторы Менлібекова Г.Ж.

Арнайы және инклузивті білім беруді дамытудың Үлттық ғылыми-практикалық
орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған
(2021 жылдың қазан айының 20-дегі № 31 хаттамасы)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта
білім беру Комитеті қолдануға ұсынған
(2022 жылдың наурыз айының 10-дағы № 18-3/55-И хаттамасы)

Құрастыруышы-авторлар:

Өмірбекова Қ.Қ.(кіріспе, 1.1, 1.2), Тасжурекова Ж.Т.(5, қорытынды), Сейсенова А.Д.
(2.1, 2.4, 2.5, 3.1, 4.1, 4.2), Ибатова Г.Б.(2.1, 2.2, 2.3, 3.1, 3.2, 4.3), Оспанова А.С (2.1, 2.2, 2.3, 3.2, 4.1)

**Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы: монография/ Өмірбекова
Қ.Қ., Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. – Алматы: АИБД
ҰФПО, 2021. – 166 б.**

ISBN 978-601-08-1737-1

Монографияда қазақ тілінде оқытын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы және инклузивті білім беру зертханасының ғылыми қызметкерлері ұжымының ерте және мектепке дейінгі жастағы қазақ тілді балалардың ана тілінің даму ерекшеліктері мен зандылықтарын зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістерінің нәтижелері берілген. Сондай-ақ ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілін менгеру үдерісін зерттеудің тиімді жолдары айқындалды.

Монографияда сөйлеу тілі онтогенезінің лингвистикалық және психологиялық негіздері мен дамуы, ерте және мектепке дейінгі қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жүйесін, сөз қорын, грамматикалық құрылымдардың кейбір аспектілерін онтогенез барысында менгеруін анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелері қарастырылды.

Аталмыш еңбек тіл саласында зерттеумен айналысатын ізденушілерге, магистранттарға, докторанттарға және практик мамандарға: логопедтер мен психологтарға, ата-аналарға пайдалы болады деген сенімдеміз.

УКД 376
ББК 74.3

ISBN 978-601-08-1737-1

©АИБД ҰФПО, 2021
© Өмірбекова Қ.Қ., Тасжурекова Ж.Т.,
Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б.,
Оспанова А.С., 2021

МАЗМҰНЫ

KІРІСПЕ	4
I. СӨЙЛЕУ ТІЛІ ОНТОГЕНЕЗІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	7
1.1 Ана тілін менгерудің теориялық негіздері	7
1.2 Бала тілінің даму кезеңдері	15
II. АНА ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ОНТОГЕНЕЗ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ	23
2.1 Баланың дыбыс айтуының қалыптасуы	23
2.2 Балалардың фонематикалық естуінің дамуы	38
2.3 Сөздің буындық құрамын менгеруі	47
III. ОНТОГЕНЕЗДЕ БАЛАНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	56
3.1 Ерте жастағы балалардың сөздік қорының қалыптасуы	56
3.2 Мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қорының дамуы	67
IV. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН МЕНГЕРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРИ	76
4.1 Тілдің морфологиялық құрылымын менгеру	76
4.2 Тілдің синтаксистік жағын менгеру сипаттамасы	91
4.3 Онтогенез барысында байланыстырып сөйлеудің даму ерекшеліктері	99
V. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТАРЫ	109
ҚОРЫТЫНДЫ	119
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	122
ҚОСЫМША	128

KIPIСPE

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің педагогикалық қауым мен ата-аналар қауымдастырының алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі – балаларды ана тілінде тәрбиелеу және ана тілін меңгеруін ерте жастан қолға алу. Кез келген ұлттың болашағы ана тілін дамыту мәселелерінің сәтті шешілуімен тікелей байланысты.

Сөйлеу тілі туа біткен қасиет емес, ол онтогенез барысында біраз қабілет және дағдылармен қатар дамиды да, баланың жалпы дамуының көрсеткіші болып саналады. Баланың ана тілін меңгеруі белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделе отыра жүзеге асады.

Баланың сөйлеу тілінің қалыптасуы және дамуы мәселелерімен көптеген ғылым салалары айналысады, олардың арасында физиология, психология, лингвистика, педагогика т.б. бар. Шетелдік ғалымдар сөйлеу тілін дамуының негізгі құралы деп қарастырады (Л.С.Выготский, А.А. Леонтьев). Сөйлеу тілінің онтогенезі А.Н. Гвоздев, А.Р.Лурия, М.И.Лисина, А.М.Шахнарович, А.Г.Арушанова, А.Г.Рузская, Е.О.Смирнова, С.Н.Цейтлин, Г.Р.Доброда, М.Б.Елисеева, Е.С.Кубрякова т.б. жұмыстарында зерттелген [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14].

Қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің онтогенезде дамуына арналған зерттеулер азын аулақ қана. Бұл бағытта филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Т.Аяпованың жұмыстарын атап өткен жөн болады[15,16]. Осы тақырып - ғылыми тұрғыдан жан жақты зерттеліп, үлкен тәжірибе жұмысын қажет ететін күрделі тіл білімі мәселелерінің бірі болып табылады.

Баланың дамуындағы ауытқулар мен бұзылыстарды анықтау үшін сөйлеу тілінің онтогенезде даму заңдылықтарын және оның қалыптасуына әсер ететін жағдайларды жақсы білу қажет. Сонымен қатар сөйлеу тілі дамуының әр кезеңіндегі ерекшеліктерін ескеру және білу әртүрлі бұзылыстардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу және білу балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тілінің қалыпты және ауытқулы дамуын ажыратып, түзете-дамыту жұмысын тиімді әрі нәтижелі жүргізуге ықпал етеді.

«Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы және инклузивті білім беру» зертханасының ғылыми қызметкерлері ерте және мектепке дейінгі жастағы қазақ тілді балалардың ана тілінің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеу нәтижесінде айқындалған деректерді, жасалған қорытындылар мен ұсынылған нұсқауларды, мамандар, арнайы және инклузивті білім беру үдерістері барысында қолданумен қатар, дамуында түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған әдістемелік материалдарды құрастыру

барысында өз тәжірибесінде пайдалана алады.

2019 жылдан бастап «Арнайы және инклузивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-нде сөйлеу тілін онтогенезде қарастыру мәселелері төнірегінде бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Осы мекеменің жоғарыда аты аталған зертхананың ғылыми қызметкерлері және педагог-зерттеушілері ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілін менгеруі мен сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері мен зандалықтарын зерттеу бағытында белсенді жұмыстар жүргізуде. Жүзеге асқан ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде қол жеткен қорытындылар бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалып, жарияланды. «Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуын тексеру әдістері» атты Әдістемелік нұсқаулық 2019 жылы, «Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері» атты еңбек 2020 жылы жарық көрді [17, 18]. Авторлар онтогенез барысында ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілін менгеру үдерісін зерттеудің тиімді жолдарын айқындауды. Сонымен қатар баланың сөйлеу тіліндегі тілдік құбылыстар аспектісінде онтолингвистикалық зерттеулер туралы ғылыми тұжырымдар мен көзқарастарды ұсынды.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру кезінде сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты негізгі мәліметтер алу мақсатында, қазақ тілді отбасылар мен балабақша жағдайында тәжірибе жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми зерттеу мен тәжірибе жұмыстары Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Талдықорған, Тараз қалалары, Алматы, Қызылорда және Түркістан облыстарының бірқатар елді мекендерінде ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен бірлесе отыра мамандармен бірге жүргізілді. Тәжірибеге 6 айдан 6 жасқа дейінгі 266 қазақ тілді бала қатысты, олардың 54-і ерте жастағы; 92-сі 2-4 жастағы; 120-сы 4-6 жастағы балалар.

Монография кіріспе және бес Тарапудан тұрады. Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы, әр бөлімнің қысқаша мазмұны, зерттеу барысында қол жеткен деректер мен мағлұматтар берілді.

Бірінші Тарапуда сөйлеу тілінің лингвистикалық және психологиялық негіздері қарастырылды. Ана тілін менгеру үдерісі және бала тілінің даму кезеңдері туралы ғылыми тұжырымдар мен көзқарастарға талдау жасалды.

Екінші Тарапуда онтогенез барысында ана тілінің фонетикалық жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері жас мөлшерлері бойынша қарастырылды. Сонымен қатар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық естуі мен сөздің буындық құрамын менгеру жағдайы туралы баяндалды.

Ушінші Тарапуда онтогенез барысында мектеп жасына дейінгі баланың сөздік

қорының қалыптасуы жас ерекшеліктеріне қарай қарастырылды.

Төртінші Тарауда сөйлеу тілінің морфологиялық құрылымының қалыптасу кезеңдері, тілдің синтаксистік жағын менгеру, байланыстырып сөйлеудің даму ерекшеліктері туралы тұжырымды ойлар берілді.

Бесінші Тарауда сөйлеу тілінің қалыпты дамуының әлеуметтік шарттары қарастырылған.

Қосымшада тәжірибе жұмысы барысында қолданған әдістемелер, қорытынды ретінде туындаған кестелер мен сызбалар берілді.

Монографияда отандық авторлардың қазақ тілді балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысындағы тілдік жүйенің құрамдас бөліктерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтаған зерттеу нәтижелері беріліп отыр. Бұл еңбек бұл бағытта дайындалған алғашқы жұмыс болғандықтан, ондағы деректер мен мағлұматтар зерттеу тақырыбын жалғастыру барысында толықтыруды қажет етеді. Монографияда айқындалған мәліметтер мен қорытындылар арнайы және инклузивті білім беру жүйесінің сапасын арттыруға қажет оқу-әдістемелік нұсқаулар, материалдар мен бағдарламалар құрастыруға септігін тигізеді деген ойдамыз.

I. СӨЙЛЕУ ТІЛІ ОНТОГЕНЕЗІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ана тілін менгерудің теориялық негіздері

Ана тілінің қогамдағы рөлі мен сипаты, оның тілдік жүйесінің қалыптасу жағдайы сөйлеу тілі онтогенезінің жарқын көрінісі болып табылады. Бала дамуының белгілі бір кезеңінде, қарым-қатынас барысында пайда болатын сөйлеу тілі бірліктерінің қалыптасуы және олардың ерекшеліктері мен қызметтері осындай зерттеуге лайықты мәселе болып есептеледі.

Адам баласы туралы ғылымдар кешенінде басты орын алғып отырған қазіргі заманғы тіл теориясының өзекті мәселелерінің бірі ретіндегі балалардың ана тілін менгеру үдерісі – сөйлеу тілінің онтогенезін зерттеп, түсіндіруде тиімді жолдарды іздестіру болып табылады.

Қазіргі таңда онтолингвистикалық бағыттағы зерттеулердің мақсаты ретінде төмендегідей үш сұраққа жауап іздеу белгіленген:

1. Бала ана тілін қалайша менгереді?
2. Жас ерекшеліктерін қосқанда баланың сөйлеуі және тілдік қабілеттерінің пайда болуы, қалыптасуы және ары қарай даму ерекшеліктері қандай?
3. Балалардың ана тілін жақсы менгеру заңдылықтары мен факторлары неде?

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін менгеру деңгейі тілдің түрлі тармақтарын (фонетика, лексика және грамматика) игеру жағдайына қарай жүзеге асады. Онтогенездің ерте кезеңдерінің адам психикасының ары қарайғы даму сатыларына әсер ететіндігі жалпыға мәлім мәселе. «Ерте жастағы кезеңде пайда болатын психологиялық жаңа құрылымдар жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін маңызды, әрі адам баласының қалыптасуына қайталанбас ерекше үлесін қосады» [19].

Баланың қалай сөйлейтінін теориялық, практикалық және ғылыми түрғыдан зерттеу ондаған жылдар бойы қызығушылық тудырған мәселелердің бірі. Бұл үдеріс әсіресе XX ғасырдың ортасынан бастап ерекше дами түсті. Оған дәлел ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор С.Н. Цейтлин басқарған А.И. Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің «Бала тілі» кафедрасының ұжымы болып отыр (Санкт-Петербург).

Батыс және Ресей мамандары ерте жастағы баланың сөйлеу тілі саласындағы материалды жинау техникасы, тәжірибелерді әзірлеу және алынған материалдарды автоматты түрде талдау бойынша бізден гөрі көш ілгері. Қазақстандық логопедтер әлі күнге дейін ресейлік ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Александр Николаевич Гвоздевтің жұмыстарын басшылыққа алғып отыр [20]. А.Н. Гвоздев өзінің баласы Женяның сөйлеу тіліне лингвистикалық түсініктемелер берे отырып, күнделік түрінде зерттеу жүргізіп,

ойын ғылыми түрғыдан баяндаған. Құнделік 1981 жылы жарықта шыққан, бұндағы материалдар психология, тіл мамандары, педагогтар мен логопедтерге таныс. Бізге дейін жүргізілген зерттеулерде бала тілінің морфологиялық және синтаксистік түрғыдан бәзендерілу үдерісін бақылаған материалдар, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар турали деректер бар [21].

Ғалымның пікірінше грамматикалық конструкцияларды игерудің маңызды факторы ретінде тіл элементтерінің сыртқы морфологиялық құрылышы емес, олардың семантикасымен байланысты тіл құрылымындағы қызметі саналады. Сол себепті алғашында айқын көрсетілген нақты мағыналы категориялар менгеріледі, бір және бірнеше заттар арасындағы айырмашылық ерекше айқын байқалатындықтан, балалар орыс тілінің барлық грамматикалық категорияларының арасында зат есімнің жекеше және көпше түрлерін, атау, ілік және табыс септіктерді, бұйрық рай, инфинитив, осы және келер шақтарды менгереді. А.Н. Гвоздевтің пікірі бойынша мынандай заңдылық туындейді: грамматикалық құрылымды менгеру барысында құнделікті қарым-қатынасқа қажетті жай түрдегі өнімді формалар мен құрылымдар пайда болады. Ресейлік ғалымдардың ерте жастағы баланың сөйлеу тілі лингвистикасы бойынша ғылыми жұмыстары ондаған жылдар бойы осы бақылауларға негізделген [20,21].

Баланың табиғи дамуы турали мәліметтердің маңызды көзі болып табылатын құнделіктердің тарихы алыста жатыр. Кезінде атақты ғалымдар И. Тэн, В. Прейер, В. Штерн т.б. өздері де ата-ана ретінде өз балаларына қатысты құнделік жүргізген [22].

ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңында құнделік түрінде бекітілген бір баланың сөйлеу тіліне негізделген «жалғызданған» лонгитюд кезеңі «кросс-секциялық штудия» (балалардың сөйлеу тілі үлгілерін салыстыру) болса, ал 60-жылдары оны алдыңғы екі кезеңнің әдіснамалық жетістіктерінің синтезі, балалардың сөйлеу тілін динамикалық салыстыру түріндегі «лонгитюдтік кесілімдік штудия» кезеңі алмастырды. Құнделіктердің орнына алдын ала белгіленген уақыт интервалдарымен жазылатын баланың сөйлеу тілінің фрагменттерінің ресми жазбалары пайда болды. Бұл да лонгитюд түрінде болғанымен, онда құнделіктегідей кездейсоқ жазбалар болмайды.

Адам сөйлей бастауы үшін сөйлеу тілін қабылдау мен тудыруды қамтамасыз ететін құрал түріндегі тілді менгеруі қажет. Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп, пікір алысады құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. «Тіл» немесе «тіл дамыту» – пәнаралық түсінік: ол лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерде қолданылады. Лингвистика тіл және оның даму заңдарын зерттесе, психология адамның бір-бірімен қатынаста ойын, еркін, сезімін және пікірін жеткізу үшін тіл материалдарын қолдану үдерісін – сөйлеуді зерттейді.

Бүгінгі таңда баланың сөйлеу тілі нeden басталатыны, қарым-қатынас барысында тілдік белгілер қалай қолданылатыны, фонетикалық бірліктер, грамматикалық формалар және лексикалық мағына бала тілінде қай кезде қалыптасатынын дәлелді түрде зерттеп, байқаған және баланың алғашқы сөйлеуіне тән басқа да зандылықтардың қалыптасуына байланысты теориялық еңбектер ғылыми ортада жеткілікті.

Ұлы педагог К.Д. Ушинский «Ана тілін менгерген бала, тек сөзді ғана емес, оның құрылымын, өзгеру түрлерін, олардың бірнеше мағынасын, затқа деген көзқарасын, көптеген ойлар мен сезімдерді, көркемдік бейнелерін де игере бастайды» деп жазған [23].

Дыбыстар жүйесінің менгерілуіне байланысты Г.М. Лямина, М.М. Алексеева, А.И. Максаков т.б. ресейлік ғалымдардың зерттеулері бар [24, 25, 26]. Ана тілінің сөздік қорын балалардың менгеру мәселелерін зерттеуде мол үлесін қосқан ресейлік ғалымдар В.И. Логинова, Ю.С. Ляховская, А.Н. Богатырева, В.В. Гербова, В.И. Яшина, Е.М. Струнина т.б. зерттеушілердің еңбектерін атауға болады [27, 28, 29, 30, 31, 32].

Сөйлеу тілінің морфологиялық және синтаксистік дамуын Ф.А. Сохин, А.А. Захарова, В.И. Ядэшко, сөзжасам түрлерін А.Г. Арушанова, Г.И. Розенгард-Пупко зерттеген [33, 34, 35, 36]. Балалардың тілдік түрғыдан даму үдерістерін сөйлеу онтогенезі бойынша жүргізілген М.И. Лисина, А.Г. Рузская, Е.О. Смирновалардың еңбектері аша түседі [3, 6, 7]. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдің грамматикалық құрылымын менгеруіне қатысты А.Н. Гвоздев, Д.Б. Эльконин, А.М. Шахнарович, С.Н. Цейтлин [1, 4, 37, 38, 39] ой білдірген.

Л.С. Выготский, А.Р. Лuria, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорожец, А.А. Леонтьев сияқты ғалымдар бала тілінің, яғни сөйлеудің онтогенезде дамуы және қалыптасуы баланың адам және затпен қарым-қатысы арқылы таным деңгейінің өсуіне тығыз байланысты екендігін атап өткен [2, 19, 37, 40, 41]. Бала тілінің дамуы және қалыптасуы баланың затпен қарым-қатынасының күрделенуіне де байланысты болады. Бала заттармен (оыйнышқтары, киім-кешектері, үй заттары және басқа да заттармен) және өзге тұлғаның көмегімен қарым-қатынас жасау арқылы ғана ересек адамдарда болатын қоғамдық-тарихи тәжірибелі менгере алатындығын бүкіл педагогикалық және психологиялық ғылыми зерттеулерде айтылған.

Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу және даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалардың жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктең, топтап айта білуге, әр заттың қайdan пайда болып, нeden жасалатындығын түсінуге тырысатындығын көрсетті [40]. Бала алғашқы сөздерді түсіне бастағаннан-ақ оның қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына күшті ықпал етеді. Әрбір сөз баланың ақыл-ойының даму деңгейін байқатады.

Жылдан жылға сөйлеу әрекетінің онтогенезде даму ерекшеліктері мен қалыптасуына

тіл мамандарының ғылыми қызығушылығы өсіп, өздерінің ең маңызды зерттеу объектілерінің бірі ретінде алғанын көптеген ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады, олардың арасында Е.С.Кубрякова, А.М. Шахнарович, Е.И. Исенина, И.А. Зимняя, В.К. Харченко, Н.И. Лепская бар [4, 42,43,44,45,46,47].

Бала тілін лингвистика мен психолингвистиканың үлкен бір тың саласы ретінде терен зерттеген А.М. Шахнарович бастап кеткен Ресей Тіл білімі институтының «Сөйлеу әрекетінің онтогенезі» белімінің ғалымдары бала тілінің дамуын үлкен құрделі үдеріс ретінде лингвистика мен психолингвистика салаларында көптеген ғылыми нәтижелерге жетіп, құнды ғылыми тұжырымдар қосқан.

Сөйлеу тілі онтогенезі саласының іргетасын қалаушылардың бірі ретінде С.Н. Цейтлин бастаған ғалымдар тобы болып табылады. Ғалымның пікірінше деривациялық үдерістерді сипаттайтын үлгі ретінде балалардың инновацияларын (жаңашылдықтарын) алуға болады. Олар – бала құнделікті сөйлеуінде қолданбайтын, алайда бір жауабында көрініс тапқан кез келген сөздік бірліктері. Автор инновациялардың тәмендегідей типтерін көрсетуде: сөзжасаушы; формажасаушы (морфологиялық); лексикалық-семантикалық; синтаксистік; ересектің сөздерінің түрлі модификациялары.

С.Н. Цейтлин бала тіліндегі жаңа сөздердің қеңінен таралу себебі тілді менгеру ерекшеліктері және бұл үдерістің құрделілігі мен көп сатылылығына байланысты дейді. Бұл үдеріс сөйлеу тілі механизмінің құрделілігі және баланың тілдік операцияларының ерекшеліктеріне негізделген. Балада жаңа сөздердің пайда болу себебін автор «тіл жүйесінің қысымы» және оның салдарынан баланың менгерілетін тіл жүйесінің ережелеріне еріп кетуінен көреді. Бұл ережелерге сәйкес балалар тілдік белгінің мәні мен формасы арасында нақты симметриялық қатынастарды орнатуға тырысады. Ересек адамның сөйлеу тілінде нақты симметриялық қатынас болмауы да мүмкін, себебі бір мағына түрлі құралдардың көмегімен әртүрлі айтылуы мүмкін. Бұл құралдар алуан түрлі және синонимиялық қатарда болғандықтан, сөйлеген адам оларды түрлі талдаулар (фонетикалық, формальдықұрылымдық, лексика-семантикалық т.б.) арқылы таңдайды. С.Н. Цейтлиннің пікірі бойынша түрлі сөйлеу құралдары мен модельдердің көптігі балалардың қолданысына енген жаңа мысалдардың жасалуына әкеп соғады.

Авторлардың көбі балаларда тіл нормасына сәйкес келмейтін сөздерді жасау құбылыстары жөнінде айтады. Бұл құбылыстардың пайда болу уақытын әр ғалым әртүрлі белгілейді, алайда барлығы 3-4 жасты белсенді сөз шығармашылығы кезеңі деп атайды (А.Н. Гвоздев, М.М. Кольцова, Е.С. Кубрякова, Т.Н. Ушакова, С.Н. Цейтлин, Д.Б. Эльконин т.б.). Зерттеушілер балалардың мұндай сөздерді ерекше және оңай қолданатынын бірауыздан мойындағы. Балалардың сөз шығармашылығы тілдің морфологиялық жүйесінің

қалыптасуының жалпы үдерісін көрсетеді. Жоғарыда аталған авторлар туынды сөзжасамның кезеңдері, тәсілдері мен типтерін сипаттаса да, оның пайда болу механизмін ұстірт қана атап етеді[1, 8, 42, 48, 49].

Балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысында тілдік жүйенің компоненттерін қалыптастыру заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеудің маңыздылығы осы уақытқа дейін елімізде бұл бағытта толық ғылыми зерттеулер жеткіліксіз түрде жүргізілгендейімен де байланысты.

Қазақ тілі морфологиялық жүйесінің зерттелуі А. Байтұрсынұлының атымен байланысты. Қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстарын акустикалық-артикуляторлық денгейде топтастыру мәселесін К. Жұбанов қарастырған. Қазақ тілінің фонетикасы туралы құнды зерттеулер профессор К. Жұбановтың бастамасымен болған. Ғалым еңбектерін қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, синтаксиске дейінгі барлық салаларына арнап, тілдік жүйемізді зерттеу барысында тың тұжырымдар жасаған. Одан кейінгі кезеңде И. Кенесбаев бұл жүйені толықтырды. Қазақ тілінің фонетикасына арналған зерттеулер Ж. Арапбаев, Н. Түркбенбаев, Ә. Жұнісбектің еңбектерінде кездеседі[50, 51, 52, 53, 54, 55, 56].

Қазақ фонологиясында дыбыстауды сипаттауының екі теориясы белгілі. Бірінші теория – акценттік-фонемдік деп аталады. Бұл теория бойынша қазақ тілінің дыбыстық жағының негізгі басым бөлігі болып акцент анықталады деп тұжырымдалған. Осы теорияны қолдаушылардың бірі – белгілі ғалым, тіл маманы И. Кенесбаев. Ал екінші теорияны қолдаушылар қазақ тілінің дыбыстық жағының негізгі доминантты акцент емес, сингармонизм (дыбыс үндестігі) деп санаған (А. Байтұрсынұлы, Ә. Жұнісбек).

Дыбыстардың қалыптасу жолында оларды уақытша алмастырғыштар – субституттар пайда болады. Уақытша алмастырғыштар жүйесі ана тілінің барлық дыбыстарында байқалады. Алмастырулар сипаты әртүрлі негізде болады. Бір субституттар қимыл-сөйлеу анализаторы қызметтерінің біртіндеп дамуына байланысты, қызмет дыбыстардың табиғи алмастырушылары болып табылады. Басқа субституттар дыбыспен алмастырғыштардың үқастықтарына байланысты сыртқы, яғни акустикалық қасиеттерінің ықпалынан пайда болады.

Қазақ тілі білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу обьектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т. Аяпованың еңбегінде синтаксистік семантика түрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған [40,41]. Бұл мәселе ғылыми түрғыдан жан-жакты зерттеліп, тәжірибелі қажет ететін тіл білімінің күрделі мәселелерінің бірі болғандықтан, біз өз кезегімізде сөйлеу онтогенезін қалыпты жағдайдағы балалар негізінде жалпы тіл білімі, психолингвистика, жалпы педагогика мен

психология, арнайы педагогика т.б. салаларға мол материал беретін тақырып ретінде зерттеуді алдымызыға мақсат етіп қойдық.

Елімізде бала тілі бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді, атап айтсақ Б. Баймұратова, А. Бакраденова, Б. Бакиянова т.б. зерттеушілердің еңбектерін атауга болады [57, 58, 59, 60].

Баланың сөйлеу тілін жалаң лингвистикалық түрғыдан зерттеу мүмкін емес, себебі бала тілінің шығуы мен дамуының себеп-салдарын психолингвистикалық арнайы зерттеулерден табуға болады. Сондықтан да, біз, осы зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында психолингвистикалық және лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерге жүгінеміз.

Баланың ересек адамдармен қарым-қатынасы әлеуметтік сипатқа ие бола бастайды. Бала тілі дамуын зерттеуде оның танымдық деңгейі мен зердесінің өсуін және қарым-қатынасының ұлғаюын тығыз байланыстырып қарау керек екендігіне ерекше назар аударамыз. Баланың ересектермен және өз ортасымен қарым-қатынасқа түсуге деген ниеті оның танымы өскен сайын ұлғаятының ғалымдар ерекше атауда, осы мәселе бала тілі дамуының басты қозғаушы күші екендігін өзіміз жүргізген тәжірибе нәтижелері айқындалп отыр.

Т.Т. Аяпованың зерттеулерінде 1 жастан 4 жасқа дейінгі қазақ балалары синтаксисінің даму ерекшеліктері жан-жақты ашылған. Осы автордың зерттеулері бойынша қазақ балаларында сөз бен сөйлемнің сөйлеу тілінде қалыптасуы 11 айыннан бастап 1 жас 10 айға дейін созылып, ана тілінің синтаксисін менгеруге ең қажетті түйін болатыны туралы «баланың сөйлеу тілінің ең алғашқы даму кезеңі сөз – сөйлемнен басталады. Ол басты ерекшелік болып, келесі кезеңдердің дамуына негіз салады», – деп тұжырымдаған (1988).

Ғалым Т.Т. Аяпованың байқауынша бала тіліндегі сөйлемнің грамматикалық жағының дұрыс қалыптасуы екі сөзді сөйлемдерден басталады. Мысалы: *Шәй тәтті. Мына шәй тәтті.* Бір сөзді және екі сөзді сұраулы сөйлемде сингармонизм заңына бағынбайтыны белгіленген: *Мама келе ма?*

Жоғарыда көрсетілген автордың мәліметтері бойынша ерте жаста сөйлеу тілінің даму онтогенезінде сингармонизм заңының бұзылуы байқалады (*Ana келе ма?*). Мұндай қателіктер есе келе бірте-бірте жойыла бастайды. Аталған мәліметтер бойынша баланың сөйлеу тілінде бірінші түрленетін жатыс септік, ал жалғаулардан барыс септік жалғаулары пайда болатынын көрсеткен. Кейінірек зат есімі бар етістікті сөз тіркестер қолдана басталады (2 жас – 2 жас 3 ай). Бірақ олар басқа сөз тіркестерге қараганда сирек қолданылады. Етістікті сөз тіркестер барыс, жатыс және шығыс септіктердегі есімдермен қолданады. Мысалы: *Мамага барамын; Менде жоқ; Апамен ұйықтаймын.*

Сонымен қатар Т.Т. Аяпова бірыңғай мүшелер, күрделі бастауыштары бар сөйлемдер

және құрмалас сөйлемдер 4 жасқа дейінгі балаға қын болатыны жайлыштың қорытынды жасаған. Автор баланың сөйлеу тілі алғашқы кезеңдерде сөздердің қате қатарын байқап, дұрысына ауысуын көрсеткен. Бұл уақытта олардың сөйлеу тілі грамматикалық түрғыдан дұрыс безендіріле бастайды. Мысалы, бала сөйлеу тілінің грамматикалық дұрыс түрлендіре бастағаннан кейін онда тұрақты сөз қатары пайда болады: S – O – P (субъект + объект немесе басқа тұрлаусыз мүше + предикат). Бұл түрлік тілдеріне тән қасиет.

Біздің байқауымызша санаулы авторлар ғана мектепке дейінгі жастағы қазақ балаларының ана тілін менгеру мәселелеріне арналған зерттеулер жүргізген. Соңғы жылдардағы бұл мәселе бойынша зерттеу нәтижелерін мына авторлардың еңбектерінен көруге болады: Б.Б. Баймұратова, Қ. Аханов, А.Б. Бакраденова, Р.К. Арапбаева, К.М. Метербаева т.б.[58, 59, 61, 62, 63].

Сөйлеу әрекетінің онтогенезін зерттеу барысында Б.Б. Баймұратова ерте мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ерекшеліктерін қарастырып, қазақ тілді балабақшалардағы 3-5 жастағы балалардың және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтады.

Жеке зерттеудерде жалпы білім беретін балабақшадағы балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және грамматикалық жағының ерекшеліктері бойынша балалардың сөзжасам, сөз өзгертудің ең өнімді тәсілдерін қолдануы туралы жазылған. Сөзжасам операцияларының айтарлықтай кеш дамуы, белсенді сөздік қоры мен фонематикалық қызметтердің дамымауын және кейбір дыбыс айту бұзылыстары бар балаларда жалпы сөйлеу тілі дамымауының көмекі түрі ретінде бағалауға болады. Мұндай балалар, мектепте оқу кезінде жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы болуы мүмкін, қатер тобындағы балаларға жатады.

Ғалым Қ. Аханов сөздердің түрленуі мен өзгеруі түрлі тәсілдер арқылы сөйлемде тіркесуін тілдің грамматикасы арқылы іске асатындығын айта келе, грамматика тіл мен сөздердің түрленуі, өзгеру ережелерімен сөздерден сөйлемдердің құралу ережелерін белгілейтіндігін көрсетті[61].

Б.Б. Баймұратова бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын менгеруін жалпылама түрде зерттеген. Зерттеушінің мәліметі бойынша 4 жастағы балалар жекеше түрдегі зат есімдерді барлық септіктерде септей алады. Мұнымен бірге балалардың балабақшада тәрбиеленетін 40%-ы және үйде тәрбиеленетін 15%-ы зат есімнің көпше түріне ауыстыра алатынын атап өткен [58].

Онымен қоса қала балабақшаларында орыс және қазақ балаларды қазақ тіліне оқыту мәселесін қарастыратын зерттеулер бар, атап айтқанда ғалым А.Б. Бакраденовың енбегі, онда мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту мәселесі зерттелген [59]. Автордың айтуынша қазақ тілінің болашағын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тілді оқытуды

дәл осы жастан бастау керек, себебі бұл уақытта балалар қоршаған орта құбылыстарына ерекше назар аударып, сезімтал болады.

Р.К. Арапбаева мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтап, олардың сөздік қорын қарастырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігінің қалыптасу көрсеткіштерін дайындағы [62].

К.М. Метербаева [63] қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың (5-7 жас) байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға өз үлесін қосқан. Фалым тарапынан баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың қазіргі жағдайы мен педагогикалық мүмкіндіктері анықталды. Қоршаған ортамен таныстыру арқылы баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың моделі ұсынылып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері, тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылып, баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың әдістемелік нұсқаулары жасалды.

Соңғы жылдары Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибатова [64, 65, 66] қалыпты балалардың сөйлеу тілі мен тіл компоненттерін және әртүрлі бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін салыстыра зерттеу мәселелерімен айналысада. Профессор Қ.Қ. Өмірбекова сөйлеу тілі дамымаған қазақ тілді балалардың дыбыс айтуын тексеру барысында көбінесе ызың, ысқырық, ұнді дыбыстардың бұзылатыны, қазақ тіліне тән дыбыстардың ішінде: *ң*, *қ*, *ұ*, *ғ* фонемаларын алмастыру, шатастыру жиі кездесетінін атаған (2009). Сөйлеу тілі III-денгейіндегі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар көптеген сөздердің мағынасын түсінеді; олардың енжар сөздігінің көлемі нормаға жақын деп тұжырымдайды автор. Алайда сөздерді экспрессивті сөйлеуде қолдану және сөздікті менгеруі үлкен қындықтар туғызады [64].

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың арасында дыбыс айтуының бұзылыстары, фонематикалық түсінігінің жетіспеушілігі, олардың тарапынан, сипаты және түзету жолдары жайында Г.Н. Тулебиеваның зерттеулерін атап кеткен жөн [65].

Г.Б. Ибатова сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеуі тілінің грамматикалық жағын зерттеумен айналысып, сөздердің өзгеруінің грамматикалық формалары, сөзжасам тәсілдері, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін игеруі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда қалыпты сөйлеу тілі дамуымен бірдей ретпен жүреді; грамматикалық құрылымның жетіспеушілігі грамматика занұлықтарын игерудің баяу қарқында, яғни тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің дамуындағы дисгармонияда байқалады деген ой білдірген [66].

Жоғарыда айтылғандай мектепке дейінгі жастағы қалыпты жағдайда дамыған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектер санаулығана.

Атап айтатын болсақ, А.Д. Сейсенова және аға ғылыми қызметкері Г.Ж. Есенжолова ерте және мектеп жасына дейінгі қалыпты жағдайдағы балалардың қазақ тіліндегі сөйлеу тілі онтогенезі мәселелерін қарастырып, сөйлеу тілінің даму кезеңдерін белгілеп, сәби тілінде пайда болатын дыбыстар, грамматикалық және лексикалық бірліктердің шығу ретін анықтап, қазақ тілінде бала тілінің қалыпты даму жүйесі бойынша кестені құрастырды және ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді [67, 68].

Елімізде осы сала бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулер аз екендігін тағы бір рет атап өткіміз келеді. Осы орайда аталған мәселе бойынша лингвисттер мен психологтар, мектепке дейінгі балалармен жұмыс жасайтын педагогтар және логопедтердің бірлескен терең, жүйелі, дәлелді және ауқымды зерттеулер жүргізуінің қажеттілігі туындал отыр. Ана тілін меңгерудің теориялық негіздері мәселесі бойынша жасалған ғылыми-теориялық талдау негізінде қазақ тілді балалардың ана тілінің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеудің маңыздылығы зор екенін атап өткіміз келеді.

1.2 Бала тілінің даму кезеңдері

XX ғасырдың басында сөйлеу тілінің онтогенезін зерттеу нәтижелері көптеген психологиялық әдебиеттерде қарастырыла бастады. Оған өздерінің балаларының сөйлеу тілінің дамуын бақылау барысында жазылған Тэннің «Баланың сөйлеу тілін меңгеруін бақылау» (1876), В.Прейердің «Бала жаны» (1882), И.А. Сикорскийдің «Бала жаны» (1880) басылымдары зор үлес қосады[22].

XX ғасырдың басында Ресейде орыс балаларымен айналысқан бірнеше мекемелер ашила бастады. Олар баланың сөйлеу тілінің даму кезеңдері бойынша мағлұмат жинауға, сөйлеу тілінің жеке жақтарын сипаттауға, балалар мен ересектердің сөйлеу тілінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ажыратуға мүмкіндік туғызды.

Орыс тілін меңгеруге арналған зерттеу жұмыстарының кемшіліктерін талдай отырып, А.Н.Гвоздев 1921-1929 жылдары өз ұлының сөйлеу тілін күнделікті бақылап жазып отыруға бағытталған жұмыс жүргізген, оның нәтижелерін қазіргі кезеңде баланың сөйлеу тілін зерттеушілер кеңінен қолданады. Зерттеу барысында жинақталған мағлұматтарды А.Н.Гвоздев мынандай үш бағытта талдайды: фонетика, синтаксис пен морфология, сөздік қоры. А.Н.Гвоздевтің зерттеуінің ғылыми маңызы – баланың сөйлеу тілінің дамуын алдымен лингвистикалық түрғыдан қарастыру болып табылады[21].

Осы кезеңде баланың ана тілін меңгеруі, алғаш рет сөйлеу тілінің даму кезеңдерін сипаттауға әрекет жасаған көптеген жұмыстар жарық көре бастады. В.Штерннің орыс тілінде шыққан: «Ерте жастан алты жасқа дейінгі балалар психологиясы» еңбегінде ең алғашқы сөйлеу тілінің кезеңдері толық қарастырылған. Автор аталған жұмысында алғашқы саты (бір

жас) туралы баяндаپ, бұл кезеңдегі балалар былдырлап сөйлеп, дыбыстарды елікте, қарапайым сөйлемді түсіне бастайды деген тұжырым беріп, содан кейін негізгі төрт кезеңдерін атап өтеді[69].

Бірінші кезең (1жас – 1жас 6 ай) – бір сөзден тұратын сөйлем деп қарастыруға болатын, мазмұны бар дыбыстың реакцияларымен сипатталады.

Екінші кезең (1жас 6 ай – 2 жас) – сөздік қоры молаяды. Сөйлем бірнеше сөзден тұрады. Сөз таптары туралы түсінік пайда бола бастайды.

Үшінші кезең (2 жас – 2жас бай) – жалғау, жүрнақтар арқылы сөзді өзгерту, сөзжасау. Сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдер қалыптасады.

Төртінші кезең (2 жас 6 ай – 4-5 жас) – сөйлемнің түрлерін мен сөзжасам дағдыларын меңгере бастайды.

Н.А. Рыбников, А.Н. Гвоздевтің сөйлеу тілінің генезисі туралы мағлұматтары әртүрлі жаңа құрылымдарың пайда болу мерзімдерін анықтауға, баланың ана тілін меңгеруін сипаттап толықтыруға мүмкіндік берді. А.Н.Гвоздев, В.Штерннің жұмыстарында 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі уақытта балалар заттың атына байланысты **бұл не?** сұрақ қою кезеңі деп белгіленді. Бұл жаста бала қоршаған ортаға бейімделе бастайды, соған орай біртіндеп сөздік қоры да молаяды. 3 жаста грамматикалық формалар байқалады, ал септік жалғауларды толық менгерілуі кешірек байқалады. 4-5 жас көп сөзді фразалармен, сөйлемнің күрделенуімен қатар **«неліктен?», «неге?»** деген сұрақ қоюмен сипатталады[20,69,70].

Көптеген зерттеулер бойынша (Н.А.Рыбников, Д.Б.Эльконин, А.В.Запорожец) сөздік қорының ең белсенді дамуы 2 жастан 5 жасқа дейінгі кезеңде байқалады. Ең жиі қолданылатын А.Н.Леонтьевтің жіктемесі болып саналады. Ол баланың сөйлеу тілінің дамуын 4 кезеңге бөледі:

- 1-кезең – дайындық (1 жасқа дейін);
- 2-кезең – мектепалды, тілді алғаш менгеру (3 жасқа дейін);
- 3-кезең – мектепке дейінгі (7 жасқа дейін);
- 4-кезең – мектептік (7-17 жасқа дейін).

Шетел ғалымы П.Менюк сөйлеу тілінің дамуын өзгеше қарастыра отырып, оны 5 кезеңге бөледі:

Bірінші кезеңде (сөйлеу тілі шыққаннан былдырға дейін) айқай мен алғашқы вокализациясы бастапқы кезекте болады. Бұл кезеңде негізгі назар дауыс реакцияларының интонациялық сипатына аударылады. Баланың айқайына анасының жауабының маңызды екенін ескертеді. Сөйлеу тілінің дамуының бірінші кезеңінде балалардың акустикалық тітіркендіргіштерді ажырату мүмкіндіктері байқалады.

Екінші кезең – «былдыр кезеңі». Бұл кезде балада дыбыстық белсенділігі дамиды, өз

айқайын бақылай бастайды, әрі қарай есту түйсігінің (есту анализаторы арқылы әр түрлі дыбыстарды қабылдап, ажыратып, бойға сініру үдерісі) дифференциациясы байқалады.

Шінші кезең – бір сөздік деңгейде қарым-қатынасқа тұсу. Осы бастан баланың сөйлеу тілінің нақты дамуы басталады, сөйлеу тілін қабылдаудың да, сөйлеуінде де сапалы өзгерістер байқалады. Балада айтылған сөздің ұзақтылығын байқай алатын мүмкіндік туады. Моторлы және сенсорлы сөйлеу тіл арасында алғашқы рет өзара байланысы пайда болады.

Төртінші кезең – екі сөздік деңгейде қарым-қатынасқа тұсу. Бұл синтаксистің дамуының бастауыш кезеңі.

Бесінші кезең – сөйлеу тілінің грамматикалық категорияларын менгеру[71].

Қазіргі танда зерттеушілер сөйлеу тілінің дамуын кезеңдерге бөліп, әртүрлі пікірлерді ұсынған. Мысалы, А.Н.Гвоздев бірнеше кезеңге бөлсе, Г.Л.Розенгард-Пупко екі деңгейге бөледі (дайындық кезеңі және өз бетімен сөйлеу кезеңі).

Сөйлеу тілі шыққанга дейінгі кезеңнің сипаттамасы

Баланың сөйлеу тілі туа біткен үдеріс емес екенін қөптеген авторлар дәлелдеген. Ол онтогенез барысында адамның әлеуметтік дамуымен байланысты болып келеді. Сөйлеу тілінің дамуы ми орталықтарының және оларды жалғайтын арналарының қалпына, баланың ой-өрісі мен дене дамуына байланысты болады.

Баланың сөйлеу тілінің дамуы екі негізгі кезеңге бөлінеді: сөйлеу тілі шыққанға дейінгі (баланың туылған кезінен бір жасқа дейін) және сөйлеу тілі шыққан кезең (бір жастан кейін). Сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезеңді дайындық кезеңі деп атайды. Өйткені бұл кезде сөйлеу тілін менгеруге дайындық жүреді. Баланың туылған кезінен бастап дауыс реакциялары пайда болады. Олар айқай және жылау. Бірақ бұлар әлі де адамның сөйлеу тілінің дыбыстарынан бөлек. Сонда айқай да, жылау да сөйлеу аппаратының үш бөлігінің (тыныс алу, дауыс шығару, артикуляция) әртүрлі құмылдарының дамуына әсерін тигізеді. Екі аптадан кейін бала айналасындағы сөйлеген ересек адамның дауысына назар аударады, жылауын қояды, өзіне сөйлегенде өзінше «тыңдайды».

Бірінші айдың соңында баланы әлдилеп жұбатуға болады. Бұл кезенде бала сөйлеген адамға басын бұрып, оның артынан көзімен қарайтын болады. Онымен қоса интонацияға реакция береді, жылы және қатты сөйлегенді сезеді. Бұл кезде баланың уілдеуі әртүрлі интонациямен шығады. Уілдеу баланың еркінен тыс болады, ол өз бетімен пайда болады (рефлекторлы тұрде). Баланың 5-6 айында былдыр пайда болады. Былдыр дегеніміз – белгілі дыбыстық кешендердің, дауыссыз және дауысты дыбыстардың тіркестерінің пайда болуы. Уілдеу мен былдыр қарым-қатынас қызметтін атқармайды.

7-8 айында бала ересектердің сөйлеу тіліне еліктейді. Бала естіген дыбыс тіркестерін заттармен және олардың іс-құмылдарымен сәйкестендіреді. Бірақ бала әлі де жағдайға, дауыс

ырғағына және сөзге реакция береді.

Ал 10-11 айында сөздің өзіне реакция беретін болады (жағдайға және дауыс ырғағына сүйенбей). Бірінші жылдың аяғында балада алғашқы сөздер пайда болады. Баланың сөйлеу тілінің дамуы оның жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Сөйлеу тілі шыққан кезең өзара үш кезеңнен тұрады. Мектеп жасына дейінгі алдыңғы кезеңі бір жастан үш жасқа дейін созылады. Сөйлеу тілі оны құрайтын компоненттері бойынша дамиды: дыбыс айтуы, сөздік қоры және грамматикалық құрылышы.

Сөйлеу тілінің фонетикалық жағының дамуында баланың күнделікті еститін сөйлеу тілінің маңызы зор. Бала осы кезде тек қана дүрыс сөйлеу тілін естуі керек. Бұл кезеңде бала дыбыстарды алмастырып не шатастырып, бұзып айтады немесе мүлдем айтпайды.

Баланың алғашқы сөздері жалпылама мағынада қолданылады, бір сөзben немесе дыбыс тіркестерімен бала затты, сезімі мен өтінішін білдіреді. Мысалы, «*су*» деген «*мынау су*», «*су бер*», «*су сүйк*» дегенді білдіруі мүмкін. Баланы тек жағдаятқа қарай түсінуге болады. Сондықтан бұны жағдаяттық сөйлеу деп атайды. Мұндай сөйлеуде бала ым-ишарап және мимиканы жиі қолданады. Баланың сөздік қорының дамуы 2-3 жастың арасында белсенді болады. Белгілі авторлар баланың сөздік қорының толуы жайында әртүрлі сандық мәліметтер береді. Ең көп таралған мәліметтер мынандай: 1 жас 6 айда – 10-15 сөз; 2 жас сонында – шамамен 300 сөз; 3 жасқа қараган шағында – 1000 сөздің көлемінде, көрсетілген кезеңде балада сөйлеу тілінің грамматикалық жағы қалыптаса бастайды.

Алғашқыда бала өзінің өтініштерін бір сөзben білдіреді, содан кейін қарапайым фразалармен айтылады, мысалы: «*Ana Мина шай іш*» – *Ana, Амина шай іshedі*. Осы кезеңде балалардың ересектерді түсінүі сөйлеу қабілетіне қарағанда жоғары болады. Біздің ойымызша ең құнды ақпараттар – сөйлеу тілінің дамуы бойынша ата-аналардың өз балаларының күнделікті тұрмыстық жағдайдағы іс-әрекеттерін бақылауынан алынған нәтижелер.

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезінің ерекшеліктеріне қатысты мынадай сипаттамаларға назар аудару керек. Ерте жаста баланың алғашқы тілдік дағдыларының даму үдерісі жетіле бастайды. 2 жасында қалыпты дамып келе жатқан баланың сөздік қоры қарқынды дамып, шамамен 200-400 сөзге жетеді. Кейір балалар сөздерді дүрыс айтпайды, сөздердегі дыбыстарды басқалармен алмастырады, сөздерді бүрмалайды немесе мүлдем түсініксіз сөйлейді. Сөздік қорының қарқынды дамуы балаға әр сөздің айтылуын нақтылауға мүмкіндік бермейді. Бұл кезеңдерде қоршаған ортада тілдік қарым-қатынасқа бейім, басқа адамдардың сөйлеу тіліне назар аударуға қабілетті, ересек адамдардың сөзін есте сақтауы, сөздерді айта алуы мен дыбыс айтуға еліктеу мүмкіндігі жоғары болады.

2 жастан 3 жасқа дейінгі кезеңде бала сөздік қорын белсенді түрде толықтырады,

сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын игерумен айналысады. Бұл кезеңде сөздік қоры молаяды, қатар дыбыстарды игере бастайды және кейбір жағдайда балалар үлкен адамдарша сөйлеуді қызық көреді. Ерте онтогенезде баланың тыныс алуы, дауысының күші мен қарқыны дамиды, дыбыстарының артикуляциясы нақтыланады.

Келесі кезең – мектеп жасына дейінгі (3 жастан 7 жасқа дейін)

Сөйлеу тілінің фонетикалық жағының қалыптасуының ерекшеліктері: үш жаста «и», «ж», «иң» дыбыстары «с», «з» дыбыстарына, «иң» дыбысы «ч», «ть», кейде «т», «д» дыбыстарына алмастырылып, айтылады. Ысқырық дыбыстарды айткан кезде тісаралық, тістөніректік («т», «д»), еріндік тістік («ф», «в») сигматизм байқалады. «Р», «л» дыбыстары «й», «ль» дыбыстарына, «к», «г», «х» дыбыстары «т» немесе «д» дыбыстарына алмастырылып жатады. Ысқырық, ызың және «к», «г», «х» дыбыстары 5-6 жастағы балада қалыптасқан болуы керек. Ал артикуляциясы күрделі «р» дыбысы 7 жасқа дейін қате айтылуы мүмкін.

А.Н. Гвоздевтің айтуы бойынша 3 жастағы балада негізгі грамматикалық категориялар толық қалыптасады. 4 жастағы бала өз тілінде жай және қүрделі сөйлемдерді қолданады. 5 жастағы бала қосымша сұрақтарсыз тыңдаған әңгіменің мазмұнын өз бетімен айтып бере алады. Осы жаста баланың фонематикалық қабылдау қабілеті де дамиды: алғашқыда бала дауысты және дауыссыз дыбыстарды, кейін жұмсақ қатты дауыссыздарды, үнді, ысқырық, ызың дыбыстарды ажыраты бастайды. 4 жасында қалыпты дамыған бала ана тілінің барлық дыбыстарын ажыраты алуы керек, яғни оның фонематикалық қабылдау қабілеті толығымен дамыған болуы қажет [20].

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының дамуы үш кезеңнен тұрады:

- 1) аморфты түбір сөздерден тұратын сөйлемдер;
- 2) сөйлемнің грамматикалық құрылышын игеру;
- 3) ана тілінің морфологиялық жүйесін игеру.

Үш жасында баланың сөздік қоры жеткілікті, сөйлесу кезінде түрлі-түрлі фразаларды қолданады. 3-4 жастағы балада диалогтық сөйлеу тілі қалыптасады. Бала өздігінен ертегілер мен әңгімелерді құрастыра бастайды, ойыншықтар мен суреттерге қатысты барлық сұрақтарға жауап береді. 4-5 жастағы балалар әдеби шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, жеке әсерлерін өз сөздерімен жеткізе алады.

4-5 жастағы балалардың сөйлеу тілі ерекшеліктерін сипаттай отырып, олардың мынадай екенін атап өткен жөн: бұл кезде жас ерекшелігіне сай дыбыстарды қабылдау және айта білу қабілеті жақсарады: дауыссыз дыбыстарды жұмсартып айтуы жоқ болады; көптеген дыбыстарды айтуы дұрысталады және нақтыланады; **т** және **д** дыбыстарын шатастырмай айтатын болады. Ызың және ысқырық дыбыстардың алмасуы, яғни ызың **и**, **ж**, **ч**, **иң** дыбыстары ысқырық **с**, **з**, **иң** дыбыстарына ауысуы жоқ. Кейбір балаларда жеке дыбыстардың

айтылуы элі қалыптаспауы мүмкін, мұндай кезде бала ызың дыбыстарды жеткілікті деңгейде анық айтпайды. Осы жаста барлық балаларда *л*, *р* дыбыстарын анық айту қалыптаспаған.

4 жасында балалардың белсенді және енжар сөздік қорының көбейіү белсенді болады. Бала өзі көп сөйлейді, қысқа өлеңдер, әнгімелер, ертегілерді тыңдағанды ұнатады, оларды есте сақтайды және айтып бере алады. Осы жастағы балаларда ұзақ сөздер мен бейтаныс сөздердің айтылуында бұзып айту кездеседі. Сөздегі дыбыстардың орнын ауыстырып айту, дауыссыз дыбыстарды біріктіру кезінде оларды өткізіп жіберу, дауыссыз дыбыстар қатар келгенде бір дауыссызды тастап кетуі кездеседі.

5 жасында баланың белсенді сөздік қоры 1900-2000 сөзге жетеді. Балалардың сөйлеуінде қысқарту азаяды, дыбыстардың орнын ауыстыру, дыбысты тастап кету кемшіліктері жойылады, өзара ұқсас сөздер пайда болады. Балалар бірнеше сөзден тұратын қысқа фразалармен сөйлейді (көбінесе 3-4). Бірте-бірте фраза күрделене түседі. Осы жастағы балаларда фразалық сөйлеу тіліндегі бірқатар кемшіліктерін атап өтуге болады: Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібінің бұзылуы кездеседі, сөздерді үйлестірудегі қателер 4-5 жастағы балалар күрделі және кең таралған сөз тіркестерін қолданады. Байланыстырып сөйлеу тілі байқала бастайды, үйлесімді және дәйекті болады.

5-6 жастағы балалар басқа балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері және сөйлеу тіліндегі кейбір кемшіліктерін байқай алады. Бұл кезеңде балалар әдетте ана тіліне тән барлық дыбыстарды дұрыс қабылдап, айтуға дайын. Дыбыс айтуда аздаған кемшіліктер кездеседі. Балалардың сөйлеу тілінде дыбыстарды ауыстырумен қатар күрделі фонетикалық құрылымы бар сөздерде қалыптасқан дыбыстарды тұрақсыз қолдану байқалады. Дұрыс сөйлеу ережесіне сай қандайда бір кемшіліктер болмаған жағдайда, 6-7 жастағы балалар ана тілінің барлық дыбыстарын игеріп, оларды сөйлеу кезінде дұрыс қолдана алады.

5-6 жастағы баланың сез қоры 2500-3000 сөзге дейін артады. Белсенді сөздік қорында жалпылама сөздер пайда болады, балалар қоршаған ортада әртүрлі құбылыстартарды дұрыс атай алады. Сөздерді қолдану барысында оларды айта алуы жақсарады. Алты жаста баланың сөйлеу тілінде буындар мен дыбыстардың ауысуы бойынша кемшіліктер болмайды. Бұл жастағы балаларға тән ерекшелік – кейбір дыбыстық құрамы қын, таныс емес сөздерді бұзып айтуы (мысалы, экскаватор) болады.

6-7 жастағы баланың сөздік қорында сөздер шамамен 3000-3500 дейін жетеді. Сөздік қорының көптігіне қарамастан оларды қолдануы бірқатар ерекшеліктермен сипатталады: белсенді және енжар сөздік қоры арасындағы айырмашылық, сөздерді дұрыс қолданбау.

5-6 жастағы балалар қарапайым сөйлемдерді құрастыра алумен қатар күрделі сөйлемдерді де құрастырады. Фразаны жасау кезінде бала сөйлеу тілінің барлық негізгі бөліктерін қолданады. 6-7 жастағы бала сөздердің өзгеруі және олардың сөйлемдерге

қосылуының негізгі зандылықтарын үйренеді. 5-6 жастағы бала ертегілерді, қысқа әңгімелерді қайталай алады, сурет бойынша әңгіме құрастырады. Сондай-ақ 6-7 жастағы баланың диалогтық сөйлеуі жақсы дамыған және монологтық сөйлеуі қалыптаса бастайды. Бала өз қателіктеріне сынни көзқараспен қарайды, тұжырымның дәлдігі мен дұрыстығына ұмтылады. Сөйлеу тілінде күрделі сөйлемдерді қолданады.

Осылайша мектепке дейінгі шақта бала сөздердің дұрыс дыбысталуын игереді және оны дұрыс әрі нақты айтады, сөздік қоры дамыған, грамматикалық түрғыдан жетілдірілген: яғни әртүрлі сөйлемдерді құрастыра алатын, сөздердің өзгеруі бойынша көптік жалғауының жалғануы, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларының қолдану реттілігі бар, естістіктердің дұрыс жасалу формасын менгерген; диалогтық және монологтық сөйлеу тілін еркін қолдана алады; болған оқиғалар туралы баяндайды; ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталайды; айналадағы заттарды сипаттап, сурет бойынша айта алады; қоршаған орта туралы түсінігі қалыптасқан және мектеп бағдарламасын сәтті игеруге дайын болады.

Мектеп жасындағы кезең (7-17 жас)

Бұл кезеңде баланың сөйлеу тілінің дамуының ерекшелігі – сөйлеу тілін саналық түрде игеруі. Балалар дыбыстық талдау мен грамматикалық ережелерді толығынан менгереді. Сөйлеу тілінің жана түрі – жазбаша сөйлеу тіліне бастаушы рөл беріледі. Мектеп жасында баланың сөйлеу тілінің қайта құрылудың байқалады, яғни ана тілінің дыбыстарын қабылдап, ажыратудан бастап сөйлеу тілінің барлық құралдарын саналы түрде қолдануы бар.

Әрине әр кезең келесі кезеңге біртіндеп ауысады. Баланың сөйлеу тілінің дамуы қалыпты және уақытында өту үшін оған жағымды жағдай болу керек: баланың соматикалық және психикалық денсаулығы мықты болуы; ойлау қабілеті қалыпты; тілдік ортасы дұрыс болуы керек.

Осы Тарапуда ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу әрекетінің жас ерекшеліктеріне жалпы сипаттама берілді. Зерттеу барысында алынған балалардың ана тілін менгеруінің зандылықтары мен сөйлеу тілінің құрама компоненттерінің (ана тілінің фонетикалық жүйесі, сөздік қоры, грамматикалық құрылымы) негізделген ерекшеліктері және тәжірибе нәтижелері ерте жастан бастап алты жасқа дейін әр жас бойынша монографияның тарауларында толық берілген.

Сөйлеу тілі онтогенезінің лингвистикалық және психологиялық негіздерін талдай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- ана тілін менгерудің теориялық негіздері мәселесі бойынша жасалған ғылыми теориялық талдау көрсеткендей, қазақ тілді балалардың ана тілінің даму ерекшеліктері мен зандылықтарын зерттеудің маңыздылығы зор екендігі анықталды;
- бала тілінің сөйлеу тілі онтогенезі мәселесі лингвистика және психологиямен тығыз

байланысты;

- авторлардың көпшілігі дайындық және тілді менгеру кезеңдерін белгілейді;
- қазақ тілі білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми объектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т. Аяпова зерттеген;
- қазақ тілді баланың сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын менгерудің кейбір аспектілері тек Б.Б.Баймұратова, Г.Б. Ибатованың жұмыстарында қарастырылған.

II. АНА ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ОНТОГЕНЕЗ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1. Баланың дыбыс айтуының қалыптасуы

Балалардың дыбыстай мәдениетін берілген түсініктемелер әр еңбекте әртүрлі болғанымен, бірақ негізгі мағынасы бір. Мысалы, А. И. Максаков «Дыбыстай мәдениеті – балалардың дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздерді анық және түсінікті жеткізуі, тілдік құралдарды дұрыс пайдалану (сөйлемде дыбыс пен қарқынды өзгерте білуі, ым-ишарапы қолдана білуі), сондықтан оларда бірінші кезекте есту қабілетін дамыту болып табылады» десе, В. В. Гербова мынадай түсініктеме береді: «Дыбыстай мәдениеті – айтылып жатқан сөйлемнің дыбыстық сапасын, дыбыстай элементтерін (интонация, қарқынын) жеткізу құралдарының қимыл іс-әрекетін (ым-ишарап, көзқарас) және сөйлеу мәдениетінің элементтерін қарастырады» деп түсіндіреді [26, 30].

Д.Б. Эльконин, Ф.И. Фрадкина, Н.Х. Швачкин т.б. ғалымдардың пікірінше бала алдымен сөздер мен фразалардың ыргакты-әуенде құрылышын қабылдайды. Сөздің фонематикалық құрылышы балаға бірден байқалмайды. Сөздегі дыбыстық өзгерістер оған белгісіз. Зерттеушілер «4-5 айында бала сөздің айтылу әуенін, 6-12 ай аралығында ыргағын, бір жастан соң ғана дыбыстық құрамын» байқайды деп тұжырым жасаған[37,72,73].

Тілдің дыбыстық мәдениеті туралы О.И. Соловьева, А.М. Бородич, А.И. Максаков пен М. Ф. Фомичевалардың еңбектерінде кеңінен айтылған [26,74,75,]. Ғалым С.Н. Карпова сәбілік шақта баланың бағдарлау-зерттеу белсенділігі тілдің дыбыстық жағында болса, балабақшаның ортағы және жоғарғы топтарында сөздердің мағыналық жағына ауады деп белгілеген [77]. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында көз жеткізген жағдай мынадай: А.Н. Гвоздев, М.Е. Хватцев, Е.И. Радина, М.М. Алексеева сияқты ғалымдардың бұл мәселені дыбыстық мәдениетке тәрбиелу әдістемесінде кеңінен қарастырған[1,25,78,79].

Дыбысты нақты айту үшін тыныс мүшелерінің дұрыс жағдайы мен қозғалысы (артикуляциясы) қажет. Кейбір балалар дыбыстарды айтуды қалыпты менгеріп, жасқа қарай орын алатын физиологиялық тіл бұзылыштарын жеңетін болса да, дыбыстарды анық айту мен дикцияны дамытуып отыру қажет. Сондықтан дыбысты айту және дикцияны дамытатын сабактарды балабақшада логопедиялық жұмыс ретінде қарастыруға болмайды. Оны сөйлеу тілі бұзылышы бар балалармен ғана емес, барлық тәрбиеленушілермен өткізу керек.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғалымдардың пікіріне келетін болсақ, ерекше концепция – Ф. де Соссюрдің тұжырымдамасы. Ғалымның пікірінше, тіл дыбыстың өзі, яғни дыбыстай әрекетінің құрамдас бөлігі. Егер тіл барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу дыбысталудың жиынтығы. Зерттеуші тіл мен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсынына

тән айырмашылықтарды анықтап, нақтылап көрсетеді [80].

Ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуы, қалыптасуы және оның ерекшеліктері туралы ақпарат пен деректер тіл мамандары ғана емес, сондай-ақ психологтар, педагогтар мен логопедтер және өзге де мамандық иелеріне өте қажет және пайдалы.

Бала тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу адам баласының сөйлеу әрекетінің дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Мамандардың пайымдауынша шыр етіп дүниеге келген әр нәресте өз дыбысымен бірге дүниеге бір сәби тілін ала келеді. Жаңа туған нәрестенің ең алғашқы дыбыстауы – жылау. Алғашқы айғай сәбидің үйреншікті, жайлы ортасын тастанап, өзіне әзірше жат дүниеге деген алғашқы қарсылығы мен қорқыныштарын білдіреді. Дүниеге жаңа келген сәбидің інгеләуі – бала тілінің алғашқы бастауы. Осы «інгә» деген сөзімен бала сыртқы дүниеге сұрақ қояды, одан белгілі бір нәрсені талап етеді, барлық әсерге «інгәләп» жауап береді. Туылғаннан аз уақыт өтісімен-ақ бала сыртқы дыбыстарды ажыратады. Осы дыбыстардың ішінен сәби адам дауысын ерекше қабылдайды екен. Психологтардың зерттеу тәжірибесіне сүйенсеқ, бала нәресте кезінің өзінде-ақ барлық әдемі дыбыстардың ішінен жақын адамдары айтқан сөздерін қалайды екен.

Уақыт өте келе сәбидің жылауында белгілі бір мән-мағына пайда болады, оған қарнының ашуы, шөлдеуі, жаялышының су не лас болуы немесе басқа да жағдайларға байланысты жайсыздануы т.с.с. себептер болады. Мұндай құбылыстар дыбыстарды түсініп, менгеруде тұа біткен қасиет, онымен қоса болашақта белгілі бір тәжірибе нәтижесінің рөлі болатындығын түсіндіреді. 2 айлық бөбек анасының дауысын бөтен дауыстардан ажыратады. Сөйлеу қызметінің пайда болуынан бұрын бөбектерде тілдің дыбыстарына еліктеу қабілеті пайда болады.

Зерттеуші С. Брунер баланың сөйлеуге дейінгі прототіл кезеңінде ана мен баланың арасындағы тілдік қатынастың «топик-коммент» құбылысы негізінде жүргізілетінін көрсетеді. Топик-коммент құбылысы дегеніміз – баланың дәне мүшелеріне қатысты жаңа қимылдары, дауыстау, былдыры және жанындағы адамның сұрағына дәне қимылдары арқылы жауап беру әрекеті. С. Брунердің айтуынша баланың тілі шыға бастағанға дейінгі кезеңде өзіне қойған анасы не өзге адамның талаптарын түсініп, соған байланысты әртүрлі қимыл мен әрекеттер жасайды [81]. Лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда бұл байланыс бірте-бірте бір жүйеге түседе бастайды.

Баланың сөйлеу тілінің дамуы белгілі бір заңдылыққа бағынатындығы баршаға мәлім. Өмір жағдайлары мен бала тәрбиесі оның дамуына жағымды әсер етуі де мүмкін, әлде керісінше тежеуі де мүмкін. Баланың сөйлеу тілі аппараты қалыптасып туғаныменен, ол бірден сөйлей алмайды, себебі ерте жаста оның жүйке жүйесінің және миындағы сөйлеу орталығының толық дамып жетілмеуі бар; ол өзінің артикуляциялық аппарат мүшелерін

пайдалану дағдысын меңгермеген; онда әзірше айтуға қажетті икем жоқ, ол ақпарат мазмұнын әлі де жинақтау қажет. Осының барлығын ескере отырып, баланың жетілуіне және дамуына барынша ықпал ету қажет.

Бала сөзді менгергенге дейін дайындық кезеңінен өтеді, ал оның сөйлеу тілінің дамуындағы маңызы зор. Өмірінің алғашқы күнінен бастап бала өзінің артикуляциялық аппаратын жаттықтыра бастайды. Бұл әлі сөйлеу тілі болып табылмайтын, тек қана рефлекторлық денгейдегі дыбыстарды белгілеу, анықтау, дыбыс шығаруға дайындық т.с.ә. Әрекеттер. Олар сөйлеу тілінің қалыптасуына әсер ететінін атап өткіміз келеді. Дыбыстарды ырықсыз айта отыра, бала оларды бір мезгілде естиді және өзінің сөйлеу аппаратын машықтандырып, ақырындан дыбыстауды үйренеді. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағының дамуында баланың күнделікті еститін сөздерінің маңызы зор. Артикуляция мүшелерінің орны мен даму жағдайы, дene мен қол-аяқтардың қымылын көрсететін кинестетикалық сезімдер де сөйлеу тілінің даму үдерісі барысында ерекше маңызды.

Зерттеушілер бала тілінің пайда болуы мен қалыптасу үдерістеріне қатысты түрлі кезеңдерді белгілейді. Белгілі ғалым А.Н. Гвоздев баланың сөйлеу тілінде фонетикалық бірліктер, түрлі сөздік бірліктер және грамматикалық категориялардың пайда болуына қарай сөйлеу тілінің даму кезеңдерін анықтап, көрсетсе [21], ал зерттеуші Г.Л. Розенгард-Пупко баланың сөйлеу тілі тұрғысынан дамуында екі кезеңді белгілейді: дайындық (2 жасқа дейін) және сөйлеу тілінің өздігінен пайда болуы [36].

Сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерінің қалыптасу тұрғысынан сөйлеу тілінің дамуында тәмендегі кезеңдер мен мерзімдер белгіленеді:

I-кезең *фонемаға дейінгі* деп аталады (туылғаннан 1 жасқа дейін). Бұл шаққа тән сипаттар: бала өзіне қарата айтылған сөздерді дыбыстауы бойынша ажыратады; нәресте үшін мағыналық мәнге сөздің ритмикалық-интонациялық құрылымы ие.

II-кезең *фонемалық сөйлеу* деп аталады, ол бір жастан кейін болады. Ол сөздің дыбыстық құрылымын қабылдау және ажыратуға негізделген. Сөйлеу тілінің қалыптасуындағы осы кезеңде тәмендегілерді ажыратады:

1-шақ: грамматикаға дейінгі грамматикалық (морфологиялық) амалдарды қолданбайтын, бір құрамды сөйлемдер кезеңі (1-2 жас).

2-шақ: сөйлемнің грамматикалық құрылымын менгеру кезеңі (2-3 жас).

3-шақ: көмекші сөздерді менгеру (3-4 жас).

4-шақ: сөздің морфологиялық құрылымын менгеру (4-5 жас).

Ерте жас – бұл сөйлеу тілінің қарқынды даму кезеңі. Ерте жастағы бала ана тілін игеру кезінде айтарлықтай табыстарға жетеді, ол тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жақтарын менгереп бастайды, жазу мен оқу дағдыларын қалыптастырады.

Баланың дауыстауы арқылы берілетін белгілердің дамуының өзіне тән ерекшелігі бар. Сәбидің дауыстаудынан туындаған тәмендегідей белгілер баланың өз ортасымен қарым-қатынасқа түсінің бірден-бір құралы екенін байқатады: баланың дауыс ырғағының тәмендеуі, яғни қасындағы адамға бірдене жасауды мақұлдатуы не талап қоюы; баланың дауыс ырғағының көтеріліп, сөздің айтылуы – қалауы не өтініші; баланың бетін тыржитып, басын шайқап айқайлауы – келіспеуі; баланың дауысының бәсендеп, мұлдем үндемей қалуы – келісіп мақұлдауы не келіспеуі де мүмкін деп Т.Т. Аяпова тұжырымдаған [15,16].

Р. Якобсон тілдік жүйенің фонетика деңгейіндегі құрылымдарының қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты бала былдырлау кезеңінде түрлі дыбыстарды шығаратынын белгілеп, ал «бірнеше сез» кезеңіне өткенде барлық дауысты және дауыссыз дыбыстар өздігінен жоқ болатынын атап өткен [82]. В. Штерн бала тіліндегі алғашқы сөздер былдырлау кезеңіне тән дыбыстық формаларға ұқсайтынын атаған [69]. Демек, сәбидің былдырынан алғашқы сөздер туындалап, олар бірнеше айға дейін сол қалпында болатыны зерттеушілер тарарапынан дәлелді түрде айтылған.

Сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңдері баланың тілі және зиятының жағдайы түрғысынан дұрыс дамуында маңызды шақтар. Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде қазақ тіліндегі қалыпты жағдайдағы сөйлеу тілінің құрылымдық бірліктерін әрекеттермен атап, тәмендегідей кезекте белгіледік: **iңгәләу – әгулеу – уілдеу – былдыр – сөздер – сез тіркестері – сөйлемдер – өзара байланысқан әңгіме.**

іңгәләу – нәресте дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап жылау кезінде дыбыстар шығаруы, өздігінен басталып, 2 айға дейін болады, әр сәбиде өз нұсқасында болатынын атап өткіміз келеді;

әгулеу – өздігінен туындағынын, баланың айналасындағылармен қатынасқа түсініне байланысты пайда болады, нәресте өз бетінше не біреуден кейін дауыссыз дыбыстар басым буындарды айтады, әдетте 2 айдан 5-7 айға дейін болады;

уілдеу – дауыссыз дыбыстармен қатар дауысты дыбыстардың «әндете» айтылу үдерісі, 4 айдан 1 жасқа дейін болады;

былдыр – түрлі дыбыстардың қосындысы, еліктеуден шыққан бастапқы сөзге ұқсас бірлік, 4 айдан бастап, кейбірде 1 жастан асқанша болуы мүмкін;

сөздер – былдырдың нәтижесінде 11-12 айда пайда болады;

сез тіркестері – 1 жас 7 айдан бастап 2 жастан асқанша екі-үш буынды сөздерден кейін пайда болатын бірліктер;

сөйлемдер – 1 жас 6 айдан бір не екі құрамды түрлері белгілі бір жағдаятқа байланысты туындағынын, 2 жасқа таман «**кім?**», «**не?**», «**қайда?**», «**неге?**», «**не үшін?**», «**қашан?**» сұрақтары пайда болғанда және оларға жауап іздеу кезінде үш және одан көп

бірліктермен сипатталады.

Біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеу, бақылау және тәжірибе жүргізу жұмыстары барысында бала өмірінің алғашқы жылында «*iңғә-ә-ә, iңғә-ә-ә*», «*a-a-a*», «*у-у-у*», «*гу-гу*», «*агә-агә*» түрінде айқай мен жылау, одан соң інгеләу, әгулеу мен уілдеу, «*ма-ма-а*», «*га-га-а-а*», «*а-та-та*», «*ап-па*», «*әй-әй*» сияқты былдыр, «*ап-ап*», «*вум-вум*», «*нә-нә*», «*ұқы*», «*уф-уф*» «*ня-ня*», «*ыңқы*», «*ауда*», «*әпе-әпе*» сияқты дыбысқа еліктеу не дыбыстар тізбегі және екпін түрғысынан түрлі аморфты сөздер мен сөзге ұқсас құрылымдар анықталды. Қысқаша шолу жасайтын болсақ, тәжірибе жұмысын жүргізу барысында бала өмірінің алғашқы жылында тәмендегідей көріністер мен мысалдар тіркеліп, белгіленді: екі айға таман сәби ата-анасының дауыстарына құлағын түреді, ақырын жылай бастайды не жылағанын қояды, аласының дауысын жақсы таниды. Үш айда таныс дауыстарға реакция жасайды, дыбыс көзін көзімен іздейді. Бала ана тіліне тән дыбыстарға еліктей отырып, әндете бастайды. Төрт айлық нәресте ересек адамның сөзіне құлақ түреді, оны көзімен іздең тауып алады, оған дыбыстау және құлумен жауап береді. Бір немесе екі буынды созып отырып әгулейді. Бес айда дауыс ырғағының түрленуіне қатысты сезімталдығы байқалады, айтып отырған дыбыстарын түрлі жағдайларға байланысты өзгерте алады. Алты айлық нәресте еліктей отырып былдырлайды, осы кезеңде ырғақты дыбыстық әуен пайда болады. 7-8 айлық сәбиге белсенді және қурделі былдырау тән, дауыс ырғағын өзгерте алады. Тоғыз айлық балада біртіндеп былдыр сөздер қурделене түседі, онымен қоса түрленеді. Былдырау барысында түрлі буындар ұйқастығы байқалып, олардың мәнерлігі өзгереді, мысалға «*мә-мә-ме*», «*тә-тә-та*». 10-11 айда былдыр сөздермен қатар еліктеу сөздері пайда болады, сонымен қоса қысқартылған сөздер жиі қолданылады. Ал бір жасқа таман бала сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс келтіреді. Бала өмірінің бірінші жылында ана тіліндегі құрылымдардың екпіні мен дауыс ырғағына сезімталдық байқатып, мысалдарды тез қабылдап, былдырдан сөздер қатарына өтеді. Ерте жастағы баланың өмірінің алғашқы жылындағы сәбидің өзі және сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері туралы толыққанды ақпарат берілді (Қосымша 1).

Дыбыстарды онтогенезде менгеру занұлықтарына тоқталатын болсақ, фонетикалық бірліктер ана тілінің фонологиялық ерекшеліктеріне байланысты баланың сейлеу тілінің дамуы барысында белгілі бір ретпен туындаиды. Бұған дейін ғалымдар мен зерттеушілер белгілеген фонемалардың топтарын белгілеу әдістерін негізге ала отыра, осы бірліктер ерте және мектеп жасына дейінгі балаларда мынадай реттілікте пайда болатынын атаған жөн: басында дауысты дыбыстардан *a, o, у, e, и* туындаса, одан кейін басқа топтары қалыптасады; ал дауыссыздардан ерін (билибияль) фонемалары: *n, б, м, (у)*; тіс (денталь) фонемалары: *m, c, з, d, ү*; тіл ортасы (преналаталь) фонемалары: *k, г*; тіл арты (веляр) фонемалары: *к, ә, и, х*; тіл алды (палаталь) фонемалары: *p, ш, ж, й* пайда болады. Шұғыл дауыссыздар (*б, н, д, м, и, г, к*,

қ, ң) ызын дауыссыздардан (**ө, ф, з, с, ж, и, ү, ә, х, һ**) бұрын пайда болады.

Ерте жастағы қазақ тілді балалардың дамуы мен сөйлеу тілінің алғышарттарының пайда болуына қатысты бақылау жүргізу және тәжірибе жұмысының негізінде ата-аналардың күнделікті қағаз бетіне түсіріп отырған жазбаларына қарап, танысу барысында өмірін алғашқы айларында нәресте белгілі бір дыбыстарды өз еркінен тыс, айқай мен іңгеләу, әгулеу мен уілдеу барысында шыгарғанын байқадық. Ал 2-4 айлық сәбиде дыбыстау мәнерінде өзгерістер болғанын, ерні және тілінің көмегімен туындайтын дыбыстарды көбірек айтЫП, осы әрекетіне қызығушылығы бар екенін атап өткіміз келеді. Зерттеу мен тәжірибе жұмыстарының барысында ему сияқты қалыптасқан шартсыз рефлекске байланысты айтуға жеңіл дыбыстардың арасында еріндік (**о, ө, у**) мен езулік дауыстылар (**а, ә, і**) және ерін дауыссыздары (**б, н, м, ү**) оңай түрде дыбысталатыны анықталды. Онымен қоса баланың үнемі шалқасынан жатуына байланысты тіл арты дауыссыздары (**қ, ә, ң, ҳ**) мен көмей дауыссызы (**һ**) жиі қолданыста болады.

Ал енді өмірінің екінші жарты жылдығында былдырлау кезінде нақты дыбыстар пайда болатынын атап өткеніміз жөн. Өзіміз жүргізген тәжірибе жұмысы барысында олардың арасында **а, ә** дауысты дыбыстары, **н, ү, ө, ң, қ, һ** дауыссыздарын белгіледік. Мысалға, Алмас (8 ай 12 күн) әкесі есіктен кіргенде жамбасымен жылжып «*an-an-an*» деп дауыстап, қуанады; Қуаныш (9 ай 4 күн) ойыншықтарды лақтырғанда «*әта-әта-әта*» деген дыбыстар қатарын шығарады; Жансая (9 ай 15 күн) «*тә-тә*» деп кез келген өзінен үлкен қызды, «*мә-ми*» деп емізікті атайды; Айдана (10 ай 11 күн) анық түрде «*ата, ана, әна, пана, тата*» деген сөздерді айтады.

11-12 айға толғанда сәби артикуляциялық түрғыдан қарапайым **а, ә, у, ү** дауыстылары және **м, ң, ә, ң, ә, ң, ә, ң** дауыссыздарының көпшілігін атайды. Барлық бала жоғарыда тізбектеген фонемаларды бірдей атап, нақты айтатынын белгілей алмасақ та, дегенмен бақылау мен тәжірибе жұмыстары барысында осындаі тұжырымға келдік. Атап отырған дыбыстардың айтылу сапасы мен нақтылығы әр баланың артикуляциялық аппарат мүшелерінің даму жағдайы, қоршаған орта ерекшеліктері мен айналасындағы адамдардың баламен қарым-қатынасқа түсүі, оны ынталандыруы және өзінше «сөйлесу» жағдаятына байланысты екенін де атау керек. Оған мысал ретінде төмендегідей баланың сөйлеу тілі ерекшеліктерін бере аламыз: Мирас (11 ай 20 күн) құс не тауықты көргенде «*ко-ко-ко*» десе, секіргенде «*aup-aup*» дейді; Аружан (1 жас 4 күн) анық айтатын сөздері «*ана, ата, нан, доп, ат, ит, мяма, пяна, аи, жап*» болса; қалған сөздерді анық айтпайды: «папа, тұр – *пяна тұ*; мама, ал – *мама ай*; ата, отыр – *ата от*; апа, бер – *ана бе*; далаға шығамыз – *даа сыда*; ойнаймыз – *онана*; тамақ жейміз – *зенене*; кел – *кей*; *уф-уф-уф* (үстін бүлдірді дегені); *ұқ-қаа* не *ұқы-ұқы* (ұйықтау дегені); *тә-тә-тә* (саусағын шошайтып ескерту)».

Өмірінің екінші жылында сәби *a, ə, o, θ, e* сияқты ашық дауыстылар мен *i, ы, i, y, ұ, Ү* қысаң дауыстыларды нақты айттып, қолданысқа енгізеді. Дыбыстарды айтуы дүрысталғанда бастайды. Әзірше ызың дауыссыздар мен үнді *l, r* қолданыста жоқ. Осы жас кезеңіндегі балалардың сөйлеу тілінен мысалдар мынадай болуда: Балайым (1 жас 3 ай) «*киініп болдым – киин боды;* тамақ жедім – *тамап зедім;* далаға ойнадым – *данана ойнадым;* биледім – *бидедім;* д опты лақтырдым – *топ нақтыдын;* көшеге шық – *көсене сым;* балық – *баип;* көрпе – *көне;* құыршақ – *куашақ;* терезе – *тевезе;* қайда? – *тайда?*». Мирас (1 жас 4 ай 14 күн) «далаға шығамыз – *дайа шаададымыз;* «шаршадың ба?» сұрағына – *шайшадым;* «тамақ іштің бе?» сұрағына – *тамат істим;* «сүт ішесің бе?» сұрағына – *ут ісем;* папаны шақыртапсырмасына – *пана, жүй;* *медікі* (менікі); *әтемә* (әдемі); *ұқыұқы*(ұйықтаймыз); қафық (*қасық*). Кәусар (1 жас 4 ай 20 күн) «мама кәмпіт берді – *мама капип бейді;* допты ал – *дон аи;* велосипед – *бенеситен;* телефон – *телефон;* ешкі – *ески;* мысықты қу – *мытықи қу;* автобус – *аутобус;* Ерғазы (1 жас 5 ай) ана жақта, алыста – *әу;* мультфильм – *мотопи;* Төренұр (1 жас 7 ай 10 күн) сиыр – *си;* мысық – *мытық;* тәрелке – *тәлеле.*

Жоғарыдағы ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін менгеру ерекшеліктері бойынша мәліметтер жүргізіп отырған тәжірибе жұмысы мен бақылау әдісі негізінде анықталды, онымен қоса *a*, *o*, *y*, *u*, *m*, *n*, *b*, *d*, *h*, *k*, *g*, *x*, *c*, зсияқтыерте онтогенез дыбыстары екі жасқа дейін пайда болып, қалыптасқаны белгіленді.

Н.М. Щелованов, Н.М. Аксарина, Н.Л. Фигурин және басқа да ғалымдар сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны баланың элеуметтік тәртібінің түрі болып табылатын «жандану кешенінің» құрамына енгізеді [83,84,85]. Вокализацияның көмегімен өз ынтасымен ересек адамдардың зейінін өзіне аударады, дыбыстардың көмегімен ересек адамдарды жанында ұстап тұруға тырысады, олардың көмегімен өзіне жайлы екенін немесе жайсыздықты сезінуін хабарлайтынын атап өткіміз келеді.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін зерттеу, сырттай бақылау және қазақ тілді отбасылар мен балабақшаларда тәжірибе жұмысын жүргізу барысында мынадай қорытындыларға келдік: сәбидің ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасы баланың жалпы психикалық дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Бала ересек адаммен қатынаста ғана адам баласының заттың қоғамдық-тариҳи тәжіриbesін менгере алады. Бала дүниеге келген кезінен бастап-ақ дыбыстарға құлақ салады, аласы мен әкесінің еріндерінің қозғалысын бақылайды, таныс дауыстарды тани бастайды да оларды қолданысқа енгізеді. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап сөйлеу тілінің дыбыстарын өздеріне сіңіреді, барлық дыбыстардың қалыптасуына өзінше еңбектенеді, сөздерді менгереді және қатысым әрекетіне байланысты тәжірибе жинақтайды. Өмірінің алғашқы екі жылы баланың сөйлеу тілінің дамуының шешуші кезеңі болып табылады, балалар бұл кезеңде үй

жағдайында тәрбиеленгендіктен мол тәжірибе жинақтап, сөйлеу дағдысын дамытып, сөйлеуге машиқтанады. Бала осы кезеңде кейіннен белсенді түрде пайдалана бастайтын өзінің сөздігін дамыта бастайды.

Бала өмірінің екінші жылы елеулі өзгерістер кезеңі болып табылады. Ересектермен қарым-қатынас орнату түрлері жетіледі. Бала ересек тұлғалардың сөзін түсінеді, тыйым салу, өтініш пен тапсырысқа дұрыс жауап береді.

Дыбыс айтудағы ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ 2 жастағы балаларда дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту дағдылары бекіді, фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасады. Осы кезеңде балалардың сөздеріне кеш онтогенез дыбыстары енеді: *и, ж, ч, иш, с, з, р, л* сияқты ызын дыбыстарды айта алмаған балалар осы дыбыстарды дұрыс айту тәжірибесіне ие болады. Баланың қалыпты дамуында дыбыстарды қалыпты айтуды толықтай менгеру мерзімі әртүрлі: кейбіреулер 4 жасқа дейін дыбыстарды қалыпты айта алмаса, кей жағдайларда 3 жас 6 айда қалыпты дыбыс айтуды менгеретін балалар да бар. *P* («ара») дыбысын *л* дыбысына («ала») *қара-қала, қора-қола, бар-бал* ауыстыру және *л* («лак») дыбысын *жұмсақ л'* («льак») ауыстырып айтуы сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы деп саналмайды. Егер дыбыстар *й* дыбысына алмастырылса («қол» – «қой», «лак» – «йақ», «тырна» – «тына», «orman» – «оман»), онда осы топ дыбыстарының артта қалуы туралы айтуга болады.

Ызың және ысқырық дыбыстарды 4 жастағы балалар жете ажыратада алмайтын жағдайлары кездеседі; *c – иш, з – ж, c' – иш* дыбыстарын шатастыру байқалуы мүмкін. Ысқырық дыбысты қажет ететін сөздерде ызың дыбыс айтылуы мүмкін («шана» – «сана», «жас» – «зас», «шар» -»сал», «аша»-»аса»). Мұндай құбылыс гипертүзеу деп аталады және фонематикалық естудің жетілмегенін білдіреді. Балаларды шатастыратын екі дыбысты біреудің айтқанын кейін өзінің айтқанын естіп, ажыратуға үйретуге болады. Көп буыннан құралған және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді дұрыс айтуга мүмкіндік туғызу мақсатында артикуляция мүшелерінің қызметі жетіледі. Алайда күрделі сөздерді (бірнеше буыннан құралған немесе дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда) айтқанда да қателер кездеседі, мысалы балалар, қалампыр, қызғалдақ, орамал, тасбақа, қырыққабак, құлақшын, құрылыштың сөздерін *балалал, қаямпый, қызадақ, омарал, омалал, ташабқа, ташбага, қырыбқабаб, қуакшын, құвымысшы* деп атайды.

Осы кезеңде балалар өз құрбыларына кезек бермей бар дауысымен айқайладап белгілі жағдайларды баяндап айтуда бейім, ұл балаларға қараганда қызы балалардың арасында осындай жағдайлар жиі кездеседі. Бұл жаста сөйлеу кезінде баланың тыныс алуы ұзарады, бір дем шығару кезінде бала шағын фразаны немесе 4 дыбыстан тұратын мынадай баяу тізбекті айта аллады: *a – y – u – o, ə – y – i – ə – ұ*.

Осы кезде балалардың сөйлеу-есту қабілеті жетіледі. Олар бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді (*mac – bas, қас – қаш, қал-қар, қаш-қас, шаң-сан*) ажыратады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндітерінен озады, балалар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмайды, басқа баланың айтуындағы қатені байқап, өзінің қате айтуын біле бастайды, ересектің басқаруымен өз қатесін түзете алады.

Екі-төрт жастағы балалардың көшілігінде сөйлеу тілінде дыбыстар жалпы жұмсақтықпен, көптеген дыбыстардың анық емес немесе дұрыс айтылмауымен, айту үшін құрделі дыбыстарды неғұрлым жеңіл айтылатын дыбыстармен ауыстырумен сипатталады. Көптеген балалар қатаң ысқырық дыбыстарды (з, с) – жұмсақ (з, с), ызың (ж, ш, ч, ү) – ысқырық (з, с) дыбыстарға алмастырады не керісінше болады: «*mac à*» – «*маса*», «*кес è*», «*кесъее*» – «*кесе*», «*c àу бо*» – «*саяу бол*», «*масина*» – «*машина*», «*беш*» – «*бес*», «*зат*» – «*жат*»; сонымен қоса [р] және [л]/[л']-ге алмастырылады. Көптеген балалар осы дыбыстарды [й] дыбысымен алмастырып айтады: «*шайк*», «*қияй*», «*бей*». Екі-төрт жасар балалардың дыбыс айтуын зерттеу мәліметтері жинақталып, саралау нәтижесінде арнайы кесте толтырылып берілді (Қосымша 2).

Артикуляциялық аппараттың қозғалысы (тілдің бұлшық еті, ерні, төменгі жақ) айтарлықтай жоғарылайды, бірақ дыбыстардың айтылуы әлі де нормадан алыс. Артикуляциялық қындықтар дыбыстарды менгеруді тежейді.

Фонематикалық қабылдауы жеткілікті дамыған балалар өз сөзінде дыбыстың дұрыс нұсқасына ұқсастырып айтуға тырысады: «*тогай*» – «*торгай*», «*пойз*» – «*пойыз*».

Бұл жаста балалар дауысты *a, у, и, о* дыбыстарды дұрыс және анық айтады. Кейбір балалар *ы, э, е, і, ө, ү* дыбыстарын алмастырып, дауыссыз *x, қ* дыбыстарын *к, ә* дыбысын *г* дыбысына әлі де алмастырады немесе анық айта алмайды: «*мине*» – «*міні*», «*ики*» – «*екі*», «*том*» – «*төрт*», «*оста*» – «*ұста*», «*куак*» – «*құлак*», «*кут*» – «*құрт*», «*сагак*» – «*сагат*», «*тосек*» – «*төсек*». Онымен қатар *ү* жоқ және *m'* немесе *c'* дыбысымен ауыстырылады. Алайда жыл сонында бұл дыбыс кейбір балаларда пайда болады және дұрыс айтылады.

2 жас 6 ай – 4 жастағы балалардың дыбыс шығаруына ерекшеліктер тән. Бұл кезде «дыбыстарды менгеру кезеңі» (А.Н. Гвоздев) дыбыстарды дұрыс айтумен қатар олардың бүрмалануы, тастап кетуі, ауыстырылуы, жұмсартып айтуы байқалады [1].

Бұл жастағы балалардың дем шығаруы қысқа (1,5-2 секунд), қатты сөйлемейді. Балалардың көшілігі ересектердің құбылтып сөйлеген интонацияларын қайталай алу қабілетіне ие болады. Алайда баланың дауыс аппараты әлі де жеткіліксіз дамыған. Балалар үнемі өзінің дауыс аппаратын дұрыс пайдалана алмайды, қажет болған жағдайда сыйырлап сөйлей алмайды, кейде ересектердің сөйлеуіне назар аудармайды, не айтып тұрганына көніл бөлмеу кездеседі.

Екі жастағы балалардың дыбыс айтуына тән ерекшеліктер төмендегідей: ***n, ө, м, ф, в, т, ө, н, к, қ, ғ, ә, х*** дыбыстарын менгереді. Бала әдетте ызың ***c, з, ү, и, ж, ч, үү*** және үнді «***r***» дауыссыз дыбысын тастап кетеді немесе оны «***й***» немесе «***л***» дыбыстарымен ауыстырып айтады; ***и, ж*** ызың дыбыстарын айтқанда да бірқатар киындықтар кездеседі, оларды көп жағдайда ***c, з*** ауыстырады, ал ***c, з*** ызың дауыссыз дыбыстарды кейбір жағдайда ***т, ө*** деп дыбыстайды. ***T*** немесе ***c*** дыбыстарын көбіне ***ч*** және ***ү*** деп ауыстырады. «***K***» дыбысы ***х*** дыбысымен, ал ***қ*** дыбысы ***ғ*** дыбысымен ауысып айту жағдайлары орын алады.

Үш жастағы балалардың дыбыс айтуына тән ерекшеліктер: дыбыстарды дұрыс айтуы толықтай бекітілмеген, бірақ машықтандырылған. Көптеген дауыссыз дыбыстар әлі де болса жұмсақ айтылады. Эсіресе, ***p, л*** дыбыстарын айтуда балаларда киыншылықтар кездеседі. Бала сөйлеу тілінде қын дыбыстарды басқа дыбыспен ауыстыру және тастап кету, олардың орнын ауыстыру байқалады. ***Ш, ж, ү, ч, л***, дыбыстарын айтады. Бұл жастағы балалар сөз құрамындағы дыбыстардың дұрыс айтылмауын байқайды. Түзетіп айтуға тырысып бірнеше рет қайталап айтуы немесе сөздерді буынға бөліп түсіндіруге уақыт бөледі. Ересек адамдармен еркін диалогтық қатынас орнатып, ертегінің сюжеті бойынша әр түрлі кейіпкерлердің дауысын сала алады. Өзімен өзі сөйлеседі, өзінің іс-әрекеттерін түсіндіре алуға қабілетті.

Төрт жастағы балалардың дыбыс айтуына тән ерекшеліктер: жеке дыбыстарды, айту кезінде сөз бер фразаларды айту кезіндегі дыбыстауында көптеген өзгерістер пайда болады. Мәселен, бұған дейінгі фонетикалық бірліктерге қосымша менгерілуі қын ***n, ө, т, ө, ф, в, к, ғ, с, з, ү, м, һ, ы, ә, х, и, ж, үү, ч, л, р*** дыбыстарын дұрыс айта алады. Демек, онтогенездің соңғы кезеңіне тән осындағы дыбыстарды айту арқылы бала нормаға жақындалап, артикуляциялық базасының толыққанды әрекетке дайындығын танытады.

Екі-төрт жастағы балалардың дыбыс айтуын зерттеу барысында балаларда төмендегідей ерекшеліктер анықталды: көп қолданылатын сөздерден дыбыстардың сөз басы ортасы және аяғында қолдануы мен дыбыстарды ажырату қабілеті анықталды. Мысалы: ***бас/баа/баш/баст/башы/;*** ***көз/көө/көзжі/қөз/;*** ***қол/қолі/голы/;*** ***аяқ/аик/аяяғы/;*** ***құлақ/құғаг/құағсы/;*** ***мұрын/мұұн/муиын/;*** ***алма/авыма/абмә/ама;*** ***банан/бәнән/банаән/баан/баңан.*** Дыбыс айтудағы бұзылыс түрлері сөздің басы, ортасы және соңында кездесетінін бақылау қын емес.

Сонымен қатар 3 жас 6 ай балаларда дыбысты мұлдем айтпау болады: ***сиыр-иыр, ғул-ул, тамақ-амақ, қорап-қоап, тарақ-таақ, жаңғақ-жаңақ, қармақ-қамақ, күрек-күре, саусақ-сауса*** мысалдары, дыбысты бұзып айтуының келесі түрлері: ***азық-газғық, қозы-огызы,*** ***қазан-қағызан, дәрумен-дәреен, ашиқ-агишиқ, көбелек-өгбелек*** дыбысты тұрақты алмастыру: ***балық-палық, сақина-сатина, машина-матина, дәрі-дәрп.*** Дыбысты

шатастыру: *ага-ақа, сұық-туық, қонақ-тонақ, коңыз-қодыз, арық-арыг, қару-қағу, қуыршақ-қуыршағұ, қамыс-қамыш* деп шатастыру түрлерін анықталды. Мұндай бұзылыстар басқа балалардың дыбыстаудағы қателіктерін байқауға бөгет жасамайды. Көрсетілген мысал балалардың дыбыстарды дұрыс айтуының алғышарты болып саналады. Аталған жастағы балалар менгеру қын болатын *ы, э, х* дыбыстарын дұрыс айта бастайды, бірақ көптеген балалар ызың дыбыстарды қатаң, ызың дыбыстармен ауыстырады, мысалы, шал сөзінің орнына «сал» деп айтады.

Төрт жастағы балаларда сөйлеу тілінің дыбысталуындағы айырмашылықтар айқын байқалады: бір балаларда сөйлеу тілі таза, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, ал басқалары көптеген дыбыстарды қате айтады.

Екі-үш жастағы балалардың дыбыстық мәдениетінде:

2 жас - 2жас 6 айда

- тілдегі дыбыстар мен сөздерді анық айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;

2жас бай - 3 жаста

- түрлі дауыс жоғарлылығы, қарқыны және интонациясымен дыбыстарға еліктеу сөздерді айта алады;

- сөйлеу тілінің екпіні мен ыргағына сәйкес сөйлей алады;

- сөз тіркесі мен сөйлемдерде сөздер мен дыбыстарды айта алады;

Үш-төрт жастағы балалардың дыбыстық мәдениетінде:

- сөздерде дауысты дыбыстарды дұрыс айта алады, кейбір жұп дауыссыз дыбыстарды анық айта алмауы кездеседі (*п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-и*);

- дыбыстардың артикуляциясы нақты қалыптасқан;

- артикуляциялық аппаратын әлі де дамыту қажет;

- дұрыс сөйлей алу қарқынына ие;

Дыбыстық сөйлеу мәдениеті – кең тарапты түсінік, ол тілдің фонетикалық және орфоэпиялық жақтан икемділігін, сөйлеу мәнері мен анық дикцияны қамтиды. Дыбыстық сөйлеу ұғымдарына дикция, сөйлеу, интонация, екпін, сонымен бірге қарым – қатынас мәдениеті элементтері жатады.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар кейбір дыбыстарды қате дыбыстайды, олардың сөзінде әсіресе үнді дыбыстардың анық айтылмауы жиі кездеседі. Кейде баланың шапшаң сөйлеуіне байланысты жеке дыбыс не тұтас буын түсіп қалып жатады, кейбір бала дыбыстарды жұтып қойып сөйлейді. Бұлай сөйлеудің себебі сөйлеу аппаратының дамымағанымен анықталады. Сөйлеу мәдениетінің жетіспеушілігінен бала үндемейтін болады, білуге құштарлығы төмендейді. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ерте жастан

бастап баланың дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру керек. Дыбыстық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу жұмыстары баламен сөйлескен сэттерде оны ренжітпейтіндегі етіп жұмсақ дауыспен ескертулер жасау, ересектердің дыбыстарды дұрыс айтудына еліктеу, дауыс екпіні, қарқыны мен интонациясын реттейтін жаттыгулар жүргізуді ұсынады.

Екі жастағы балалардың дыбыс айтуды бойынша:

1. *n, ө, м, ф, в, т, д, н, к, қ, ғ, ә, х* дыбыстарын менгереді. Алайда ызың *c, з, ү, и, үш, ч, үш* және үнді «*r*» дауыссыз дыбысын тастан кетуі немесе оны «*й*» немесе «*л*» дыбыстарымен ауыстыру орын алады;

2. «*Ш*», «*же*» ызың дыбыстарды айтқанда «*c*», «*з*» ауыстырып айтуды, ал «*c*», «*з*» ызың дауыссыз дыбыстарды кейбір жағдайда «*т*», «*д*» деп дыбыстайды. «*T*» немесе «*c*» дыбыстарын көбіне «*ч*» және «*ц*» деп ауыстырады. *K* дыбысы *x* дыбысымен, ал «*қ*» дыбысы «*ә*» дыбысымен ауыстырады;

2 жастағы балаларда дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуда дағдылары бекіп, фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасады;

2,6- 4 жасқа дейін балаларда «дыбыстарды игеру кезеңі» орын алады.

3. Айтуда қын саналатын *үш, же, ч, үш, с, з, р, л* дыбыстарын дұрыс айтуда белсенді тәжірибеге ие болады;

4. «Кеш шығатын» дыбыстарды менгереп бастайды;

5. Дыбыс айтудына қатысты: дыбыстарды мұлде айтпау, бұзып айтуды, тұрақты алмастыру, шатастыру немесе жұмсартып айтуды байқалады;

Үш жастағы балалардың дыбыс айтуды бойынша:

1. Түрлі дауыс жоғарлылығымен, қарқынымен, интонациясымен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айта алады;

2. Сөйлеу тілінің екпіні мен ырғағына сәйкес сөйлей алады;

3. Сөз тіркесі мен сөйлемдерде сөздер мен дыбыстарды айта алады;

4. Дыбыстарды дұрыс айтуды толықтай бекітілмеген, бірақ машиқтандырылған. Көптеген дауыссыз дыбыстарды әлі де болса жұмсақ айтуда кездеседі. *P, Л* дыбыстарын айтуда қыншылықтар кездеседі. Бала сөйлеу тілінде қын дыбыстарды басқа дыбыспен ауыстыру және тастан кету, олардың орнын ауыстыру байқалады. *Ш, же, үш, ч, л, р* дыбыстарын айтады.

5. Сөз құрамындағы дыбыстарды дұрыс айтудауын байқайтын болады. Түзетіп айтуда, бірнеше рет қайталап айтуда немесе сөздерді буынға бөліп түсіндіруге уақыт бөледі.

3 жас 6 ай балаларда дыбысты мұлдем айтпау, дыбысты тұрақты алмастыру мен шатастыру кездеседі. Бірақ бұл бұзылыстар басқа балалардың дыбыстаудағы қателіктерін байқауға бөгет жасамайды. Ересек адамдар балалармен сөйлескенде дыбыстарды дұрыс айтуда тырысуы керек. Бұл балалардың дыбыстарды дұрыс айтудының алғы шарты болып

саналады.

6. Ересек адамдармен еркін диалогтық қатынас орнатып, ертегінің сюжеті бойынша әр түрлі кейіпкерлердің дауысын сала алады.

7. Өзімен өзі сөйлеседі, өзінің іс-әрекеттерін түсіндіре алуға қабілетті.

Төрт жастағы балаларда:

1. 4 жастағы балалар ызың және ысқырық дыбыстары шатастырады, сөзде ысқырық дыбыстың орнына ызың дыбыстарды қолданады. Осы кезде «гипертүзеу» құбылысы орын алады және фонематикалық естуі өлі де жетілдіруді қажет етеді;

2. Бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді ажырата алады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндіктерінен озады, олар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмай, оны басқаның сөйлеуінде естиді, басқа баланың айтуындағы қатені байқайды;

3. Бірнеше буыннан құралған, дауыссыз дыбыстар қатар келген күрделі сөздерді айтуда қателіктер орын алады. Сөйлеу кезінде тыныс алуы ұзарып, дем шығару кезінде шағын фразаны немесе 4 дыбыстан тұратын баяу тізбекті айта алу қабілетіне ие болады;

4. Төрт жастағы балаларда дауыс аппаратын басқару қындықтары кездеседі; балалар ездерінің сөйлеген сөздерін байқамай, өз құрбыластарына кезек бермей, белгілі жағдайларды баяндап айтуға бейім болады. Ересектерге еліктеп, дауыс интонациясын құбылтып айтатын болады. Балалар үнемі өзінің дауыс аппаратын дұрыс пайдалана алмайды, қажет болған жағдайда сыйырлап сөйлей алмайды, кейде ересектер не айтып жатқанына назар аудармайды, не айтып тұрағынына көніл бөлмеушілік кездеседі;

5. Жеке дыбыстарды сондай-ақ сөзді, фразаларды айту кезінде дыбыстарды дұрыс айта алады. Үш, төрт, бес дыбыстан тұратын сөздердегі белгілі бір дыбыстардың орнын анықтауда сөз басында, ортасында, аяғында көп жағдайда дұрыс айта біледі;

Үш-төрт жастағы балалардың дыбыстық мәдениетінде:

- сөздерде дауысты дыбыстарды дұрыс айта алады ал кейбір жұп дауыссыз дыбыстарды анық айта алмауы кездеседі (п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-ц);
- дыбыстардың артикуляциясы нақты қалыптасады;
- артикуляциялық аппаратын өлі де дамыту қажет;
- дұрыс сөйлей алу қарқынына ие;

Баланың төрт жасы сөйлеу тілін дамытудағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды жаңа бастамаға итермелейді, олар өздігінен қарым-қатынас үдерісіне түссе бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері ұлғаяды. Балаларды табигат құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-

қатынастар, бейтаныс заттар қызықтырады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет, өйткені ол баланың сөйлеу тілі және басқа да жоғары психикалық қызметтерін одан әрі дамыту негізінде жатыр. Барлық дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады, алайда кейбір дыбыстар толық қалыптаспайды (*p, c, з, ф, ү-ұ, ө, л, қ, ж, ғ, х, и*). Төрт-алты жасар балалардың дыбысты айту жағын зерттеу мәліметтерін жинақтап, саралау нәтижесінде арнайы кесте толтырылып №3 қосымшада берілді. Кестеде көрсетілгендей жеке сөзді, фразаларды айтқанда Айбар, Омар деген балалар «ара» сөзін «ала», «үш» сөзін «уш», «өзен» сөзін «узен», «фонтан» сөзін

Бұл жаста дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдылары бекиді және фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасады. Ізың және ысқырық дыбыстары 4 жаста ажыратылмаған болып келеді, **с – ʃ, з – ж, с' – щ** дыбыстарын шатастыру байқалуы мүмкін. Ысқырық дыбысты қажет ететін сөздерде ызың дыбыс айтылуы мүмкін («шана» – «сана», «жас» – «зас»). Төрт жасқа қарай барлық балалар ызың дыбыстарды айта алады, ал 5 жасқа қарай **л, р** дыбыстары пайда болады. Бірақ бір балаларда кейбір дыбыстардың тұрақсыз айтылуы байқалады. Өмірінің бесінші жылында бала сөздегі дыбыстың бар-жоғын есту арқылы біліп, берілген дыбысқа сөзді атай алады.

Балаларды шатастыратын екі дыбыстың біреуін дыбыстаудын кейін өзінің айтқанын естіп, ажыратуға үйрету қажет. Көп буыннан құралған және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді дұрыс айтуға мүмкіндік туғызу мақсатында артикуляция мүшелерінің қызметі жетіледі. Алайда курделі сөздерді (бірнеше буыннан құралған немесе дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда) айтқанда қателер кездеседі, мысалы балалар, қалампыр, қызғалдақ, орамал («балалал, қаямпый, қызадақ, омарал, омалал»)

Төрт жастағы балаларда дауыс аппаратын басқару қындықтары анықталады, өздері байқамай өте қатты сөйлейді. Балалар интонацияны жақсы қабылдап, ертегілерді айту кезінде ересектерге еліктейді. Төрт-алты жаста балалар ызың дыбыстарды нақты, таза айтууды менгереді. Көбі [р], [р'], [л], дыбыстарын жеке, буында, сөздерде анық айта бастайды, бірақ барлық сөздерде дұрыс пайдалана бермейді. Сондай-ақ, бала [р] дыбысын ара сөзінде дұрыс айтқанымен арқа сөзінде [л] - алқа деп айтуы мүмкін. 5 жасар балалар сөздер мен сөйлемдерде барлық дыбыстарды айтып үйренеді.

Бес жастағы балада ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуында елеулі жетістіктер байқалады. Дыбыс айтуы айтарлықтай жақсарады: дауыссыздарды жіңішкеертіп айтуы толығымен жоғалады, дыбыстар мен буындарды айтпай кетуі сирек байқалады. Өмірінің бесінші жылында бала сөздегі дыбыстың бар не жоғын есту арқылы біліп, берілген дыбысқа сөзді атай алады. Бұл жаста кейбір дыбыстар толық қалыптаспайды (мысалға *p, ф, х, и*) **ара-ала, фонтан-пантан, хат-қат, цирк-сирк**. Ысқырық және ызың дыбыстарды ажырату кезеңі

аяқтала қоймаған. Дыбыстарды ажыратуда (*и-с, р-л*) дыбыстарын айтуда қиналады. Мысалға, *шаңғышы-санғысы, шортан-сортан, Рахым-Лақым, қарбыз –қалбыз*. Бес жасқа қарай ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтуының қалыптасуы аяқталады. Балалар ана тіліндегі барлық дыбыстарды анық айта алады, әртүрлі көніл-күйде айтылған интонацияны игеріп, дыбыстарды буынға қосады, буындардан сөздер құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Балалар буын, сөз бен ұсыныстар құрамында барлық дыбыстарды анық айтуды үйренеді. Дыбыстардың нақты артикуляциясы мен интонациялық мәнерлілігі қалыптасады.

Алты жас кезеңінде ана тіліне тән мынадай дыбыстар: *ә, ү, у, ғ, ө, о, қ, ә, ң, і, һ* айтартықтай қатесіз айтылады. Қазақ тілді балалар әдеби сөйлеу тілі нормаларына сәйкес барлық сөздерді менгеріп, нақты айтады. Олар баяу және жылдам сөйлей алады, жаңылтпаштарды айтады, дауыстап және сыйырлап сөйлей алады, интонацияны кеңінен қолданады. Алты жасар балалардың көпшілігінде дыбыс айтуы қалыпты, кейбіреуінде ғана ызың және ысқырық дыбыстарды шатастыру және *p, p'* вибранттарының жоқ болуы анықталды.

Кейде фонетика тұрғысынан мынадай мәселелер болуы мүмкін:

- сөздер мен фразаларды бұрмалап айту, жалғауларды нақты айтпау, мұндай ақаулар жылдам сөйлейтін және барлық дыбыстарды енді дұрыс айтып үйренген балаларда жиі кездесуі мүмкін;

- дыбыстарды естіп қабылдауы нақты емес, дыбыстардың жұптарының орнын ауыстырып алады: *с-и, л-р, з-ж, с-ш, ң-н, ғ-ү, ы-і, қ-қ, қ-ғ* және буындар қатарын айтуда қателеседі, мысалы, *са-за-са, ла-ра-ла, за-за-жса, са-ша-са, ча-ча-ца, қа-қа-қа, қа-ға-ға, аң-ан-аң* т.б.

Сөздердің дыбысталу формаларын ажыратуы дамыған, сөздерден дыбысты бөле алады, буын, сөз туралы бастапқы түсініктері бар. Сөздегі дыбыстарды және олардың белгілерін (дауысты: жуан, жіңішке; дауыссыз: қатаң, ұян, ұнді) ажыратады, қатаң және ұян дауыссыз дыбыстарды салыстырады, оларды дұрыс айтады. Дыбыстарды олардың әріппен белгіленуімен салыстырады, дыбыстарды дұрыс және дәл айтады, белгілі бір дыбысты сөздерді атайды, сөздерді буынға бөледі, олардың санын және сөздегі буынның ретін анықтай алады. Сөздегі екпінді ажырата алады. Осы жастағы балаларда фонематикалық естуі және қабылдауы дамиды, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтады, құрамында үш-төрт дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дыбыстық талдау мен жинақтау әрекеті қалыптасады.

Сонымен, ерте жастағы баланың дыбыс айтуының қалыптасуы туыла салысмен ему сияқты қалыптасқан шартсыз рефлекске байланысты айтуға жеңіл дыбыстардың дыбысталуынан басталады. Екі жастан бастап, біздің байқауымызша, онтогенездің соңғы кезеңіне тән дыбыстарды айту арқылы бала нормаға жақындал, артикуляциялық базасының

толыққанды әрекетке дайындығын танытады. Мектепке дейінгі шақтың соңында баланың сөйлеу тілінің дыбыстық жағы жетіліп, өзіндік жетістіктермен ерекшеленеді. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды жаңа бастамаға итермелейді, олар өздігінен қарым-қатынас үдерісіне түсे бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері үлгаяды.

Екі-төрт жас шамасында балалардың дыбыс айтуы бойынша:

2 жастағы балаларда дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту дағдылары бекіп, фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасады; «Кеш шығатын» дыбыстарды менгере бастайды; Дыбыс айтуын қатысты: дыбыстарды мұлде айтпау, бұзып айту, тұракты алмастыру, шатастыру немесе жұмсартып айтуы байқалады;

Үш жастағы балалардың дыбыс айтуы бойынша:

Көптеген дауыссыз дыбыстар әлі де болса жұмсақ айту *P*, *L* дыбыстарын айтуда киыншылықтар кездеседі, біршама дыбыстарын айтады. Сөз құрамындағы дыбыстарды дұрыс айта алуы байқалады. Өзінің іс-әрекеттерін түсіндіре алуға қабілетті.

Төрт жастағы балаларда:

1. Бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді ажырата алады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндіктерінен озады, олар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмай, оны басқаның сөйлеуінде естиді, басқа баланың айтуындағы қатені байқайды; бірнеше буыннан құралған, дауыссыз дыбыстар қатар келген күрделі сөздерді айтуда қателіктер орын алады. Ересектерге еліктең, дауыс интонациясын құбылтып айтатын болады. Балалар үнемі өзінің дауыс аппаратын дұрыс пайдалана алмайды, қажет болған жағдайда сыйырлап сөйлей алмайды, кейде ересектер не айтып жатқанына назар аудармайды, не айтып тұрағынына көніл бөлмеушілік кездеседі; үш, төрт, бес дыбыстан тұратын сөздердегі белгілі бір дыбыстардың орнын анықтауда сөз басында, ортасында, аяғында көп жағдайда дұрыс айта біледі; кейбір жұп дауыссыз дыбыстарды анық айта алмауы кездеседі; дыбыстардың артикуляциясы нақты қалыптасады. Дұрыс сөйлей алу қарқынына ие.

2.2 Балалардың фонематикалық естуінің дамуы

Дыбыстық мәдениеттің құрамдас бөліктері – сөйлеу тілін есту және өзі сөйлеуі кезінде дұрыс тыныс алу баланың сөйлеу тілінің пайда болуына алғышарт болып табылады. Тілдің дыбыстық жағын бала есту арқылы қабылдап, біртіндеп менгереді. Ерте және мектепке дейінгі кезеңде баланың сөйлеу аппаратының қалыптасуында фонематикалық есту орасан рөл атқарады. Баланың әрбір жас кезеңінде сөз мәдениетінің өз кемшіліктері болады, олар педагогика ғылымында сөйлеудің дамымаған кезеңі ретінде қарастырылады. Сөйлеудегі

осындағы ерекшеліктер патологиялық бұзылыс емес, олар сөйлеу аппаратының біртіндеп дамуымен түсіндіріледі. Сөйлеу мүшелері қозғалған кезде ұсақ бұлшық еттердің жиырылуы, қозғалыстардың дәлдігі мен шапшаңдығы маңызды, ал сөйлеу аппаратының мұндай қызметі біртіндеп қалыптасады. Балалардың сөйлеу кезіндегі тыныс алуының өзінше ерекшеліктері бар: әлсіз немесе шулы, жиі, кідіріссіз естілетін дем алу болады. Осындағы ерекшеліктер мектеп жасына дейінгі екі жастағы балаларға тән.

«Белгілі бір дыбыстар жиынтығын сөз деп қабылдауды үйренген, яғни оны болмыстың белгілі бір құбылысы деп түсінген бала сол сөзді алғаш рет есту арқылы және бұлшық ет түйсігімен есінде сақтап қалады. Бала әлі де болса өзінің артикуляциялық мүшелерін толыққанды менгере алмағандықтан, ол ең алдымен сөзді ести білуді, ал одан кейін барып оны айтуды үйренеді» деп жазған Г.А.Фомичева [76].

Фонематикалық есту – фонеманы тануды және ажыратуды қамтамасыз ететін нәзік есту жүйесі. Физикалық естуі қалыпты балалардың арасында ұқсас дыбыстарды ажырату қыншылықтары жиі кездеседі. Ондай қыншылықтар дыбыс айтудың қалыптасуына ерекше әсер етеді. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық қабылдауын анықтау қарапайым фразаларды естіп тануы, ажыратуы, салыстыруы, сөз қатарынан белгілі бір дыбыс пен буынды ажыратып табуы, буын қатарын есте сақтауын анықтауға мүмкіндік береді.

Ерте және мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың фонематикалық талдау және жинақтау жағдайына көніл бөлсек, тілдің дыбыстық элементтерін сезіну ерте жастан дамиды. А.Н. Гвоздев өз зерттеулерінде қалыпты дамыған бала мектеп алды кезде ана тіліндегі дыбыстарды ажырата алады, басқалар айтқанда естиді, өзі де айтады, яғни дыбыстарды ажаратады, бірақ сөздің дыбыстық құрамын менгермейді, дыбыстың сөздегі орны мен кезектілігін айта алмайды деп көрсетеді [1]. Тілдің дыбыстық жағымен әрекет жасау, оның элементтерін саналы түрде менгеру мектеп жасына дейінгі балаларды үйрету барсында қалыптасады.

Фонематикалық есту қабілетінің дамуына баланың айналасындағы жақын адамдары және туыстарымен қарым-қатынас үдерісі әсер етеді. Фонематикалық қабылдау ана тілінің дыбыстарын талдау және сөздің дыбыстық құрамын анықтау үдерісі ретінде балада артикуляциялық аппарат мүшелерінің толыққанды дамуы және қатысым әрекетіне үлкендердің белсенді түрде қатысуымен байланысты болады.

Естудің қалыпты дамуы фонематикалық қабылдау дамуының басты шарты болып табылады. Баланың дыбыстарды айырудағы жіберетін қателері неғұрлым көп болса, демек сөздің дыбыстық құрамы туралы түсінігі таяз болса, соғұрлым ол дыбыстарды нашар талдайды.

Ерте жас сөйлеу тілін менгерудің сензитивті кезеңі болып табылады. Сәбілік кезеңде

фонематикалық есту қабілетінің негіздері қалыптасып, дыбыстардың айтылуына жаттығу болып, алғашқы сөздерді түсініп, айтумен ерекшеленіп, одан кейінгі кезеңдерде ересек тұлғалармен қарым-қатынас құруға мүмкіндіктері көнеде түседі.

Бастапқыда бала қоршаган ортадағы дыбыстарды (есіктің ашылуы, жауынның жаууы, иттің үруі, мәшиненің гүрлі т.с.с.) белгілі бір дыбыстардан құралған әрі оған қаратса сөйлеген сөзден ажыратып, үлкендердің аузынан шыққан сөздерді қабылдаپ, бойына сіңіреді.

Онтогенез барысында фонематикалық қабылдау белгілі бір даму кезеңдерінен өтеді (Р.Е. Левина бойынша):

1-кезең: фонемаға дейінгі уақыт, демек сөйлеу тілінің дыбыстарын саралау жоқ. Сөйлеу тілін түсіну қалыптаспаған (0-ден 10 айға дейін).

2-кезең: Акустикалық түрғыдан алшақ фонемаларды ажырату бар да, ал акустикалық жағынан жақын фонемалар сараланбайды. Дұрыс айтпау сөйлеу тілін дұрыс емес қабылдаудан туындарды. Нормативті және нормаға сәйкес емес айту ажыратылмайды (11 ай – 1 жас 4 ай).

3-кезең: Дыбыстарды олардың мағыналық сипаттарына (жуандығы – жіңішкелігі, қатаңдығы – ұяңдығы, жасалу жолы, жасалу орны, таңдай пернесінің қатысуына) қарай саралауды бастайды. Дегенмен сөзді дұрыс емес атау бар. Дыбыс айтуда нормативті және нормаға сәйкес емес айту жағдайлары кездеседі (1 жас 4 ай – 2 жас 6 ай).

4-кезең: Естігенін қайталайды, бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді ажыратады. Көбінесе дыбыс айту қалыптасқан, дегенмен фонематикалық қабылдау әлі жетік емес, бұл жағдай төменгі жиіліктегі сөздерді қабылдауда байқалады (2 жас 6 ай – 4 жас).

5-кезең: Фонематикалық қабылдау мен экспрессивті сөйлеу тілі қалыптасқан [86]. Қалыпты және нормаға сәйкес емес айтуды саралайды. Қарапайым (2-3) сөздерден құралған фразаларды есіне сақтай алады және қайталайды. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады (*сиыр «мө», қой «мә», им «ауф-ауф»*) (4 жас).

Сөйлеудің фонетикалық құрылымына келетін болсақ, бала дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтып отырған буындар мен сөздердің құрамында аттай алатынын немесе кейір фонетикалық бірліктердің қалыптаспағанын байқай отыра тәжірибе өткізуши адам өзінен кейін жаңа мысалдарды қайталауды сұрайды. Мұндай жұмыстың барысында баланың фонематикалық естуі бағаланады, сондай-ақ дыбысқа еліктеушілік қабілеті мен дыбыс жинағы тексеріледі. Фонематикалық дамуы жаңа ғана басталған кезеңде баланың сөзді қабылдауы мен буынды айтуында қындықтар туатынын ескеру қажет екендігін айтып кеткеніміз жөн.

Тәжірибе жұмысы және салыстырмалы түрғыдан талдау арқылы ерте жастағы балалардың фонематикалық есту қабілетінің зандылықтары және оны менгеру ерекшеліктеріне байланысты келесі жағдаяттарды аныктадық: фонематикалық есту қабілеті баланың қалыпты жағдайда әрі табиғи ретпен дамуы барысында қалыптасады.

Фонематикалық есту қабілеті сөйлеу әрекетінің басты буындарының бірі болуына байланысты баланың психологиялық түрғыдан дамуының басқа да түрлерінің (перцептивті, когнитивті, реттеуші т.б.) белсенділігін қамтамасыз етеді. Осы қабілет түрінің қалыптаспауы мектеп жасына дейінгі баланың бойында сөйлеу тіліндегі бұзылыстар және басқа да қасиеттердің дамымауына алып келеді.

Бала дамуының онтогенезінде дыбыстарға реакция беру және оларды қабылдау жаңа туылған нәрестенің өзінде байқалатыны белгілі жайт. Ол сәбидің денесінің тітіркенуі, тынысы мен жүрек қағысының өзгеруі, көзі мен бет бұлышқеттерінің қозғалысқа түсуі, тыптыруы т.с.с. қимыл-қозғалыстар арқылы көрініс табады. Одан кейін, яғни өмірінің екінші не үшінші аптасында баланың айқайы мен қимылдарының тежеліп, тоқтап қалуы байқалады. Бұның барлығы туа біткен, яғни шартсыз рефлекстердің сипатын белгілейді.

Баланың сөйлеу тілінің дамуы белгілі бір зандылыққа бағынатындығы баршаға мәлім. Баланың сөйлеу аппараты қалыптасып туғанымен, ол сөйлей алмайды, себебі оның бүкіл жүйке жүйесінің және сөйлеу орталығының толық дамып жетілмеуі, өзінің сөйлеу аппаратын пайдалану дағдысын менгерменең, онда айтуға қажетті ақпарат жоқ және ол ақпарат мазмұнын әлі де жинақтау қажет екендігі мәлім нәрсе. Осының барлығын ескере отырып, баланың жетілуіне және дамуына ықпал жасау қажет екендігі айдан анық.

Бала өмірінің алғашқы апталарынан бастап әлеуметтік байланысты қажет етеді. Сәби оны бағып-қағатын адам (анаңы не өзге тұлғаның) арасында сөйлеу тіліне зор әсер ететін ішкі рухани байланыс пайда болады. Осы байланысты үзбей жалғастыруға екі жақ та (бала мен ересек адам) барын салады. Ол үшін негізгі құрал ретінде сөйлеу тілін пайдаланады. Сөйлеу қажеттілігі мен тілдік орта сияқты екі фактордың бірлесуі ғана баланың сөйлеу тілінің дамуына мүмкіндік береді.

Ерте жастағы бала айналадағы барлық дыбыстарға құлақ түріп, оларға еліктеуге тырысады. Жануарлардың дыбыстауы, құстар әуені, музикалық аспаптардың дыбысы т.с.с. баланың қуанышты эмоцияларын тудыртып, оларда тілдік реакциялардың болуына себеп болады.

Дегенмен адам дауысының басты рөл атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Ана бұны іштей сезгендіктен баламен үздіксіз тілдесуді қалайды. Бала анасының айтқандарын түсінбесе де, оны тыңдайды, ернінің қимылын бақылайды, сөйтіп сөйлеу тілін тек есту арқылы ғана емес, көру арқылы да қабылдайды, одан кейін анасына еліктеиді, жымияды, ым-ишарасын қолданады, былдырлайды.

Дыбыстық белгіні бірнеше рет қайталау нәтижесінде сәби дыбыс шығу бағытын анықтап, басын сол жаққа қарай бұруға тырысады. Бұл, әрине, дыбыстық тітіркендіргіштерге алғашқы шартты рефлекстерді білдіреді. 3-4 айларда нәресте шығу қарқыны, жоғарылығы мен

сапасы тұрғысынан әртүрлі дыбыстарды ажыратып, оларға құлағын түре бастайды. З ай мен 6 ай аралығында негізгі семантикалық жүктемені дауыс қарқыны атқарады. Осы жаста сәби дауыстау барысында өзінің көңіл-күйі және сезімдерін білдіруге тырысады. Бұл жағдайда баламен күнделікті қарым-қатынасқа түсіп отырған анасы мен жақын туыстары байқайды. Бұдан кейінгі айларда есту анализаторының дамуы қарқынды болады. Нәресте айналасындағы шығып жатқан дыбыстарды ажыратып, өз тарарапынан реакцияларын танытып, түрлі дауыстарды шығарады. Онымен қоса 7-8 айлық сәби «*tamaқ, су, наң*» т.б. күнделікті тұрмыста қолданылып отырған заттарды атایтын таныс сөздерді үлкендер айтқанда, сәйкес келетін затқа қарай назарын аударып, соны көрсетуге тырысады.

Бір жасқа келген кезде бала сөйлеу аппаратын жаттықтыруын аяқтайды, ол сөйлеу тіліне саналы түрде еліктей бастайды. Кейін ол жақсы менгерген түсінікке байланысты алғашқы сөздерді саналы түрде айтады. Бұл байланыс баланың рефлекторлық қорынан алынған сөздерді үлкендер бірнеше рет қайталауы арқылы орнығады. Алдымен естіген сөздерді ұғыну қалыптасады. Сөйлеу тілін белсенді қолдану қабілетіне қарағанда түсіну қабілеті ерте байқалады. Балалар өздері сөйлемей түрған кезде-ақ айтылған сөзді ұға бастайды. Адамда енжар сөздік қоры белсенді сөздік қорымен салыстырғанда сандық жағынан артық болады.

Өмірінің алғашқы жылының сонында бала ересек адамдардың сөйлеу тілінің қарқыны және екпінін анықтаса, екінші жылды дыбыстарды ажыратып, сөздің дыбыстық құрамына қарай қайталауға тырысады. Бастапқыда бала қарама-қарсы қойылған дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратып, дауыстылардың ішінде фонетикалық тұрғыдан мықты әрі оңай айтылатын [a] дыбысын белгілейді және басқа дауыстылардың ішінен дұрыс айтады. Одан кейін дауысты дыбыстарды жіктең, біртіндеп оңайынан күрделірегіне қарай ауысады және оларды айтуға талпынады. Содан соң дауыссыздарды дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай және артикуляциялық аппаратының дамуына байланысты ұнді, қатаң, ұян, шұлы, шұғыл, ызың, мұрын жолды түрлерін қолдана бастайды.

Өмірінің екінші жылының басында бала сөзді қарым-қатынас құралы ретінде толыққанды танып-біліп, сөйлеу тілі амалы ретінде сипатын белгілеп, оның құрамына енетін дыбыстарды ажыратып, сөздерді дұрыс айтуға талпынады. Бұдан кейін баланың фонематикалық дамуы қарқынды болып, оның артикуляциялық мүмкіндіктері молайып, дыбыстауы жетіледі. Бізге дейінгі ғалымдар жүргізген және біздің жеке зерттеуіміздің нәтижесінде бала өмірінің екінші жылының сонында сөйлеу тілін қалыптастырып, ана тілінің дыбыстарын фонематикалық қабылдауы болатынын қорытындылап айта аламыз.

Демек, фонематикалық есту қабілеті дегеніміз – ана тілінің фонемаларын анықтап, ажырату дағдысы. Ол физиологиялық есту қабілетінің бір бөлігі болып табылады, қалыпты

жағдайда 6 айдан басталып, 2 жасқа дейін қалыптасады. Фонематикалық есту қабілетінің дамуына баланың айналасындағы жақын адамдары және туыстарымен қарым-қатынас үдерісі әсер етеді. Фонематикалық қабылдау ана тілінің дыбыстарын талдау және сөздің дыбыстық құрамын анықтау үдерісі ретінде балада артикуляциялық аппарат мүшелерінің толыққанды дамуы және қатысым әрекетіне үлкендердің белсенді түрде қатысуымен байланысты болады.

Мысалы 2,4 ай - 2,7 ай жасындағы балаларға *қа-га-қа, па-та-па, ба-па-ба, та-та-та, ша-са-ша* буын тіркестерін айттып, артынша бірден қайталап айттып беруін өтінген кезде, дыбыстарды естіп ұқсас дауыссыз дыбыстарды (*қ-ә*), (*n-m*), (*b-n*), (*a-ә*), (*и-с*) ажыратыла алатынына көз жеткізе алдық, алайда ша-са-ша тіркесін бала естіп ажыратқанымен өзіне айттыру кезінде барлық буынды ша-ша-ша немесе са-са-са деп деп айттып берген балалар болды. Бұл осы жастағы бала тілінде кейбір дыбыстарды айту қыындығымен байланысты екенін айта кетуге болады. Ұқсас дыбыстарды ажыратуда сурет бойынша келесі сөздерді қызықыс, тор-төл, доп-топ сөздеріндегі дыбыстарды ажыратты. Бұл мысалдағы қыындық балалардың «*ton*» және «*təl*» сөздерінің мағынасын білмеуден туындағы. Фонематикалық қабылдауын тексеруде ұқсас буындарды қайталатып айттыру балалардың фонематикалық талдау жинақтау қабілетін дамытуға негіз бола алады.

3,6 ай – 4 жастағы балалармен фонематикалық талдау жинақтау дағдыларын анықтауда ат, от, су, ата, ана, әке сөздерін бастапқы дыбысын анықтау жұмысы жүргізілді. 4 жаста балалар сөздің бірінші дыбысын ажыратып айттып бере алды. Сөзге қатысқан дыбыстарды кейде сәтсіз болса да санап, қандай дыбыстар екендігін ажыратыла алады.

Фонетикалық түрғыда 2-4 жастағы балалардың дыбыстарды өзара салыстыра талдай алуы; дыбыстың артикуляциясын ажыратыла білуі, ересек адамдарға еліктеп дыбыстарды дұрыс естіп талдауын жүзеге асыруы, дыбысты бұзбай сөз барысында қолдануы және дыбыстардың өзара немесе орыс тіліндегі ұқсас дыбыстарға қарай салыстыра қабылдауы бойынша келесідей ерекшеліктерді байқауға болады.

Екі жастағы балалар ересектердің сөздерін толықтай естиді. Назар салып тындаиды, қойылған сұрақтарға жауап берілгенде алады. Дыбыс тұра қасында емес көрші бөлмеден естіліп жатса, кімнің дауысы жақын туыстары (әкесі, анасы, атасы, апасы ағасы, тәтесі), не бөтен адамдардың дауысы екендігін ажыратыла алады. Мысалы, *Tиши әне ана ей деді* саусағымен шуламанңар апам ұрсып жатыр дегенді айттынан байқауға болады. Апасының дауысы қатты шығып, ренжуулі екендігін ажыратуы байқалады. Даладан үйге кірген әкесінің дауысынан танып: *O-O-O пана, папам* деп кіре беріске жүгіріп барады. Сондай-ақ көліктің дауысын, балалар әуендерінің дыбысын ажыратуы тіпті әуеннің кімне жайлы айтылғанын түсінбесе де, (*вың-вың келді, бей-бей шарқ*) деп алақанын шапалақтап әуендердегі іс-әрекеттерді қайталап кейіпкерлердің ретін немесе дауысын танып ажыратыла алыу байқалады. Екі-үшжастағы балалар

музыкалық аспаптардың үнінен қай аспап дауыс шығарғанын, әуендерді толықтай түсіне алады. Ұнайтын әуенін ауыстырып қосуға ұсыныс айтып өзі де қайталап айтуға бейім, ажырату қасиетіне ие болады.

Дыбыстарды фонематикалық қабылдаудына келетін болсақ, екі-үш жастағы балаларда ересек адамдардың сөзін естуі мен тыңдауды, әртүрлі дыбыстарды саралауды дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуі байқалады. Дыбысқа еліктеу сөздерін қолданып, дауысты дыбыстарды дұрыс әрі анық айта алады. Дыбыстар, сөздер және сөз тіркестерін дауыс интонациясы, екпіні мен құшін ескеріп, дыбыстарды дәл айта алады.

Үш жастағы балалар басқа біреу кітап оқып берген жағдайда дыбысты қате айтып тұрғанын естіп, ажыратады. Сөйлеу тіліндегі қателерді де түзете бастайды. Балалардың есту қабілетінің қалыптасуы бекі түседі.

Төрт жастағы балалар белгілі дыбыстарды сөз басында, ортасы мен аяғында басқа дыбыстан ажырата алады. 4-6 сөзден құралған қарапайым фразаларды есінде сақтайды және қайталап айтып бере алады. Барлық дыбыстарды ажыратып, үқсас дыбыспен салыстыра отырып, қын дыбысты айта алатынын байқатады.

Екі жастағы балаларға да ерте онтогенез дыбыстары беріледі. Атап айтқанда, апа, бала, ойыншық, тәте, машина, доп, текше, әже, ата, қыз, ат, қой, ешкі, қоян, т.б. сөздеріндегі дауыстылардың анық айтылуы байқалады.

Зерттеу нәтижесінде екі-екі жарым жастағы балалардың жеке дыбыстарды айта алу қабілетін зерттеуде ерте онтогенез дыбыстары тексерілді. Атап айтсақ, дауысты дыбыстар *a*, *ə*, *o*, *e*, *ы*, *i* дауысты дыбыстары, *m*, *b*, *n*, *б*, *d*, *и*, *г*, *ә*, *к*, *қ*, *x*, *ң*, *c*, з дауыссыз дыбыстары тексерілді. Берілген дауысты дыбысты дұрыс, дауыссыз *г*, *ә*, *ð*, *m*, *n*, *й* дыбыстарын да қатесіз айта алды. Дауысты және дауыссыз дыбыстар сөздің басында, ортасында аяғында тексерілді. Сонымен қатар 2, 3, 4, 5 дыбысты сөздерде балалардың айта алуы зерттеліп, жүйеленіп, мысалдары кесте түрінде берілді.

Дыбыс айтуын тексеру барысында: *ат-ат/әт/ать*; *от-/от/оть/*, 3 дыбысты сөздерде: *ата-ата/ә-тъа*; *әже-әже/ ажे/агже*; *лақ-лақ/льяқ/ вак/ уақ*, 4 дыбысты сөздерде: *қала-қала/ кала/хала/ ғала*; *бала-бала/вала/вэла* сөздерінде сөздің бірінші дыбысының қандай ерекшеліктерімен айтатындығын байқауға болады.

Екі жас 6 ай - үш жастағы баланың дыбыс айтуының ерекшеліктері: сөз тіркесі мен сөйлемдерде сөздер мен дыбыстарды айта алады. Атап айтсақ; *ә*, *e*, *и*, *o*, *ө*, *ү*, *ұ*, *ә*, *ы*, *i* дауысты дыбыстарын *г*, *ә*, *ð*, *m*, *n*, *й*, *к*, *қ*, *t*, дауыссыз дыбыстарын қатесіз айтады. Дауыссыз дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер: *б-* (*n*, *ф*); *p-* (*г*, *рь*, *ль*); *c-* (*сь*, *зь*); *t-* (*тъ*, *ð*); *ж-* (*жъ*, *шъ*, *зъ*); *ф-* (*фъ*, *в*), *h-* (*қ*, *х*) *и-* (*сзы*); *ч-* (*и*, *-ж*); *ш-* (*и*, *чъ*, *ж*); *иц-* (*чъ*, *шъ*) 2 дыбысты сөздерде дауысты дыбыстарды қатесіз айтады: *Ат*, *от*, *ет*, *өр*, *иіл*, 3 дыбысты сөздерде: *Ата- ата/ада*; *әже-*

әжес/аҗес/әзе; лақ-лақ/льяқ/ вак/ уак. 4 дыбысты сөздерде: *қала-қала/ кала/хала/ гала, бала-бала/ вала, сиыр-сиыр/шыр/ сишир.* Үш дыбысты сөздердің ортасында дауысты дыбыстарды еш өзгеріссіз айтады: Мысалы: *бар, жол, қол, дос, сан, ғұл, құс, жүр, көр* т.б.

Үш дыбысты сөздердің ортасында дауыссыз дыбыстарды айту кезіндегі өзгерістер: *Ара-ара/арья/ ала/ ава/ ра-ра/ ла-ра; ашу-ашу/азу/ ажесу/ асу;* 4 дыбысты сөздің ортасында: *алма-алма/авма/ама/альма, айна-айна/ ана/ айнна/найна.* 5 дыбысты сөздерде *қармақ-қамак/қавмақ/қарғмақ, тарақ-таак/тавақ/таруақ.* 2 дыбысты сөздердің сонында дауыссыз дыбыстарда қатесіз айтады. Мысалы: *Ет, ол, от, оқ, ас, ем, іл;* Сөз сонындағы дауысты дыбыстарды бұзбай айтады: *Ата, ага, әке, ару, қора, шашу, кесе, астана, аспазиы, суретші;* 3 дыбысты сөздерде сөз сонындағы дауыссыз дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер: *Тортор/тол/тог,төв; қос-қос/қош/қоз/қось;* 4 дыбысты сөздерде сөз сонында дауыссыз дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер: *Асан-Асан/Асэн/Асан; Торторт/торд/том/тормы; Есік-есік/есіг/есих; Қант-қант/қанд/кат, қанты;*

Үш-үш жас 6 ай жастағы баланың дыбыс айтуының ерекшеліктері: Сөздерде дауысты дыбыстарды дұрыс айта алады ал кейбір жұп дауыссыз дыбыстарды анық айта алмауы кездеседі; (*n-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-и*).

Дауыссыз дыбыстарды айтуда ызың дыбыстарды айта алмайды немесе бұзып айтады. Дауыссыз дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер: *n- (б, ф); p-(рь, ль); с(сь, зь); т-(ть, д); ж- (жь, шь, зь); ф-(фь, в), h-(қ, х) ң-(сзы); ч-(ш, -ж); иш-(иң, чь, ж); ң-(чь, шь).* Мысалы, *піл-піл/біл; жусан-жусан/ зусан/зуза/сусан; тамақ-амақ/дамяқ/қамақ; шана-шана/сана/зана; жаңғақ-жаңғақ/ жамғақ/ жаңақ; қазан-қазан/қазған, қагзан/қавыған, дәрумен-дәрумен/дәруен/дәрімен; базар-базар/базаль/базарь; барыс-барыс/барысь/барызь; қорап-қорап/қораб/қораф; қамыс-қамыс/қамысь/камысь/камызь;*

Үш жас 6 ай- төрт жастағы балалардың дыбыс айтуындағы ерекшеліктер:

Дауыссыз дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер: *p-(рь, ль); с(сь, зь); т(ть, д); ж- (жь, шь, зь); ф-(фь, в), h-(қ, х) ң-(сзы); ч-(ш, -ж); иш-(иң, чь, ж); ң-(чь, шь) жусан-жусан/ зысань/ съусан, шана-шана/ съяна/зъяна, қазына-қазына/хазына/назына, сақина-сақина/ сатина/ сахина; машина-машина/ матина/ мазина; аспап-аспап/ асбап, асфап; сырнай-сырнай/ сырнау/ срнайы, сырна; дәрі-дәрі/дәрп/дәр, қуыришақ-қуыришақ/ қуыришаг, қамыс-қамыс/қамыз, қымыз-қымыз/қымыс/ қымышь жүйеленген.*

Төрт жастағы бала барлық дыбыстарды ажыратуға қабілетті болады. Егер балада басқа адамдармен араласатындей ортасы болса, дамуы мен дамымуның әсері зор болады. Осы мақсатта балалардың әр түрлі дыбыстарды талдауы мен жинақтай алуының да ерекшеліктері бойынша зерттеу жұмыстары келесідей нәтиже көрсетті.

Төрт жастағы балалар ана тілінің барлық, оның ішінде акустикалық сипаты бойынша

ұқсас (қатаң, ұнды, жуан және жіңішке) дыбыстарды естіп ажыратуы қындағылған, бес жастағылар ғана ажырата алады.

Бес жастағы балаларда фонематикалық естуі және қабылдауы дамыған, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтады, құрамында үш-төрт дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дыбыстық талдау мен жинақтау әрекеті қалыптасқан.

Балалар ересектердің сөзінен анықтылықтың интонациялық құралдарын қабылдап, ертегі айтқан кезде еліктейді. Олар ерікті түрде дауыстың жоғарылығы, күшін өзгерте алады. Бұл жаста балалар сыйырлап сөйлеуге қабілетті.

Алты жастағы балалардың берілген дыбысты естуі, сол дыбысқа сөз таңдау, сөздерді дыбыстауы бойынша салыстыру және ажырату, сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдылары, берілген дыбысты басқа дыбыстар ішінен ажырату дағдылары байқалады. «Мен бірқатар дыбыстар айтамын, егер *и* дыбысын естісөн қолынды көтер *и, м, с, и, т, н, и*», «Мен бірқатар буындар айтамын, егер *и* дыбысы бар буын естісөн, жалаушаны көтер: *ша, ма, са, ша, та, ша, на, ша*», осы дыбыс бар сөзді басқа сөздердің ішінен ажыратуы қалыптасады: «Мына суреттерді қарап, арасынан атауында *и* дыбысы бар суреттерді ата». Тиісті оқыту кезінде бала сөздегі (сөздің басы, ортасы және соны) дыбыстың айқындашын ғана менгеріп қоймай, сөздегі дыбыстың нақты орнын белгілейді, олардың сөздегі жүргүреті бойынша дыбыстарды атайды (*шана* сөзінде, бірінші дыбыс *и*, екінші дыбыс *а*, үшінші дыбыс *н*, төртінші дыбыс *а*). Бұл дағды сауат ашуға дайындықтың қажетті алғышарты болып табылады.

Балалардың фонематикалық естуінің дамуының зандаудың таралықтары мен менгеру ерекшеліктерін талдау барысында оның қалыпты жағдайда әрі табиғи ретпен қалыптасатыны анықталды.

Сондай-ақ, фонематикалық есту қабілеті сөйлеу әрекетінің басты буындарының бірі болуына байланысты баланың психологиялық түрғыдан дамуының басқа да түрлерінің (перцептивті, когнитивті, реттеуші т.б.) белсенділігін қамтамасыз етеді.

Осы қабілет түрінің қалыптаспауы мектеп жасына дейінгі баланың бойында сөйлеу тіліндегі бұзылыстарға және басқа да қасиеттердің дамымауына алып келеді. Фонематикалық қабылдау ана тілінің дыбыстарын талдау және сөздің дыбыстық құрамын анықтау үдерісі ретінде балада артикуляциялық аппарат мүшелерінің толыққанды дамуы және қатысым әрекетіне үлкендердің белсенді түрде қатысуымен байланысты болады.

Екі жастағы балалар дауыстыларды естіп қабылдауда жеке және сөздің басында және аяғында анық айта алады.

Екі-үш дыбысты сөздерде сөз ортасындағы дауыссыз дыбысты жіңішкертіп айту, немесе сөз ортасындағы дауыссыз дыбыстың алдына ұқсас дауыссыз дыбыс қосып айту кездеседі. 4 дыбысты сөздерде дауыссыз дыбыстарды ұқсас дыбыстармен алмастырып айту

мен бірінші буынын жіңішке жұп дауысты дыбысқа алмастырып айтады. Дауыссыз дыбыстарды естіп ажыратуда *б-* (*n, ф*); *p-* (*г, рь, ль*); *c-* (*съ, зъ*); *m-* (*ть, д*); *ж-* (*жъ, шь, зъ*); *ф-* (*фь, в*), *h-* (*к, х*) *и-* (*сзы*); *ч-* (*и, -ж*); *ш-* (*и, чь, ж*); *щ-* (*чъ, шь*) алмастырады

Уш, төрт, бес дыбысты сөздердің ортасында дауыссыз дыбыстарды естіп ажырату кезінде сөз ортасындағы дауыссыз дыбыстарды жіңішкертіп айту немесе жұп дыбыстарымен алмастырып айтады, немесе сөз басындағы дауысты дыбыстың алдынан қосалқы дауыссыз дыбыс қосып айтады өзгерістері кездеседі. Сөз сонында кездесетін қос дауыссыз дыбыстарды естіп ажыратуда сөз сонында екінші дауыссыз дыбысын ұқсас дыбыстармен алмастырып айтады немесе сөз сонынан *ы* дыбысын қосып айтады.

Уш жас пен үш жас алты ай шамасында сөз басында дауыссыз ызың дыбыстарды қалдырып кетеді, бұзып айтады, ұқсас дыбыстармен алмастырып айтады. *n-* (*б, ф*); *p-* (*рь, ль*); *c-* (*съ, зъ*); *m-* (*ть, д*); *ж-* (*жъ, шь, зъ*); *ф-* (*фь, в*), *h-* (*к, х*) *и-* (*сзы*); *ч-* (*и, -ж*); *ш-* (*и, чь, ж*); *щ-* (*чъ, шь*). Бес дыбысты сөздерде сөз басындағы дауыссыз дыбыстарды ұқсас дыбыстармен алмастырып айтады сөз ортасындағы қос дауыссыз дыбыстар қатар келу жағдайларында бірінші дауыссыз дыбыстарды ұқсас дауыссыз дыбыстармен алмастырып айтады, буындарын жеңілдетіп айтады, дыбыстарды өткізіп жіберу кездеседі.

Төрт жастағы балалар ана тілінің барлық, оның ішінде акустикалық сипаты бойынша ұқсас (катаң, ұян, ұнді, жуан және жіңішке) дыбыстарды естіп ажыратуы қынданылған, бес жастағылар ғана ажырата алады.

Бес жастағы балаларда фонематикалық естуі және қабылдауы дамыған, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтады, құрамында үш-төрт дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дыбыстық талдау мен жинақтау әрекеті қалыптасқан.

Балалар ересектердің сөзінен анықтылықтың интонациялық құралдарын қабылдап, ертегі айтқан кезде еліктейді. Олар ерікті түрде дауыстың жоғарылығы, күшін өзгерте алады. Бұл жаста балалар сыйырлап сөйлеуге қабілетті.

2.3 Сөздің буындық құрамын менгеруі

Сөздер айтылуы жағынан кішкене бөлшектерге – буындарға бөлінеді. Буын тікелей дауысты дыбыстарға байланысты болғандықтан, сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Қазақ тіл білімінде буынның ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Мырзабеков, И. Кеңесбаевтің еңбектерінде буынның сипаттамалары төмендегідей:

1. Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуы тиіс және оның саны біреуден артық болмауы керек. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты фонема болса, сонша буын болады.

2. Буында мағына болмайды. Кейбір сөздердің әрбір буыны лексикалық немесе грамматикалық мағынасы бар бөлшектерге (морфемаларға) тұра келіп қалады. Мысалы, *сый-лық*, *ер-те-гі*, *еш-кі*, *ал-ма*, *о-рақ*, *сан-дық* т.б. Мұны кездесе соқ сәйкестік деп түсіну қажет. Буында мағына болу міндettі емес.

3. Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай не жуан буынды, не жіңішке буынды болып келеді. Егер тілімізде аралас буынды сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны. Қазақ тілінде буынның жуан не жіңішкелігі дауыстыларға байланысты.

4. Қазақ тілінің төл сөздері де, буындар да қос (екі) дауыссыздан басталмайды. Орыс тілінен енген сөздер екі, үш, тіпті төрт дауыссыздан да бастала береді: стиль, студент, спринт, стратегия [51, 52, 87, 88].

Сөйлеу тілі онтогенезін белгілейтін сөздің буындық құрамын баланың менгерісі бірнеше кезеңнен тұрады. Сөйлеу тілінің дамуына дайындық кезеңіне белгілі ғалым Е.Н. Винарская атаған нәрестенің айғайы жатады [89]. Ерте жаста айғай арқылы баланың артикуляциялық аппараты сөйлеу қызметіне дайындықтан өтеді. Сәбидің айғайы кезеңінің соңына таман нәресте оған қарата айтылған сөздің дауыс екпінін (интонация) түсіне бастайды. Соның нәтижесінде интонациялық тұрғыдан еліктеу қабілеті сөздің буындық құрамының қалыптасуына ықпалдасады.

З айдан 5-6 айға дейін баланың вокализациялау әрекетінің дамуында ілгерілеу байқалады. Осы уақытта дауыс тембрі мен жоғарылығы бойынша дауыс бірліктерінің (сингтагмалар) реттілігі сөйлеу тілінің сингтагматикалық тұрғыдан ұйымдасуын білдіреді. Қөптеген ғалымдардың пікірінше былдыр дыбыстық кешендердің сызбасын құруда жаттығу бірлігі болып табылады. Сәбидің дауыстаудында ұзақтығы мен қаттылығы әртүрлі нұсқада болатын *a-a-a*, *y-y-y*, *ya-ya*, *i-i-i*, *o-o-o*, *e-e-e* сияқты вокализацияларының 2-ден 4 ретке дейін қайталануы өзінше жаттығу түрі болып табылады. А.А. Леонтьев, Н.И. Жинкин, Н.Х. Швачкин сияқты зерттеушілердің ойынша осы кезеңде буынның құрамы анықталып, сөйлеу тілі дауысты және дауыссыз дыбыстардың рет-ретімен айтулу үдерісі жүзеге асады [71, 73, 90].

Бастапқыда бала жай ғана дауыстыларды әуендете айтса, шамамен 6 айдан бастап саналы түрде дауысты және дауыссыз дыбыстарды өзара алмастырып, дауыстай бастайды. Алғашқы былдыр сөздерге дейін ерте жастағы бала дауыстылар мен дауыссыздар алмасқан буындарды айтуға жаттығады. Ғалым Е.Н. Винарскаяның айтуынша бала бір типтегі былдыр тізбектен түрлі дыбыстардан құралған буын ұйқастарға ауысады [89].

Айтылымдағы белгілі бір бөліктің нақтылануы оның ұзақтығы, дауыс қаттылығы және жоғарылығымен сипатталады. Бала есейген сайын буындарды бір-біріне қоса отыра нақты әрі бөліп айта бастайды, олардың саны 8 айға таман үш-төртеу болуы да мүмкін.

6-7 айлық бала өзінше былдырлайды, сол кезде ерекше ырғақты дыбыстық әуен пайда болады. Бала ***n*, *b*, *m*** сияқты еріндік және ***k*, *g*, *z*, *x*** тіларты дыбыстарын дауыстылармен тіркең, айтуға жаттығады. Былдырлау кезеңінде ерте жастағы балалар ***ma-ma*, *na-na*, *a-ta*, *a-na*, *tə-me*, *a-ga*, *da-da*, *ba-ba*** сияқты ашық буындардың қайталамасын айта отыра, оларды айналасындағы адамдармен байланыстырады. 8-9 айында бала ересектермен қарым-қатынас барысында үлкендердің сөйлеу екпіні, жылдамдығы, әуені мен мәнеріне еліктең, буындар тізбегін айтады. Онымен қоса былдыр сөздердің көлемі ұлғайып, үлкендердің артынан түрлі буындар мен сөздерді қайталауға тырысады.

Балалар 9-12 айға дейін алғашқы сөздерін игеріп, белсенді сөйлеу тілі қалыпты жағдайда дамығандығы зерттеу жұмысы аясындағы тәжірибе барысында анықталды. Біздің байқағанымыз тілді түсіну және бірінші сөздерді дамыту негізінде былдырлау мен еліктеу қабілеттері пайда болады. Баланың былдырлауына енген буындар бала өмірінің бірінші жылышында олардың айтатын сөздерінің құрамдас бөлігіне айналады, мәселен: ***a-ke*, *a-jse*, *a-na*, *mə*, *al*, *қой*** және т.б. Бір жасқа тақаған шағында бала бір буынды бөлек сөздерді айтуы, белгілі бір тақырып аясында қолдануы әрі айналасындағы адамдар мен заттарды дұрыс атауға талпынысы алғашқы сөздік қор туралы деректерді береді. Бұл жаста баланың заттарды еліктеуіш не аморфты сөздердің көмегімен белгілеуі, өзінің сөздік нұсқасында атауы қоршаған ортаны сезім мүшелерінің көмегімен тану тәжірибесін байқатады. Балада жақын адамдары, қоршаған заттар әлемі, құбылыстар мен іс-әрекетке түсу т.с.с. туралы түсінік қалыптасады. Осы жас кезеңінде өзі білетін бейнелер мен заттарды үлкендер күнделікті айтып отырған белгілі бір дыбыстардың тізбегімен байланыстыру үлкен жетістік болып табылады.

Алғашқы былдыр түріндегі сөздік бірліктердің пайда болуы (5-6 ай шамасында) баланың коммуникативті-танымдық белсенділіктің жаңа деңгейіне өтуін білдіреді. Баланың сөйлеу тілі А.А. Леонтьевтің анықтамасы бойынша «сөздік» сипатқа ие болады, яғни сөз «психолингвистикалық бірлік» ретінде қалыптаса бастайды [71].

Е.Н. Винарская ерте жастағы баланың сейлеу тілінің дамуының алғашқы кезеңдердегідей келесі сатыларында да баланың үлкендермен эмоционалды түрғыдан қарым-қатынасының маңыздылығын атап өте отыра, сәби ересектердің сөйлеу тілінің синтагмаларына сәйкес келетін синкремтикалық дыбыстық кешендерді еліктеу арқылы менгеруге кірісетінін» белгілеген [89].

Сөйлеу тілі онтогенезінің дамуы барысында сөздің буындық құрамының әр жасқа сәйкес ерекшеліктері мен көріністерінің болуы қалыпты жағдай деп есептейміз. Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың барысында екі жастан асқан балада дауысты дыбыстардың бір-біріне ұқсас нұсқада айтылуы анықталып, оған сөздің дыбыстық-буындық сипатының аморфтылығы тән екендігі белгіленді. Уш жасқа дейінгі балаларда буындар санының қысқаруы және

айтылуы қын сөздердің кез келген трафаретті сөзбен алмасуы не сөйлемнің жалпы екпінін сақтау мақсатында сөйлеу әрекеті барысында үзілістердің болуын байқадық. Таныс емес сөздер және буындық құрылымы күрделі мысалдарда буындар не дыбыстарды айтпай қалу, дыбыстар мен буындардың орнын алмастыру, дыбыстардың субSTITУЦИЯСЫ қалыпты жағдайда дамып отырған сөйлеу тіліне тән деп айтуда болады.

Сөздің дыбыстық құрамы дұрыс буындық құрылымына әсер етеді. Ызың және сықырық, үнді *p* дауыссыздары айтылым жағдайы мен олардың менгерілуінде қын болғандықтан ұзақ уақыт қалыптасады, сол себепті құрамында олар бар буындар кеш айтылады. Эрине, бала сөздің барлық буындарын бірден айту дағдысын менгермейді. Зерттеу жұмысымыздың барысында белгілі бір кезеңде буындарды айтпай қалу (элизия) не сөздік бірлікті толыққанды дыбыстамау жағдайлары анықталды. Мұндай үдеріс екі-үш буынды сөздерде көрініс табады, мысалы: *ши* (сиыр), *ұтта* (үйікта), *мами* (маймыл), *абтос* (автобус), *қоқам* (корқамын), *пистота* (пистолет) т.б.

Құрылымы әртүрлі буындарды менгеру уақытына байланысты ойымызды білдіретін болсақ, бастапқыда бір құрамды (*ал*, *мә*, *ол*, *ұл*) және бір буынның қайталануы арқылы жасалған (*ма-ма*, *па-па*, *тә-тә*, *да-да*, *би-би*, *ля-ля*, *үф-үф*, *құт-құт*) сөздер туындаиды. Одан кейін бала әрқайсысы бөлек, ашық буындардан құралған екі құрамды сөздерді *ба-ла*, *бо-пе*, *а-га*, *ко-ке*, *ә-же*, *а-па*, *а-та*, *ку-ку* (кукла), *ка-ша*, *көзе* (көже), *ке-се*, *ни-ни* т.б.) айтуда машиқтанады. Келер кезеңдерде ерте жастағы баланың сөйлеу тіліндегі буындық модель күрделене түсіп, үш буыннан құралған сөздер қолданыста болады, мысалы: *секіди* (секірді), *абайла*, *тәлелкі* (тәрелке), *телешиби* (теледидар), *меники* (менікі), *қаңайғы* (қараңғы). Біз байқағандай ашық буындар сөйлеу тілінің дамуындағы алғашқы кезеңінде басым болады, одан кейін түйік және бітеу буындар туындаиды: *ат*, *аш*, *аю*, *ет*, *аяқ*, *іш*, *ай*, *ұл*, *ит*; онымен қоса қайталанатын *бақ-бақ*, *кан-кан*, *қар-қар*, *шық-шық*, *тик-так*, *тық-тық* және қосарланбаған *бас*, *шаши*, *бет*, *көз*, *тіс*, *тіл*, *қол* т.б. мысалдар. Ерте жаста сөйлеу тілі дамуының келесі кезеңінде *сүт*, *нан*, *май*, *шәй*, *қыз*, *қой*, *лақ* сияқты бір құрамдас әрі бір буынды толыққанды сөздер қолданысқа енеді. Мұндай сөздер баланың тарапынан қындау айтылады, себебі дыбыстар арасында үзіліс түрінде туындаитын артикуляциялық органдарды келесі дыбысқа дайындау мүмкіндігі болмайды, сол себепті бала сөздерді бөліп айтады. Ашық, түйік және бітеу буындарды менгеру арқылы баланың сөйлеу тілінде жаңа сөздер пайда болады, мысалы: *ба-нан*, *то-қаш*, *кәм-пим*, *ай-ран*, *ба-лық*, *ал-ма*, *бот-қа*, *та-мак*, *мұ-рын*, *құ-лақ*, *ар-қа*, *сая-сақ*, *ба-қай* т.б.

Қорытындылай келе ерте жастағы баланың сөздің буындық құрамын менгеру үдерісі біртіндеп басталып, өзара алмасып келетін бірнеше кезеңнен тұратынын айтып өткіміз келеді. Үш жасқа таман баланың қалыпты дамуы жағдайында сөздің буындық құрамын қабылдау,

қайталау және өздігінен айтуда қындықтардың мулдем жоқ болатынын зерттеу барысында байқады.

Тілдің дыбыс құрамы мен жүйесі сыртқы ықпалға көне бермейтін ең тұрақты саласы болғандықтан қазак тіліндегі сөздердің буындық құрамын талдау аса қынға соқпайды. Жасалу жолына қарай буынның құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес мысалдар алынды:

- екі дыбысты түйік буыннан тұратын сөздер (*ам, от, ет, ем, ел*);
- үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (*дон, қол, қыс, құс, мос*);
- екі дыбысты екі ашық буыннан тұратын сөздер (*ба-қа, ша-на, ма-са*);
- бір дыбысты ашық буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (*а-та, ә-же, а-на, а-па*);
- бір дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (*а-сық, а-гаш, о-жасу, е-сік*);
- екі дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (*мы-сық, қа-сық, ба-лық, са-гат*);
- үш дыбысты бітеу буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (*тақ-та, бал-та, мақ-та, бал-га*);
- үш дыбысты екі бітеу буыннан тұратын сөздер (*қас-қыр, сан-дық, тор-гай, жаң-зак*);
- екі дыбысты түйік буын мен екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (*ал-ма, еши-кі, ай-на*)
- екі дыбысты түйік буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (*ас-пан, іл-гіш, ор-ман*)
- екі дыбысты үш ашық буыннан тұратын сөздер (*ша-га-ла, са-қи-на, те-ре-зе*);
- дауыссыздар тоғысып келген сөздер (*бұлт, қант, құрт, танк*);
- әртүрлі үш буынды сөздер (*ба-ла-пан, қа-рын-даш, жұ-мырт-қа, қу-ыр-шак*).

Осындай мысалдарды айту кезіндегі екі-төрт жастағы балалардың сөздің буындық құрамын менгеру ерекшеліктерін сипаттайтын болсақ:

1. Жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын ашық буындарды *та-та-те-то-ту-та; па-пә-пе-по-пу-пя; на-нә-не-но-ну-ня; га-ғә-ғе-ғо-ғу-я; қа-қә-ке-ко-ку-қя* айту өзгеріссіз болады. Бірақ екі немесе үш буынды сөздерде басқа көршілес дыбыстардың әсерінен өзгеріске ұшырау (жұмсақ айту) жағдайлары орын алады немесе кейбір балаларда сөйлеу екпіні жылдам болуымен сөз ішінде буын айтуындағы қателіктер байқалады. Мысалы, *ба-та* сөзін жеке буындан асықпай айтуда өзгеріс жоқ, ал сөз ішінде *бя-та* деп айтуы кездеседі. *Бі-лі-мі, қа-ла-га, жуы-ну, ау-ру, да-ла, та-ма-ша* сияқты сөздерді буындан айту кезінде жеке буындарды пауза арқылы ешқандай бұзылыссыз айтады.

Сөздің құрамында ортаңғы буындары өзгеріске ұшырайтынын аңғаруға болады: *бі-ли-мі, біл-мі, қа-ля-га, жуу-ну, жу-ну, ауы-ру*.

2. Соңы дауыссызға аяқталатын түйік буын *ам, ақ, от, ой, ор, он, оқ* сөздерін кейір балалардың менгеруінде қыншылықтар дыбыс айта алмаумен тығыз байланысты. Егер 3-4 жастағы бала буынды аяқтаушы дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алмаса, онда сөзсіз айтуга тиісті буынды дұрыс айта алмаушылығы анықталады.

3. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын бітеу буын: *бас-тық, тақ-пақ, бұл-бұл, бұр-шақ, шақ-пақ, шын-тақ, тыш-қан, сыр-мақ, қай-мақ, қал-пақ, тор-сық*.

4. Буындарын айтуда ұқсас дыбыстармен шатастыру өте жиі кездесті. *Бас-тық—баш-тығ/ тақ-пақ-тағ-бас/ бұр-шақ-пұр-сағ* т.б.

Үш-төрт жастағы балаларда қос дауыссыздар кездесу жағдайындағы сөздер бойынша буын құрамын зерттеу барысында балалардың қос дауыссыздардың ортасына дауысты дыбысты қосып, буынды өзгертуі орын алды. Мысалы, *қант-қа-ныт, қарт-қарыт, былқ-былық; тарс-тарыс*. Сондай-ақ кейір балалар осы буындық тіркестерді айтуда зандалықты сақтап айтады, бірақ бірінші дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстармен бұзып айтуы кездесті: *қант-ғант, қарт-ғарт, былқ-вилқ, тарс-дарс*.

Ана тіліміздегі кірме сөздерде кездесетін буын соңында 3 дауыссыз дыбыстың қатар келу жағдайында *пункт, фильтр, се-мествр* сөздері бойынша өзгеріске ұшырау жағдайлары орын алды. Бірінші дыбыстарды басқа дыбыстармен алмастырып айтуы мен соңғы дыбыстың алдындағы дыбысқа дауысты дыбысты қосып буынды өзгертіп айтуы: *пункт – бун-кіт, фильтр – бил-тыр*.

Екі-төрт жастағы балалардың буын айтудағы бұзылыс түрлері бойынша буын санының қысқартылуы, буын қосып айтуы, буындарды жеңілдетуі мен буындарды ұқастыру бойынша төмендегідей мысалдар анықталды: *Әмина – Ә-на, орындық – оғ-дық, көбелек – көө-век, телефон – ти-пон, көпір – көпінір, сурет – суререт, кеме – екеме, құс – ғұыс, кітап – кк-аап, домбыра – домдомла, төсек – төгсек*. Балалар сөйлеу тілінде сөздің дыбыстары мен буындарының орындарын ауыстырып шатастырады не мұлдем айтпай, қалдырады немесе артық дыбыстарды және буындарды қосып алады. Мысалы, ескек сөзін *екесек* деп, кітап – *каптан*, бұтақ – *бұғытаб* деп өзгертеді. Осының барлығы сөздің құрамындағы буындар және дыбыстардың шатасып, сөздің буындық құрылышының бұзылғандығын көрсетеді. Мұндай жағдайлар әсіресе үндестігі жағынан ұқсас дыбыстардың қатар келуінің салдарынан немесе қос сөзден құрылған күрделі тіркестердің қындығынан жиі болады.

Буын тізбектерін айтуды бойынша басым көпшілік балалар ұқсас дыбыстарды қындықтармен ажыратады. Буындарды естіп ажыратуда *ба-па-ба, ка-қа-ка, га-га-га, ма-па-ма* буын тізбектері берілді. Дыбыстар мен буын тізбектерін айттыру кезінде 4 жастан асқан

балаларда кездескен негізгі қателіктер дыбыстарды қайталауда екі дыбысты да бірдей естуі немесе басқа дыбыспен шатастырып айтуы кездесті.

Екі жас – үш жастағы балалардың буын айту ерекшеліктері;

Бір дыбыстар құралған ашық буынды айтуда еш киындықсыз *a/ə/o/u/y/e/*; айта алады. Сонымен қатар буындарды қайталап айттыра отырып, дауыс интоннациясы мен қарқынын, ритмі мен күшін бақылай білуге мүмкіндік болды. Балалардың тыңдай білу қабілетіне назар аударылды.

Ашық буын тізбегін айта білуде *ta/tə/me/mo, na/nə/ne/no, na/nə/he/no, ga/gə/ge/go, ka/kə/ke/ko* фонематикалық есту қабілеті қалыпты дамыған балаларда қатесіз қайталап айтып бере алады.

Екі дыбыстан құралған бітеу буынды, 3 дыбыстан құралған бітеу буындарды айтуда айту кезінде ұқсас дыбыстарды шатастыру, дауыссыз дыбыстарды жұмсаарту орын алды: *ат-аты-атыу; аи-ас-ашь-ась; от-оть-одь ем-им-евм-ием, ес-иесть-есь-ежись; тат-дат, дад, дать, тять, тавт; көл-гөль, коөл, көул, гоул.*

Буын ішінде қос дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда қант-қад, қаянт, қандт, қантыт, былқ-, вылқ-, выңқ-, вұлқ- артық дыбыстардың тіркесін айтудың кездеседі. Сөйлем барысында балалар тіліндегі мысалдарынан 1 буынды сөздерді айтудағы ерекшеліктерін берілген мысалдардан көруге болады. Яғни дауысты дыбысқа қосымша дауысты дыбыстарды немесе дауыссыз дыбыстарға ұқсас дыбыстарды тіркестіріп айтуы байқалады. *Көз-көіз, көз, көз, әке- әкге, әге, акке.*

Буынның «жылышу» заңына сәйкес (сөз ішінде біркелкі дауысты дыбыстар қатысқан жағдайда) дауыссыз дыбыстар өзгеріске ұшырайды екен. Оған дәлел бала тіліндегі келесі мысалдары *далада-да-ва-ва; ғағада, ғалава, қалага-қалияга, қалға, қалауга, балапан-бапан; балупан, балдапан*. 2-3 жастағы балаларда буындарды жеңілдету: *құс-құ-ыс, әкем- әкге балупан, балдапан* т.б.

Буын санын қысқарту мысалы, балапан-бапан; от-ын-от-н бұзылыстары кездеседі.

3-4 жастағы балалардың буын айту ерекшеліктері: бір және екі дыбысты ашық буындарды дұрыс айта алады. 3 дыбыстан құралған 2 бітеу буынды сөздерді айтуда ұқсас дыбыстарды шатастыру, дауыссыз дыбыстарды жұмсаарту бір дыбысты екі рет қайталау сияқты ерекшеліктер орын алады. *Бастық-баш-тығ; баш-тық, бассық, бастығ; тақпақ-тағ-бағ, та-пақ, табқақ, бұлбұл -был-бұл; вул-вул, пұл-пұл, бұршақ-бұр-шағ, буришак, шақпақ-шағ-бағ, шаппақ, шағбақ, қаймақ-гай-мағ, қаммақ* т.б.

Буын ішінде қос дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда бір дауыссызды айтпай кету немесе бірінші дауыссыздан кейін *ы, i, a* сияқты қосалқы дауысты дыбысты қосып айту ерекшеліктері байқалады: *тарс-дарс; қарт-қарыт; қазт* – артық дыбыстардың тіркесін

айтылуы да кездеседі. Сөйлем барысында балалар тіліндегі мысалдарынан: **көз-кө-өзі, әке-әг-е; от-ын-от-дн.**

Қос дауысты дыбыстың қатар келуі мен ұқсас дыбыстарға алмастыру кездеседі екі буынды сөздерді қатесіз айтатын да жағдайлар кездеседі. Мысалы, **бата- бата, бала-бала т.б. шақпак-шаг-баг.**

Сөйлемде біркелкі дауысты дыбыстар қатысқан жағдайда дауыссыз дыбыстар ұқсас дыбыстарға өзгеріп айтылады. Көп жағдайда дұрыс айта алады.

Екі – уш жастағы балалар бір дыбыстан құралған ашық буынды айтуда еш қиындықсыз **a/ә/o/u/ы/e/**; айта алады. Сонымен қатар буындарды қайталап айттыра отырып, дауыс интонациясы мен қарқынын, ритмі мен күшін бақылай білуге мүмкіндік болды. Балалардың тындай білу қабілетіне назар аударылды.

Ашық буын тізбегін айта білуде **ta/tə/me/mo, na/nə/ne/no, na/nə/ne/no, ga/gə/ge/go, ka/kə/ke/ko** фонематикалық есту қабілеті қалыпты дамыған балаларда қатесіз қайталап айтып берсе алады.

Екі дыбыстан құралған бітеу буынды, 3 дыбыстан құралған бітеу буындарды айтуда айту кезінде ұқсас дыбыстарды шатастыру, дауыссыз дыбыстарды жұмсаарту орын алды: Буын ішінде қос дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда қант-қад, қаянт, қандт, қантыт, былқ-вылқ, выңқ, вұлқ – артық дыбыстардың тіркесіп айтылуы кездеседі. Сөйлем барысында балалар тіліндегі мысалдарынан 1 буынды сөздерді айтудағы ерекшеліктерін берілген мысалдардан көруге болады. Яғни дауысты дыбысқа қосымша дауысты дыбыстарды немесе дауыссыз дыбыстарға ұқсас дыбыстарды тіркестіріп айтуы байқалады.

Буынның «жылысу» занына сәйкес (сөз ішінде біркелкі дауысты дыбыстар қатысқан жағдайда) дауыссыз дыбыстар өзгеріске ұшырайды еken. Екі-үш жастағы балаларда буындарды женілдету: **құс-құ-ыс, әкем- әкге балупан, балданан** т.б. Буын санын қысқарту жағдайлары кездеседі.

Үш-төрт жастағы балалардағы буын айту ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, бір және екі дыбысты ашық буындарды дұрыс айта алады. 3 дыбыстан құралған 2 бітеу буынды сөздерді айтуда ұқсас дыбыстарды шатастыру, дауыссыз дыбыстарды жұмсаарту бір дыбысты екі рет қайталау сияқты ерекшеліктер орын алады. Буын ішінде қос дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда бір дауыссызды айтпай кету немесе бірінші дауыссыздан кейін **ы, i, a** сияқты қосалқы дауысты дыбысты қосып айту ерекшеліктері байқалады, яғни артық дыбыстардың тіркесіп айтылуы да кездеседі.

Қос дауысты дыбыстың қатар келуі мен ұқсас дыбыстарға алмастыру, екі буынды сөздерді қатесіз айтатын жағдайлар кездеседі. Сөйлемде біркелкі дауысты дыбыстар қатысқан жағдайда дауыссыз дыбыстар ұқсас дыбыстарға өзгеріп айтылады. Көп жағдайда дұрыс айта

алады. Үш-төрт жастағы балаларда буындарды жеңілдету, буынды алмастырып айту, буын қосу, буындарды тастап кету ерекшелігі бойынша барлық мысалдар кесте түрінде берілді.

Үш-төрт жастағы балаларда буындарды жеңілдету: **тақбақ-табқақ, қаймақ-қамақ шаппақ, отын-от-и, одын**. Буынды алмастырып айту: **са-ма-нақ, кө-ле-бек**. Буын қосып айту **құс-ғұ-ығ-ыс**; Буын айту ерекшелігі бойынша барлық мысалдар кесте түрінде берілді. (4-Қосымша).

Сурет бойынша **ат – от, балта – балға, ала – ара, қаз – қыз** т.б. мысалдарды тауып көрсетуде қателіктер аз болды. Балалар буындық құрамы құрделі сөздерді айтуда қиналады: сөздің буындық құрылымын әрдайым дұрыс айта алмайды (сөздерді қысқартады), буындар мен жеке дыбыстарды ауыстырады немесе тастап кетеді: **катуга** (қайтуға), **уды** (ұрды), **бемим** (бермеймін), **мамақ** (тамақ), **ескаато, экскаватор** (экскаватор), **матис**(мотоцикл), **бесет** (велосипед). Екі немесе үш дауыссыздар қатар келген жағдайда қарапайым бір-екі буынды сөздерде оңай айтылатын дыбыстар да жиі түсіп қалады: **шаап** (шкаф), **такт** (трактор). Дыбыстар, буындық құрамы құрделі сөздер, бірнеше дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді айтуда кейбір кемшіліктер сақталады (3-Қосымша).

5-6 жаста балалардың көпшілігі сөздің буындық құрамын дұрыс айтады, ал 4 жастағыларда мынандай қателер байқалды: балалар - **балалал, балал, Қорлан, құрылышы - құлышы, құлышы, балдырган - бадыған, балдыраган, балдыргаган, орамал – омарал, орапал, омралал**.

Сонымен, балаларда сөздің буындық құрамының қалыптасуы 5-6 жаста жақсы көрсеткішке ие, 4 жасқа дейін кейбір жоғарыда көрсетілген қателер кездеседі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздің буындық құрамын менгеруде келесідей кезектілігін белгілеуге болады:

1. Айтуға жеңіл буын болып табылатыны ол, дауысты, кейін дауыссыз дыбыс тұрган тік буын. Осыған орай бала дауысты дыбыс+дауыссыз дыбысы бар екі-үш буыннан құралған сөздер моделін игереді: ана, әке, бала, орамал; кейін дауыссыз +дауысты+ дауыссыз дыбыстардан құралған буындарды менгереді: бас, тас, қас.

2. Ары қарай бала ашық буынды жабық буынмен қосып, сөздер айтады: Сапар, жабық, талап.

3. Келесі болып айтылатыны дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздер (қақпа, малта). Кейін дауыссыз+дауыссыз+дауысты дыбыстардан (ста, стө), дауысты+дауыссыз+дауыссыз дыбыстардан құралған буындар.

4. Ең жеңілі дауыссыз дыбыстардың сөз ортасында қатар келуі (алма, алға, апта), қыны дауыссыз дыбыстардың сөз басында (стақан) қатар келуі.

5. Екі дауыссыз дыбыс екі буында қатар келген сөздер (қасқыр, балта, қалампыр).

III. ОНТОГЕНЕЗДЕ БАЛАНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

3.1 Ерте жастағы балалардың сөздік қорының қалыптасуы

Сөз – сөйлесу, пікір алысу үдерісіндегі ең басты тұлға. Сөз жеке тұрғанда зат, сын не қимылдың атауы болып, номинативті қызмет атқарады. Ол дербес қолданылып, грамматикалық тұлға ретінде әртүрлі дауды ыргағымен айтылса да әрі хабарлау, әрі қабылдау мәніне ие болады. Демек, сөз мағына, ұғым, сезім мен ойды білдіре отырып, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысым бірлігі болып табылады. Балаларға лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормалар мен зандылықтарды үйретумен қатар, қарым-қатынас жасау және сөйлеу мазмұнына орай лексикалық құралдарды орынды пайдаланып, ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білу дағдылары мен икемділіктерінің қалыптасуына ықпалдасу қажет.

Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың тағы бір ерекшелігі – олар көбінесе сөзді өзіне қаратып айтады, яғни бала кейде өз-өзімен сөйлесіп отырады. Сөйлеудің бұл түрін Ж. Пиаже эгоцентрлік сөйлеу деп атаған. Әдетте ересектер ойлау үдерісін іштей сөйлеу нәтижесінде іске асырады. Иштей сөйлеу мектеп жасына дейінгі балаларда әлі қалыптаспағандықтан, өз ойын өзіне естіртіп айтады. Демек эгоцентрлік сөйлеу – өзгеге арналмай, өзіне бағытталған ойды жеткізудің ерекше түрі. Бала ойлау үдерісін жүзеге асыру үшін белгілі бір сөзді тірек ретінде пайдаланады, әйтпесе оның ойлауы мүмкін емес. Бала ойын жеке сөз ретінде естіртіп айтады. Сондықтан эгоцентрлік сөйлеу бөгде біреумен қатынастың түрін емес, өз ойын іштей өзіне жеткізу болып табылады. Ж. Пиаже эгоцентрлік сөйлеу балада 7 жасқа дейін сакталады да, кейін мұлдем жоқ болып кетеді дейді. Бұған белгілі ғалым Л.С. Выготский қарсы шығып, бала жеті жасқа толғанда эгоцентрлік сөйлеу мұлдем жойылып кетпей, оның іштей сөйлеуіне айналатындығын дәлелдейді. Л.С. Выготскийдің пікірінше іштей сөйлеу сырттай сөйлеу нәтижесінде дамып шығады. Сырттай сөйлеу бірден іштей сөйлеуге айналмайды, эгоцентрлік сөйлеу бұл екеуінің арасын ұштастырып, кейін жоқ болып кетеді деген пікір айтады [40, 91].

Иштей сөйлеу сырттай сөйлеудің негізінде қалыптасады, яғни бала өзімен-өзі құбірлеп, сөйлесе бастайды. Бұл сөйлеу бірте-бірте азая келіп, іштей сөйлеу формасына айналады дейді. Ал М.Мұқанов мектепке дейінгі жаста іштей сөйлеу болмайтыны, сөйлеудің тек сырттай сөйлеу түрін ғана пайдалануға қабілетті екенін айтады [92].

Сөздік қордағы әрбір сөз тілдік зандылықтарға бағынады, сонымен қатар бұлар тілдің қарым-қатынасқа тұсу мүмкінділіктерін арттырады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш.Оразбаева егер адам тілдік зандылықтарды білмесе, сөздік қорында неше сөз жиналса да, өз ойын түсінікті жеткізе алмайды дей келіп: «Лингвистикалық зандылықтар мен грамматикалық ережелерді үйренбей тұрып, адам өз ойын дұрыс жеткізе алмайды... Бір-бірімен байланысқа түспесе, белгілі бір сөздердің тобы қаншама көп болғанымен, ой түсініксіз

болады. Айтайын деген ой ұғымсыз болса, оны екінші адам түсінбесе, тілдік қатысым да жүзеге аспайды. Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас сөздік кұрам мен сөздік қордың мол болуына қарай еркін жүзеге асады, түсінік тез жүреді. Лексикалық қор тілдің өсуімен бірге тілдік қатынастың мүмкіндігін арттырады», – деп көрсетеді [93].

Сөздік қорды пайдаланудың мүмкіндіктері лингвистикалық заңдылықтарға байланысты болады. Сөздік қордағы әрбір сөзді қатысым әрекетінде қолдану үшін балалардың бойында сөйлеу икемділіктерді мен дағдысы болу керек. Ал сөйлеу икемділіктері мен дағдысы адамның сөздік қордағы әрбір сөзді қарым-қатынас әрекетінде қолданумен байланысты.

М. Балақаев балалардың бойында сөздік қордың төмен болуы, олардың сөйлеу мәдениетіне әсер ететіндігін айтады: «Көптеген балалардың тіл мәдениетінің төмен екенін көрсететін кемшілік – олардың сөздік қорының жарлылығы, сөздік қордың аздығы – баланың ой-өрісінің тарлығын байқатады. Олар тілдегі бар синонимдерді жақсы білмегендіктен кейір сөздерді орынды не орынсыз қайталайды, кейде сөздерді өз орнында қолданбай, мағыналық үйлесім жоқ еркін және тұрақты тіркестер құрамында жұмысайды». Соңдықтан баланың игерген сөздік қорын қарым-қатынаста пайдалана білуге жаттықтыру қажет[94].

С. Рахметқызы сөз байлығын молайту мәселесін балалардың тілін дамыту тұрғысында қарастыра келе, оны тіл дамыту жұмыстарының бір бөлігі ретінде тұжырымдайды [95].

Галымдардың пайымдауынша сөзді менгерудің мынадай кезеңдері бар:

Алғашқы кезең – балалардың сөздік қорындағы алғашқы сөздің пайда болуы және сол сөзді айтқан кезі. Бұл кезеңде сөздер баланың психикалық дамуына (мінезіне, қабілетіне, темпераментіне т.б.) байланысты 6-10 айлық кезінен басталады. Баланың алғашқы сөзі көбінесе туыстық атаулар және күнделікті жиі ұшырасатын негізде болады. Мысалы: *ана, пана, ата, ана* т.с.с. Бұл кезеңде балалар сөздің мағынасын түсіне бермей, тек үлкендерге еліктеу негізінде қайталайды. Мәселен, бала бір сөзben түрлі нәрселерді (адамдарды, заттарды т.б) біріктіріп, оларды тек бір ғана атаумен атайды. Мұндай ассоциацияны психологиялық еңбектерде «шартты рефлекс» деп атайды. Өйткені бала алдымен таңба мен сөз мағынасының ішкі байланысын түсінбей, тек сөз бен зат арасындағы сыртқы байланысын ғана игереді және үлкенде шартты рефлекстің заңымен жүретіндігін дәлелдейді, яғни мұнда бала психикасына әсер етуші екі фактор бар: сөздің дыбыстық жағын зат деп көрсетеді. Бұл кезеңде бала сөздің мағынасын түсінбей, оны үлкендерге еліктеуден тұған сөздер арқылы бірнеше заттардың мағынасын біріктіріп, бір сөзben айтады. Дегенмен үлкендер баланың сөздік қорындағы алғашқы сөздер болып табылады.

Екінші кезең – баланың сөздік қорындағы сөздердің оны күнделікті өміріне байланысты берілуі. Сөздер арқылы бала тұтастай бір сөйлемді немесе бір сөзben көп ұғымды бере алады. Бұл кезеңде балалар өздеріне таныс жағдайларға қарай сөздерді жалпылауыштық

қызметте қолданады. Бір жаста нәресте оннан астам сөз біледі. Бірақ ол менгерген сөздерінен сөйлем құрастыра алмайды. Жеке сөздерге сөйлемдік, тіпті одан да көп мазмұн беріп сөйлейді. Бұл кезеңдегі баланың сөзін сөз–сөйлем деп атайды. Сәбидің бұлайша сөйлей бастауы оның ми әрекетінде екінші сигналдық жүйесінің пайда болуымен байланысты. Демек бұл кезеңдегі балалар сөзді қолданғанда өздеріне таныс жағдайларды бір сөзben ғана жеткізеді.

Ушінші кезең – баланың сөздік қорындағы зат есімдер, сын есімдер және етістіктердің қосылып, жай сөйлем құрау кезеңі. Бұл шақ балалар ойын «сөз – сөйлемдер», «сөз – еліктеу» емес, жай сөйлемдер құрастыра алу қабілетімен ерекшеленеді.

Төртінші кезеңде балалардың сөздік қорында барлық сөз таптарындағы сөздер кездеседі. Ғалымдардың зерттеу енбектерінің нәтижелеріне сүйенсек Ф.А. Сохин, Р.Ш.Каримова, К.Молдабек т.б. [33, 96, 97], Бакиянова Б. мектепке дейінгі балалар тілдің бүкіл фонетикалық ерекшеліктерін менгереді, дыбыстардың вариантылығымен бірге тілдің грамматикалық құрлысын менгереп алады деп есептейді. Бұл кезеңде балалардың сөздік қоры (2500 – 4000 сөз аралығында) болатындығын айтады. Бұл балалардың түрлі ақпараттық құралдармен (радио, теледидар) құнделікті қатынаста болуы, үлкендер және құрдастарымен сөйлесу нәтижесінде жүзеге асырылады [60].

Бесінші кезең – балалардың мектеп жасындағы кезеңі. Мектепте балалардың сөздік қорын оқыту арқылы жоспарлы түрде молайтуға болады.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бірлік. Тіл арқылы біз ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Адамдар тілдің көмегімен бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі, белгілі бір жағдаяттар мен тұлғаларды сипаттап, пікір қалыптастыруда тілді пайдаланады. Онымен қоса нақты бейненің бар болмысын суреттеу және бір-біріне ойын жеткізу мақсатында тілдік құрылымдарды түзеді.

Ерте жас – сөйлеу тілінің қарқынды даму кезеңі. Бала ана тілін менгеруде ерте жаста айтарлықтай табыстарға жетеді, ол тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын менгереді. Бұл жастағы баланың сөйлеу тіліндегі ең үлкен жетістік – ол үшін әрбір сөз белгілі бір мағынаға ие бола бастағанында. Ерте жаста баланың енжар сөздігі жылдам дамиды. Бала екі жасқа таман ересек адам айналасындағы заттарды атап сөйлегенде барлық сөздерді ұғынуға тырысады. Жасы өсken сайын баланың енжар сөздігімен қатар белсенді сөздігі де молая бастайды.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында «*The MacArthur Communicative Development Inventory*» деп аталатын ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтауға арналған американдық сауалнаманың орыс тіліндегі нұсқасынбұғ ған дейін біз аударып, қазақ тіліне бейімдеп дайындаған екі түрлі тест, қайта қарастырылып, тәжірибе жұмысына пайдаланылды. Сауалнаманы орыс тілінде филология ғылымдарының докторы,

профессор С.Н. Цейтлин басқарған А.И. Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің Бала тілі кафедрасының ұжымы 2002 жылы американдық нұсқаның авторлары Л.Фенсон мен Ф. Дейлдің рұқсатымен орыс тіліне бейімдеп, дайындаған. Біздің тарапымыздан келесідей екі түрлі сауалнама таратылды: Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі тұрғысынан және коммуникативтік дамуының тесті: сөз және ым-ишаралар бойынша 8 айдан 1 жас 5 айға дейінгі жастағы балаларға арналған «Көжек» тесті және Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі тұрғысынан және коммуникативтік дамуының тесті: сөз және сөйлем бойынша 1 жас 6 айдан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған «Қонжық» тесті (5,6-Қосымшалар). Аталмыш тесттер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес түзетіліп, бір формага енді.

Сөйлеу тілі психикалық қызмет болғандықтан, басқа да қызметтердің әсерін сезіне отыра және өз кезегінде олардың қалыптасуына ықпал ете отыра, өзінің ретті кезеңдерін өткереді. Ғалымдардың пікірі бойынша сөйлеу тілінің онтогенезде дамуында төмендегідей 2 кезең белгіленеді: сөйлеу тіліне (сөзге) дейінгі және вербалды сөйлеу тілі. Сөйлеу тіліне дейінгі кезең туылғаннан 1 жасқа дейін болады. Осы кезең бойынша ой-тұжырымдарымыз берілгенде негізіндегі мысалдар осы еңбектің 2.1. тармақшасында көрсетілген (1-Қосымша).

Сөйлеу тілі дамуының екінші кезеңін шартты тұрде 1 жастан 3 жасқа дейін деп белгілейді. Көптеген ғалымдардың пікірінше үш жасқа таман сөйлеу тілінің барлық негізгі компоненттерінің (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық бірліктер, байланыстыра сөйлеу тілі) қалыптасуы аяқталады, бірақ бұл тұжырым сөйлеу тілінің дамуы осы жаста аяқталады дегенді білдірмейді. Ғалымдар мен зерттеушілер үш жасқа таяу сөйлеу тілінің тұрақтануын, оның дамуына жауап беретін негізгі ми құрылымдарының қалыптасуының аяқталуымен байланыстырады.

Психикалық дамудың барлық жақтары өзара байланыста және өзара тәуелді екені баршамызға мәлім, сондықтан баланың сөйлеу тіліне дейінгі және сөйлеу тілінің дамуын негізгі психикалық дамудан тыс қарастыруға болмайды. Баланың сөйлеу тіліне (сөзге) дейінгі және вербалды сөйлеу тілінің дамуы психикалық тұрғыдан жетілудің өзге жақтарының (моторлы, эмоционалды, танымдық және әлеуметтік-коммуникативтік) жетілуімен тығыз байланыста болады.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың аясында 6 айдан 2 жасқа дейінгі балдырғандардың сөйлеу тілін зерттеу барысында тілі қазақ тілінде шыққан балалардың сөйлеу тілі онтогенезіне байланысты мынандай жайттарды байқадық. Бала тілі үлкендермен (ата-анасы, аға-апалары, ата-әжелері, бауырлары т.б. туыстары) қарым-қатынас кезінде інгеләу, әгулеу және уілден бастап дамып, былдыр сөздер, аморфты түбірлер, ортақ сөздер мен жасына сай сөздік қор-

бірліктеріне дейін жететініне көзіміз жетті. Күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты бала лексикалық бірліктерді артикуляциялық базасының дамуына қарай толық немесе қыскарған, не өзгеріске түсken түрде қолдана отыра, қажеттіліктеріне сай сөздік қорын дамытады. Ерте жастағы бала ойын түрінде берген тапсырмаларды орындау барысында ойыншық, дene мүшелері, бет бөліктері мен жануарлар атауларын атай отыра, жаңа бірліктерді менгереді. Мәселен, бұған дейін мал төлдерінің барлығын «*бөне*» десе, ата-анаы немесе өзге тұлғаның көмегімен, немесе сөйлеу тілінің дамуы және сөздік қорының молаюына қарай «*бұзай, лақ, қозы, бота, көжек, қонжық, балапан*» т.б. сияқты жаңа сөздерді атайды.

Белгілі ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалардың жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктең және топтап айта білуге, әр заттың қайдан пайда болып, неден құралатының түсінуге тырысатындығын атап өтті [40]. Бала алғашқы сөздерді түсіне бастағаннан-ақ, оның қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына мықты ықпал етеді.

Ерте жастағы баланың ана тілін игеруі белгілі бір зандаудықтарға негізделе отыра, оған тән сипаттармен жүзеге асады. Біздің бірнеше жылдан бергі жүргізген ғылыми зерттеуіміз және тәжірибе жұмысымыздың нәтижесінде, сәбидің ана тілін онтогенезде менгеруі өзінің бойындағы туа біткен танымдық әрекетін жүзеге асыру және айналасындағы ересек тұлғалардың сөйлеу тілін өзінше бақылап, талдау және оны ынталандыру негізінде болатыны туралы тұжырымға келдік. Бала менгерген сөздерінің көмегімен өзінің құрбы-құрдастары және үлкендермен қарым-қатынас жасайды. Сөзді тілдің ғимаратын қалайтын кірпіші ретінде есептесек, «осы кірпішті балалар қалай қалайды екен?» деген сұраққа басты назарымызды аудара отыра, зерттеу мен тәжірибе жұмысын жүргіздік.

Сөйлеу тілінің дамуы ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың лексикалық және грамматикалық тұлғаларды менгеруі жас ерекшеліктеріне сай болады, бұл туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылған және мұндай пікірді біз де ұстанамыз. Баланың әр кезең бойынша ана тілінің сөздік қорының дамуы мен грамматикалық жүйесінің қалыптасуын Д.Б. Эльконин, А.А. Леонтьев, А.Р. Лuria, Е.С. Кубрякова, А.М. Шахнарович, С.Н. Цейтлин, С.В. Плотникова т.б. ғалымдар қарастырып, зерттеген [37,38,41,42,43,98].

Д.Б.Эльконин «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік қатынасының кеңеюі және оның қызметі және ересек адамдармен қарым-қатынас мүмкіндігінің өзгеруі сөздіктің біртіндеп өсуіне ықпалдасады» деген тұжырым жасаған [37].

Көптеген ана баласымен туған кезден бастап-ақ өзінше сөйлесе бастайды. Әрине бастапқы кезде баладан жауап реакциясын күтпейді, алайда оның жауабына уақыт қалдырғандай болып сәл кідіреді, кейде ол үшін өзі жауап береді. Бала біртіндеп қарым-

қатынасқа түсे бастайды және сұрақтарға жауап беруге машиқтанады. Баламен қарым-қатынаста ересек адамның балаға қоятын сұрақтарының рөлі ерекше, әсіреле аласы тарапынан болатын. Сұрақтар баланы белсендерді, ол аласының сөздеріне қандай да бір реакциясын білдіруге итермелейді. Сонымен бірге сұрақтардың интонациясы айқын, ерекше болып, баланың қабылдау ерекшеліктеріне байланысты жеңілдетіледі. Біз ұйымдастырған тәжірибеге қатысқан аналар сұрақтардың көмегімен балаларын қандай да бір әрекетті қайталауға ынталандыруға тырысады. Ғылыми жұмысымыздың аясындағы зерттеу барысында Ернұрдың аласының тәжірибе басында және сонындағы сұрақ қою мағынасындағы сөйлемдеріне талдау жасалды. Ол кісінің бастапқыдағы қойған сұрақтарын сұрақ деуге де болмайды, себебі ол әдетте баласынан қандай да бір жауапты күтпейді. АナンЫҢ әлі ерте жастағы баласына жиі қоятын сұрақтары: «*Әкең қайда?*», «*Ернұрдың әжесі қайда екен?*», «*Ернұрдың әкесі баласына не әкеледі екен?*» және т.б. Тәжірибе сонында «*Ернұр қайда?*» деп сұрап, баланың өзін, айнадағы не фотосуреттегі бейнесін көрсетуіне қол жеткізуі мақсат етеді. Ернұрга «*Машинаны қалай жүргізесің?*» дегенде, бала машинаны қолына ұстап: «*вум-вум*» деп жауап берген, «*Ит не дейді?*», «*Мысық не дейді?*» деген сұрақтар арқылы ана баласын дыбыстарға еліктеуге талпындырады.

Сонымен қатар ерте жастағы баланың аласы сұрақтарды қоя отыра, балаға заттардың атауын үйретеді. Айналадағы заттар мен құбылыстарға «затбелгі» таққандай болып, сонымен бірге бала оны қандай деңгейде менгергені де қадағаланады. Ерте жастағы балаларына ата-аласы *кім?, не?, қайда?, қашан?, қалай?, неге?, не үшін?, не істеп отыр?, не деді?* т.с.с. сұрақтарын белгілі бір сөздік бірлікті бала қалай айта алғынын білу мақсатында қойып, оны сөйлеу әрекетіне түсуге ынталандырады. Тәжірибе барысында ата-ананың өздері баласын сөйлеу тіліне үйрететіндерін көріп, түрлі тұжырымдама жасадық.

Сөзге дейінгі кезеңнен алғашқы сөздерге өту – баланың сөйлеу тілінің дамуындағы маңызды үдеріс. Бұл уақытта баланың енжар сөздігінде шамамен 50-70 сөз болады, оларды бала түсінетінін сөздік өтініштерге қатысты баланың жауап беру реакциясынан тексеруге болады, мысалы: «*Күышагыңды алып кел*», «*Допты қорапқа сал*», не мынадай сұрақтар: «*Көзің қайда, көрсетши*», «*Әкең қайда?*», «*Тамақты қалай жейсің?*» т.с.с. Енжар сөздер бала сөйлей бастағанда біртіндеп белсендерді сөздікке көше бастайды. Баланың белгілі бір жас кезеңінде түсінетін сөзінің санын анықтау өте қыын екенін тәжірибе жұмысы барысында байқадық. Кейбір жағдайда баламен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлескенде бұған дейін қолданбаған қандай да бір сөздердің мағынасын білетіні анықталады. Мысалы, 11 айлық Елсана «жіп» сөзінің мағынасын түсінетіні, сонымен бірге сол сөзді оған арнап айтылмаған сөздер арасынан ерекшелей алғыны байқалды. Ата-аласы оның көзінше дүкеннен қызыл түсті жіпті сатып алу керектігі туралы әңгіме қозғағанда, олардың сұқбаты не туралы болып

жатқанын билетінін көрсеткісі келіп, анасының алдында жатқан басқа жіпті ұсынды.

Енжар сөздердің белсенді лексиконға өтуі, не олардың белсендерлілуі неге байланысты болады? Мұндай сөздерді айтуға қажетті артикуляциялық аппараттың қызметінің қолжетімді болуы шешуші фактор болып табылады. Бала сөздің дыбыстық түрінің айтылу мүмкіндіктеріне сәйкес, олардың өзгерілген және женілдетілген түрін пайдалана бастайды. Ол өмірінде болып жатқан жағдаятқа байланысты және белгілі бір жағдайда қажетті затты көрсетеді, не сөзді айтуға тырысады және оны ым-ишарапен білдіру амалдарын пайдаланады. Зерттеу жұмысымыздың негізіндегі тәжірибе нәтижесі бойынша ер балалар мен қыз балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері анықталды. Қыз балалардың сөйлеу тілі ерте дамиды, оларда заттардың атауын білдіретін сөздердің қоры жылдам көбейеді. Ер балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуы қыздарға қарағанда кеш басталады, көбінесе іс-эрекеттің атаулары басым болады, грамматикалық құрылым ерте қалыптасады, бірақ ер балалар «өз тілдерінде» жиі сөйлейді. Біздің байқағанымыз – белгілі бір жағдаятты қыз бала мен ер бала әртүрлі қабылдайды. Мысалға, ойыншық машинаға таласқанда Санжар «*Ber!*» деп қатты айқайлласа, Жансая «*мәшине*» деп ақырын қынқылдайды.

«Бірінші сөздер пайда болған кезде былдыр жоғала ма?» деген сұраққа байланысты зерттеушілердің пікірлері әртүрлі. Зерттеу барысында әрбір бала өзінше сөйлеу мәнерін ұстанатының байқадық. Балаларды бақылаған кезде бала мағыналы сөздерді қолдана бастағанымен, бұрынғы дыбыстық кешендердің сақталатыны да анықталды. Сондай-ақ былдырының сапасы өзгеріп, онда болашақ сөздердің дыбыстық нобайы байқала бастайды. Былдыр мен сөздердің ұқсас болуы көп адамды шатастырады, олар дыбыстардың кейбір үйлесулерін сөз деп қабылдаулары да мүмкін. Қазақ тілді балалардың сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу бойынша жүргізген тәжірибе жұмысының барысында әр баланың ең бірінші сөздерін салыстыру ерте жастағы баланың бастапқы сөздік қоры қалыптасуының кейбір зандалықтарын анықтауға мүмкіндік береді деп қорытындылап айта аламыз.

Зерттеу жұмысы барысында біз ерте жастағы балаларда ата-анасы, отбасының басқа да мүшелері, жақын адамдарымен қарым-қатынас барысында күнделікті қажеттіліктері және түрмис-тіршілігіне байланысты адамдар, дене мүшелері, тамақ, ойыншықтар, жануарлар мен құс атаулары және қимыл-эрекеттерді білдіру сөздері бірінші болып қалыптасатының байқадық. Олардың арасында біртіндеп туындағын лексикалық бірліктер төмендегілер: **мама/ана, папа/әке, ана, әзе/әжсе, ата; ага, тәте, бөне, апай, апе (әпке), көке, агай/ага; үт** (сүт), **аян** (айран), **на**(нан), **ама**(алма), **кәтә** (кәмпіт), **албыз**(қарбыз), **мәмпіт** (кәмпіт), **манан** (банан), **пәндер** (пірәндік), **маймақ** (қаймак); **дола** (дол), **ධөнек** (дөңгелек), **боябақ** (бояу), **кита** (кітап), **ойшық** (ойыншық), **шалик** (шар); **бәш** (бас), **бас, ая** (аяқ), **аяқ, қой** (қол), **қол, бет**, **іс** (іш), **ака** (арқа), **қуақ** (құлак), **ауыз, шаш, көз, алақа** (алақан), **мұйын** (мұрын); **ан-ан** (ит), **мяу**

(мысық), *сиыл* (сиыр), *ат*, *қо-қо* (тауық), *құт-құт* (тауық), *бапан* (балапан, шәже), *иа* (есек), *аю*, *у-у* (қасқыр), *ыш-ыш*, *с-с* (жылан), *ыз* (маса, шыбын); *бей* (бер), *ал*, *қо* (кой), *оти* (отыр), *түй* (тұр), *жүй* (жүр), *жатыл* (жатыр), *кел*, *бей* (бер), *кет*, *коши* (койшы), *зүгід* (жүгірді), *көтей* (көтер), *топ-топ* (жүру), *тоқ-тоқ* (есікті соғу не қагу), *зұна* (көтер), *ауи* (ауырады), *иши* (ішу), *агала* (айғайлау) т.б.

Жоғарыда берілген лексикалық бірліктер бір жастан асқан баланың сөздік қорын белгілейді. Олардың барлығы белсенді қолданыста болмаса да, енжар сөздік қатарында болады, не қажеттілігіне қарай қарым-қатынас барысында пайда болатынын атап өткеніміз жөн. Бала көптеген сөздердің мағынасын түсініп, оларды атамаса да, қолданыс аясын білетінін зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында ата-аналармен сауалнама өткізу кезінде байқап, тұжырымдап отырмыз. Баланың сөздігіндегі белсенді не енжар сөздер қатары бастапқы сөздік қорды құрайды. Ана тілінде айтылып отырған сөздік бірліктерді бала басында үлкендердің айтуы мен қолдануы кезінде нені білдіретінін түсініп, көру және есту қабілеттерінің арқасында жадында сақтайды. Ары қарай баланың даму кезеңдерінде белгілі бір тақырып аясындағы сөздік бірліктер белсенді қолданысқа еніп, фонетикалық түрғыдан айтылуы түзеліп, грамматикалық мағынамен қабаттасып, дұрыс нұсқада, әрі орынды айтыла бастайды.

Ерте жастағы балалардың бастапқы сөздік қоры бірдей болғанымен, уақыт өте келе бірнеше факторға байланысты балалар лексиконы өзгеріске ұшырап, әртүрлі жағдайда жеке ерекшеліктерге ие бола бастайды. Баланың жынысы, танымдық қызығушылығы, әлеуметтік ортасы, отбасындағы жағдайлар, ойын әрекеті, үлкендер және құрбыларымен қарым-қатынас барысында қалыптасқан дағдылары, жеке икемдері және тұлғалық ерекшеліктері сөздік қорының дамуына әсер ететінін атап өткіміз келеді.

Жасы өскен сайын балада қарым-қатынастың қажеттілігі туады. Ол бір нәрсені алғысы, сұрағысы немесе айтқысы келеді. Бұл қажеттілік оның бүкіл қызметіне ілеседі, белсенді сөйлеу тілінің пайда болуының алғышарттары пайда болады. Бір жасқа толғаннан кейін балада сөйлеу тілі тез әрі сапалы турде дами бастайды, алғашқы мағыналы сөздері пайда болады. Олар «автономиялық» болып, яғни тек балаға және оның жақындарына ғана түсінікті болуы мүмкін. Бала қатысым әрекеті барысында қоршаған орта заттарының барлығының атаулары бар екенін біледі, осыдан бастап оның сөйлеу тілі қарқынды дами бастайды.

Белгілі бір мағыналық мазмұны бар әрбір дыбыс, буын, былдыр, аморфты сөз сәби үшін тілдік бірлік болып табылады. Бір жасқа толған бала 10-ға жуық қарапайым сөзді айта алады, бұлар айтылуы жеңіл, мағынасы түсінікті сөздер болып табылады. Бұл кезеңде бала көп былдырлайды, еліктеу және аморфты сөздерді қолданады. Ол сөздерді өзіне назар аударту, керегін алу немесе қанағаттанғанын, не қуанғанын көрсету мақсатында, жаңа нәрсені тамашалау қажеттілігі туындағанда, қолданады. Бала айта алатын сөздер мен түсінетін сөздер

арасында үлкен айырмашылық болады. Кейбір сөздер мен дыбыстар ым-ишарамен нақтыланып, қолданыс аясы белгіленіп, ересектер және басқа балалармен қарым-қатынаста ол үшін қызмет ете бастайды.

Бірінші жыл соңында бала болып жатқан жағдайға сәйкес айтылған «**болмайды**» сөзін түсінеді. Бұл жастағы баланың сөздік қоры тез кеңейеді. Балалармен қарым-қатынаста ересек адамдар мен балалардың есімдері, ойыншықтар, киім не аяқ киім, дене мен бет мүшелері, жиһаз берін көлік атаулары, күн тәртібін реттеу үдерісіне байланысты іс-әрекеттерді білдіретін сөздердің (*беру, алу, ішу, тамақ жасу, жасату, ұйықтау, тұру, жүргүзу* және т.б. қимылдар) саны біртіндеп арта түседі. Осы жаста балалар сөздерге ғана емес, сөз тіркестеріне де еліктей бастайды. Баланың еліктеу қабілетіне байланысты оның сөздік қоры да молая береді. Балалардың сөйлеу тілін зерттеу жұмыстарының барысында баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына айналасындағылармен қарым-қатынастың маңыздылығы да есепке алынады.

Балалар өмірінің екінші жыларында тек сөздермен ғана емес, біртіндеп сөз тіркестері және фразалармен де сөйлей бастайды. Осы кезеңде еліктеу дағдысы арқылы баланың сөздік қоры едәуір өсетінін атап өткіміз келеді. 1 жастан 1 жас 3 айға дейін баланың тілдік реакциясы былдыр мен аморфты сөздер ретінде болады, ол монолог түрінде болуы мүмкін. 1 жас 3 айдан 1 жас 6 айға дейінгі кезеңде сөздер саны көбейеді, баланың қолданатын сөздері айтуға женіл әрі түсінікті, бұл жаста былдырау тез жойылады. 1 жас 6 айдан кейін балалар лексикалық бірліктерді ойын барысында, қимыл-қозғалыс кезінде де қолдана бастайды. Бұл жаста олардың сөйлеу тілі көбінесе жағдаяттық сипатта болады. 1 жас 6 айдан 1 жас 9 ай аралығында сөз саны белсенді түрде көбейеді, бала дұрыс дыбыстайды, бірақ өз бетімен айтатын көп құрамды сөздері әлі қалыптаспайды, болған жағдайда оны тек жақын адамдары ғана түсінеді. Ересектермен бірге қарым-қатынас жасау кезінде балаға айналасындағы ортаны таныстыру мен түсіндіру нәтижесінде баланың сөйлеу тілі барған сайын жақсарып әрі саналы түрде түзеле бастайды. Оның күнделікті тұрмысқа байланысты іс-әрекеттері жетіліп, белгілі бір мақсатқа бағытталғандығы байқалады, онымен қоса зейіні мен назары дамиды. Осы кезеңде балалар «**бұл кім/ne?**», «**мынау ne?**», «**неге?**», «**қайда?**» немесе жай ғана «**ne?**» деген сұрақтар қоя бастайды. Бұл үдеріс олардың танымдылық әрекетінің белсенді деңгейін көрсетеді.

Балабақшаға барып жүрген бала айтылған сөздердің көбін түсінеді, әсіресе қоршаған ортадағы заттар мен адамдарға байланысты және жиі қолданылатын сөздерді толыққанды үгады. Қарым-қатынас жасау барысында оның сөздік қоры сан жағынан жылдам өседі, яғни айналадағы адамдардың есімдерін жаттау, жәндіктер мен ойыншықтардың атауын білу, құбылыстар мен оқиғалардың мәнін түсіну нәтижесінде бала жаңа сөздерді жадында сақтайады. Қолданыста бар сөздер қысқа, айтылуы жағынан оңай және дәл сол жағдаятқа

тікелей байланысы бар үғымдар түрінде болады. 2 жасқа келіп қалған бала алдымен үйде, не балабақшада тікелей өзі әрекет жасайтын заттардың атауларын менгереді. Олардың арасында киімдері, үйіндегі жиһазы, ыдыстары және ойыншықтары, сонымен бірге тұрмыста немесе ойын барысында атқаратын әрекеттердің атаулары бар. Баланың сөздік қорындағы бірліктерді лексикалық мағынасы жағынан топтастыратын болсақ, бала негізінен жақын тұған-тұсықандарын білдіретін туыстық атаулар (*ана, әке, әжсе, ана, ата, тәте, ага, бөне*), құнделікті ұстап ойнайтын ойыншықтар атауын білдіретін сөздер (*мәшине, доп, қуыршақ, кітап, пистолет, текше, коляска*), қолданыста болатын ыдыс-аяқтың атауларын білдіретін сөздер (*қасық, кесе, тәрелке, табак, шайнек, құмыра*), өзі киетін киім-кешек атаулары (*көйлек, шалбар, күртеше, пальто, етік, тәпішке, наски, іши киім, бас киім, мойынорагыш*) және өзіне таныс тағамдардың атауларынан (*нан, шай, су, сусын, қант, кәмпіт, ет, шұжық, сүт, қаймақ, айран, жұмыртқа, алма, сәбіз, қияр, қызанак, картоп*) құралады, онымен қоса осы жаста жинақтаудың қарапайым түрі пайда болады. Бала енжар және белсенді сөздікті тез құрайды, біртіндеп дыбыстардың дұрыс айтылуын және сөйлемнің грамматикалық құрылымын менгере бастайды. Осы кезеңде бала ересек адамдар және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа оңай түседі, қойылған сұрақтарға жауап береді, өздігінен басынан өткен жағдайды әңгімелеп бере алады. Сөйлеу тілінде айтылуы қыын кейбір дыбыстарды бұрмалап айтқаны болмаса, көптеген дыбыстар анық және дұрыс айтылады. Сөйлемдері құрделі фраза ретінде болады, әңгімелеу барысында есім сөз таптарының көбін қолданады: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік т.б. (7-Қосымша).

Бала екі жасқа толғанда, оның тілдік импульсты қабылдауымен байланысты болатын және ата-анасына бағытталған, әртүрлі іс-әрекеттері бірінші болып қалыптасады. Үлкендердің өтініштерін орындаپ, тілді түсіну қабілетін игерे отырып, бала ересектермен өзара қарым-қатынасының жаңа типтерін көбірек менгере бастайды. Сәбиде суретке үлкен қызығушылық туады, ол суреттегі бейненің атауын тез есте сақтап, оны басқалардың ішінен табады. Бала бұл жаста қыын емес тапсырмаларды орындаі алады, мысалға аталған затты басқалардың арасынан тауып әкелу, затты алып, бір адамнан екінші адамға беру сияқты. Екі жаста келісу не қарсылық білдіру «*иә*» не «*жеке*» сияқты тілдік формаларында жеткізіледі. Баланың сөздің мағынасын түсінуі өзінің даму ерекшелігіне сәйкес болады. Қалыпты жағдайда дамыған бала екі жасында жаңа сөздерді тез жинақтайды. Екі жастағы баламен бірге кез-келген заттарды қарап, олар жөнінде әңгіме құрып, салыстырып, олардың бөлігі мен құрылымдары туралы сөйлескен пайдалы. Әрбір адым сайын бала жаңа сөздерді, олардың грамматикалық формаларын игереді, ал ата-аналар балаға оның қоршаған ортасын дұрыс таныстыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауы керек.

Бала өмірінің екінші жылында сөздік қордың ұлғаюы және сөздер мен сөз

тіркестерінің сөйлеу әрекетінің құралы екендігі байқалады. Онымен қоса осы жаста экспрессивті сөйлеу тілі қалыптасады. Бала сөздерді еркін қолданып, оларды күрделендіріп, сөз тіркестерінде қолдануға машықтанады, фразалар мен грамматикалық құрылымдарды барынша қолданысқа белсенді түрде енгізеді. Бұл жастағы баланың сөздігінде зат есімдер (кісі есімдері, туыстық атаулар, ойыншықтар мен өзі күнделікті ойнайтын құралдар, киім-кешек пен үйдегі заттар, жануарлар мен құстар, дене мен бет мүшелері) және қарапайым етістік формалары бұйрық райды не түйық етістік турінде кездеседі.

Екі жас алты айға таман баланың сөздік қорында 200-400 сөз болады. Екі жарым жастағы баланың сөздік қоры балабақшада тәрбиелеу кезеңіндегі үдерістермен байланысты кенеңеді, көшеде, паркте т.б. қоғамдық жерлерде көрген адамдар, заттар мен құбылыстардың атаулары мен сипаттары, сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктер, үйдегі күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын білу арқылы, толықтырылады. Заттар туралы білімдері тереңдей түскен сайын баланың сөздік қоры да байиды. Сөйтіп олар заттардың пішіні мен мөлшерін (*дөңгелек, ұзын, қысқа, биік, улken, кішткентай*), тағамның дәмін білдіретін сөздер (*тәтті, аиы, қышқыл, дәмді*), тұлға не заттың орналасқан жерін белгілейтін көмекші сөздерді (*алды, арты, асты, жаны, үсті, арасы*) қолдана бастайды.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінде сөздік бірліктердің пайда болу реті мен сөздік кордың дамуы бойынша зерттеу материалдары негізінде тұжырымдар мен алдың ала қорытындылар мынадай болуда: алғашқы лексикалық бірліктердің арасында былдыр сөздер мен еліктеуіш және аморфты сөздер болатынын бұған дейін де айтқан болатынбыз. Мысалы, *әй-әй, әйши, ап-ап, би-би, на-на, га-га-а-а, бу-бу-у-у, ту-ту, уф-уф, пи-пип, вум-вум, нам-нам, ка-ка, кә-кә, кх-х, пых-х, бых-х, фәй, үп-үп, гы-гы; ма-ма-а-а, па-па-а-а, оти*(отыр), *түй* (түр), *кел, бей* (бер), *кем, жуй* (жүр), *пішәйт*.б. Уақыт өте келе біртіндеп балалардың сөйлеу тіліндегі мысалдар нормативті сөздер қатарына ауыса бастайды. Баланың сөздік қорының дамуы бір жағынан ақыл-ойы және басқа да психикалық үдерістердің қаркыны, екінші жағынан сөйлеу тілінің барлық құрамдас бөліктерінің дамуымен байланысты. Екіншілерінің арасында сөйлеу тілінің фонетикалық бірліктері, фонематикалық есту қабілеті, тілдік жүйедегі грамматикалық құрылымы мен тілдің синтаксистік жағы бар. Сөйлеу тілі онтогенезі барысында лексиканың қалыптасуы баланың қоршаған орта туралы түсініктерінің дамуымен байланысты. Баланың айналадағы әлемді игеруі нақты нысандар және құбылыстармен өзара әрі тікелей қарым-қатынас және ересек тұлғалармен қатысым әрекеті барысында жүзеге асады. Ерте жастағы бала сөйлеу тілі мен лексиконында қалыптасқан сөздердің арқасында өзінің түсінігіне қолжетімді заттар мен құбылыстарды атайды. Осыған байланысты бұл жастағы баланың сөздік қорында бастапқыда нақты мағынасы бар сөздер, содан кейін жалпылама және абстрактілі сипаттағы лексикалық бірліктер пайда болады.

Лексиканың онтогенезде дамуына баланың қоршаган ортасы туралы түсініктерінің қалыптасуы әсер етеді. Баланың жаңа заттар, олардың қасиеттері, құбылыстар мен әрекеттерді тануы нәтижесінде оның сөздік қоры байи түседі. Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың аясында ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің лексикалық бірліктерінің даму ерекшеліктері 8-Қосымшада берілді.

Сөйлеу әрекетінің онтогенезде қалыптасуында тілдік белгілердің күнделікті болмыспен байланысы бала өміріндегі негізгі үдеріс екенін атап өткіміз келеді. Сөйлеу тілі өзінің құрылымы мен ережелері бойынша күрделі құбылыс болғанына қарамастан барлық елдер мен халықтардың балалары ерте жастан бастап оны меңгеріп, сөздік қорын біртіндеп дамытып, молайтатыны, ана тілінде сөйлеп, кез келген лексикалық бірлікті орнымен және қажеттілігіне қарай қолдануы ғылыми түрғыдан қызық, әрі зерттеуге маңызды үдеріс. Бастапқыда өмірінің алғашқы жылы былдырау түрінде пайда болып, одан кейін еліктеу әрекетінің нәтижесінде туындаған сөздік бірліктер баланың жеке тұлға ретінде әлеуеті өсіп, құзыреттіліктерінің дамуына қарай нақты сөздерге ауысуын бақылау, ғылыми-зерттеу жұмысымызды жүзеге асыру барысында қызық мысалдар және маңызды деректермен байланысты болды.

Ана тілін меңгеру барысында бала грамматика занұлықтарына сәйкес сөзжасам және сөз өзгерту әрекеттеріне кірісуі сөздік қорды толықтыра түсуге ықпалдасады. Бұл мәселе төнірегінде бала тіліндегі грамматикалық бірліктердің қалыптасып, дамуы туралы зерттеу жұмысымыздың келесі бөлігінде ой білдіреміз.

3.2 Мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қорының дамуы

Екі-төрт жастағы баланың сөздік қорының жетілуі. Екі жастағы қалыпты баланың сөздік қоры қарқынды дамып, шамамен 200-400 сөзге жетеді. Баланың сөздік қорын байыту алғаш сөздің негізгі лексикалық мағынасын білдіруден басталады. Екінші жылдың бірінші жарты жылдығында сөздердің саны қарқынды өседі, сөздік қоры айтылуы жеңіл сөздермен толықтырылады (*кәни, такта, түу, ың-ың*). Бала аморфты сөздерді қолданады: *чу-чу* (ат), *аф-аф* (ит), *түу* (доп), *ың-ың* (машина) және дыбыстарға еліктеуді *mh-mh* (жылан), *ooo* (аю), *ә-ә-ә-ә* (қасқыр).

Онымен қоса мынадай ерекшеліктер байқалады:

- зат, құбылыс, белгі және сөз арасында тығыз байланыс орнатылады: *асық* (қасық), *мамақ* (тамақ), *нән* (нан), *бееци* (бер), *жесі* (же), *кемі* (кетті), *соо боо* (сая бол), *ая* (айран), *сай* (шай);

- етістіктерді қолдана бастайды: *nana*, *сикә* (папа, секір), *nana my* (жат, ас) (папа, тұр (жат, аш)), *nana ғың-ғың ситу* (папа машинамен кетті), *a my* (ары тұр), *сүтеді* (сүртеді), *жа*

(жат), *омо* (отыр);

- бір сөз немесе сөз тіркестері мағынасы әртүрлі сөздердің білдіреді, мысалы *тақ-тақ-тақ* дегені – балға немесе жөндеу деген мағынада айтылады;
- сұрақтар коя бастайды: *када?* (қайда?), *нана қада?;*
- 2 жас 5 айдан бастап енжар және белсенді сөздіктің толықтырылуы байқалады. Бала сөздің дыбыстық құрамына жақын дыбыстайды: *тогай* (торгай), *кокпа* (корықпа), *сагак*, *сагат* (сағат), *онайк* (ойнайық), *козаик* (грузовик), *телефон* (телефон), *шокоат* (шоколад), *бабакша* (балабақша), *конакта* (қонақтар), *демо зато* (демалып жатыр);
- қарапайым және күрделі тапсырмалар, нұсқаулар мен тапсырмаларды орындайды;
- жағдайға сәйкес өтініш білдіре алады, өз ойын айтады: *кемамаймын* (келмеймін), *амамайым* (апармаймын), *Мен апай бамайым* (Мен апайға бармаймын (балабақшага)); *нана, тұсы* (папа, тұршы), *тез зе па* (тез жеп ал), *бе зат* (бері жат), *мама жу, тосеке жатайқ* (Мама, жүр, төсекке жатайық), *магазине ба* (Магазинге (дүкенге) бараңық);
- бала сөйлеу тілін түсінеді, күрделі емес тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарды саналы түрде қолданады: *Сатай қая?* (Сатай қайда?), *кім сындыды?, Алиаска неге сындыды?, қай зуем?* (қалай жүрремін?);
- өз бетінше хабар тарату қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады;
- сөйлем мен сөздерді белсенді қолданады, көп сөзден құралған сөйлемдер пайда болады: *муктики қос, Айса соса Усая ады* (Айша Нұрсаяның соскасын (емізігін) алды), *мама автобус кетек* (мама, автобусқа отырайық). 2-4 жастағы балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері 9-Қосымшада берілген.

Өмірінің екінші жылдының екінші жарты жылдығынан бастап баланың сөзі нақты жағдайдан және сөйлеу мәнінен тыс кезде айналасындағыларға түсінікті болады, бұл 2 жас 6 айдан кейін бала сөйлеу тілі бірліктіліктерінің қажетті минимумын менгеретінін көрсетеді. 2 жас 6 айдан 3 жасқа дейінгі кезеңде баланың сөйлеу тілінің дамуында сапалы өзгерістер байқалады. Осы жас кезеңіне тән балалардың тілдік даму көрсеткіштері қарқынды өседі: сөз берілген фразаның мағынасын түсінеді; сөздік қорының көлемі ұлғаяды.

Осы жаста сөзді түсіну мен белсенді сөйлеу арақатынасы сапалы түрде өзгереді. Егер бұрын баланың ересек адамның сөзін түсінуі туралы оның «қимыл-қозғалыс жауаптары» бойынша (бала қажетті затты көрсетеді, ересек адам атаган ойыншықты әкеледі және т.б.) айтуға тұра келсе, енді белсенді сөйлеу оның барлық қызметімен тығыз байланысты болған кезде түсіну мен ойлау деңгейін оның сөздері бойынша бағалауга болады.

Жақсы дамыған еліктеу және сөйлеу түсінігінің жеткілікті деңгейі сөздік қорының қарқынды өсуін қамтамасыз етеді. Егер баланың сөздік қорында 2 жаста шамамен 300 сөз болса, үш жаста 1000-1200 және одан да көп сөзге жетеді. Төртінші жылды сөздік айтарлықтай

баяу және біркелкі толықтырылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу белсенділігінің әртүрлі кезеңдерінде айырмашылықтар байқалады. Сөйлеу белсенділігі (ойынның 30 минутындағы баланың өз бетінше айтқан сөздерінің саны) 2 жас – 2 жас 6 айлық балаларда 25-28 сөзді, 2 жас 6 ай – 3 жас балаларда 70-80 сөзді, 3 жас – 3 жас 6 ай балаларда 110-115 сөзді құрайды (Г.М. Ляминаның зерттеулері бойынша) [24].

2 – 4 жастағы балаларға тән сөздіктің қарқынды сандық және сапалық өсуі туралы айта отырып, зерттеушілер сөзді менгеруінің үш деңгейін көрсетеді: зат, іс-әрекет, сапа және қарым-қатынасты білдіретін сөздер:

- бала сөзді түсіне алады, бірақ оны сөйлеуде қолданбайды;
- зат (іс-әрекет, сапа т. б.) өзі үшін үйреншікті фразалар мен жағдайларда (қайши тырнақты алу үшін қажет) танып, біледі және айтады;
- кез келген қол жетімді байланыс пен қарым-қатынаста сөздерді түсінеді және дұрыс қолданады.

Үш жаста баланың сөздік қорында барлық сөз таптары бар (зат есімдер, сын есімдер, етістіктер) болады. Өмірінің үшінші жылында бала етістіктердің жиі пайдаланады, бірақ көп жағдайда зат есімдер басым (60 %-ы) болады, содан кейін етістіктер (25-27 %-ы) және ең аз (10-12 %-ы) сын есімдерді қолданады. Сын есімдердің көмегімен бала заттардың өлшемін ғана емес, олардың түсі, қасиеттері, сапасы мен пішінін атайды: **ақ сақ,** **кизил доп** (ақ шарик, қызыл доп). Бұл жаста балалардың сөйлеуінде атау сөздер басым, ал жалпылама зат есімдер (мысалы, **ыдыс,** **кіім,** **жинақ,** **жануарлар**) әзірге жоқ. Заттардың көптеген атауларын бала жақсы біледі (әртүрлі заттардың арасында қажетті затты тез табады), олар оның енжар сөздігінде бар, бірақ белсенді сөйлеуде бала бұл сөздерді үнемі пайдаланбайды. Бала женеңдетілген сөздерді сирек қолданады (бұрын болған **аे-ае** орнына ит, **ao** орнына алло, **вың-вың** орнына масина, машина дейді). Бала сөздердің жиі ойлап табады; сөздің дыбыстық жағын түсінгенін көрсетеді (**бағыса** орнына басына).

Кейде балалар ұқсас объектілерді немесе бір мақсатта қолданатын заттарды шатастыруды жалғастырады, мысалы ботинкаларды **туфли,** **тәпішке** деп атайды; заттардың бөлшектерін, көп заттардың бөліктерін атамайды десек де болады. Дегенмен адам, жануарлар мен құстардың дене мүшелерін 2 жас 10 ай – 3 жастағы бала көрсетіп, атап береді: аузы, бас, **мұны** – мұрны, **куйыы** – құйрығы, **аяғы** – аяғы, **коз** – көз, **коо** – қол. Балалардың жасы үлкейген сайын сөздік қорының сапасы да өзгереді. Бұл тек тәрбиелеу жағдайы, сонымен қатар бала тұратын жерге (қала не ауыл) және басқа да факторларға байланысты. Мысалы, әскери қалашықтар, шахтерлер кенттері, шығармашылық интеллигенция отбасыларында тәрбиеленетін ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздігі ерекше

терминологиямен толықтырылады.

Бала өмірінің үшінші жылында суретте бейнеленген әртүрлі әрекеттер мен таныс заттарды танып, атай алады (*ит жүгіреді*), бірақ жайылған фразалар әлі құрылмайды. Сөйлеу тілінің дамуының барлық жетістіктеріне қарамастан, балалар әлі де көптеген сөздерді анық және дұрыс айтпайды, сондықтан олардың сөйлеуі жалпы айналасындағыларға түсінікті емес.

А.Н. Гвоздевтің деректері бойынша төрт жасар баланың сөздігінде зат есімдер 50,2 %, етістіктер 27,4 %, сын есімдер 11,8 %, үстеулер 5,8 %, сан есімдер 1,9 %, шылаулар 1,2 %, көмекші сөздер 0,9 % болады [20]. Баланың сөздік қоры жаңа қызмет түрлерімен байланысты сөздермен толықтырылады (бейнелеу, құрастыру, музикалық, әдеби, театр және ойын).

2 жас 6 ай кезеңінде балалардың сөйлеу тілінде тек заттың атын, объектілерді атап айтумен ғана шектелмей, олардың түр-түсіне, сыны мен сипатына, іс-әрекетінің айырмашылығына байланысты лексикалық бірліктер, заттың бөлшектеріне қатысты сөздер (ағаштың жапырағы, машинаның дөңгелегі, шәйнектің қақпағы т.б.) сөздік қорынан орын алатыны белгілі. Мысалы, ойыншық немесе ойыншықтар олардың түрі мен түсіне қолдану мақсатына қарай *қызыл камаз, дәу камаз, аганікі камаз, мықты (бықты) жүретін камаз, сары доп, ойнайтын доп, бопанікі (доп), боп тебем құрышақтың шашы, қолы, аяғы*.

Бала ересектерге өте көп сұрақтар қоятын осы кезеңінде заттың сан алуан қасиеттерімен танысады, олардың арасындағы қарапайым байланысты анықтайды. Сұраққа берілетін жауаптың құрамында көптеген ақпарат, яғни жаңа сөздер болуы шарт. Берілген жауап баланың білетін сөзімен байланыста болуы керек, бұл баланың сөзді есте сақтауына әрі қайталауына көмектеседі.

Екі-үш жастағы балалардың сөздік қорының дамуында келесідей ерекшеліктерді атауға болады: екі жарым жастағы балалар заттың аты, олардың қасиеттері және іс-әрекет атауын айта алады. Зат есімдерге сын есімдерді қатыстырып, сипаттап айтуға қабілетті. Адамның дене мүшелері, тұрмыстық заттар және ойын әрекеті, әртүрлі өлшемді білдіретін сөздерді (үлкен, кіші) түсінеді. Зат есімдерді есімдік және етістікпен байланыстыра алады. *Мен* есімдігін белсенді қолданады. Берілген сұрақты түсінеді және жауап береді. Осы жастағы балалар заттың қасиеті және олармен әрекеті туралы айта алады.

Үш жас – үш жас 6 айжастағы балалар заттың бөлшектерін ажыратады және атай алады. Заттың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздерді айтады. Жалпы белгілері бойынша заттарды (ойыншықтар, киімдер, аяқ киімдер, ыдыстар, жиһаздар тақырыптары бойынша) топтастырып, сөздік қорында қолданады.

Үш жас 6 ай- төрт жастағы балалар заттың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздерді жиі қолданады. Кез келген заттың жалпы және ерекше белгілерін атай алады. Сөздерге қызығушылық танытып, зейін қоюы артады, сөздік қорында антоним сөздері көбейеді.

Төрт-алты жастағы баланың сөздік қорының ерекшеліктері мұнадай: Баланың төрт жасы сөйлеу тілін дамытудағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды бастамаға итермелейді, олар өздігінен сөйлесуді бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері өседі. Балаларды табиғат құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, бейтаныс заттар қызықтырады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет, өйткені ол баланың сөйлеу тілі және басқа да жоғары психикалық қызметтерін одан әрі дамытуға негіз болады. Төрт жастағы балалардың сөздік қорында шамамен 1900 сөз болады. Енжар сөздік қоры орташа, белсендіге қарағанда басым. Белсенді сөздік қорында тұрмыста күнделікті қолданылатын сөздер ғана бар. Белсенді сөздік қорында жалпылаудың екінші деңгейіндегі сөздер пайда болады. Сөздік қор уақыт пен кеңістіктікі білдіретін үстеулермен толықтырылады. Сөз шығармашылығы әрекеті пайда болады, яғни сөзжасамдық модельдерді менгерудің басталғандығы байқалады. Сөйлеу тілінде негізгі сөз таптарын өзгертудегі қателер бар. Балалардың көпшілігінде дыбыс айтуы қалыпты, кейбіреуінде ғана ызың және ыскырық дыбыстарды шатастыру және *p, p'* вибранттарының жоқ болуы анықталды.

Төрт жастағы баланың сөздік қорында мамандықтар атаулары, заттардың бөліктері, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер бар. Зат есімдер мен етістіктер ғана емес, басқа да сөз таптарының саны артады. Әсіресе баланың сөздігі үстеу арқылы байытылады. Кеңістік және уақыт ұғымдарымен танысқан балалар *алыс, ерте, кеш, артынан, жақында* т.с.с. сөздерді менгереді. Төрт жастың соңына қарай балалардың көпшілігі 1, 2, 3 сандарын қажетті заттардың санымен салыстыра алады, яғни осы сандарды саналы түрде пайдалана бастайды. Жіктеу есімдігінен басқа тәуелдеу есімдігі қолданылады, мысалы: *менің, сенің, оның*.

Балалардың белсенді сөйлеуінде киім, ыдыс-аяқ, көкөністер, жемістер, ойыншықтар т.б. тақырыптарға байланысты ұғымдар пайда бола бастайды. Балада тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының маңыздылығын түсіну дағылары қалыптасады. Сөздік қорында жалпылауыш мағынадағы сөздер болғанымен, кейбір балаларда нақты заттың атауын білмеген жағдайда жалпылауыш сөзді орынсыз пайдалану жағдайлары кездесті: *бұл – құс, ғұл жұлдынып кетті, агашты қорді*. Жалпылаудың екінші дәрежесіндегі сөздерді балалар алдымен заттардың екінші атаулары ретінде менгереді. Бала осындай сөздердің мағыналарын *ойыншықтар – бұл ойынга арналған заттар, ыдыс – бұл тамақ дайындаитын және тамақтануга қажет заттар* деп танып-білуіне қарай бұл сөздерді дұрыс қолдануы да оңай болады.

Төрт жастағы балалардың қабылдауының психологиялық ерекшелігі – олардың затты

тұтас бейне ретінде көру қабілеті, бөлшектерді байқамай калуы. Осыған байланысты балалардың сөздерінде заттардың бөліктерінің атаулары аз, мысалға: жануарлар денесінің бөліктері, күрделі заттардың құрамдас бөліктері. Балалар сөйлегенде түстердің реңкін атауды пайдаланбайды, мысалы: *қызылт, қызылсары, күлгін, қоңыр*. Сонымен катар балалар белгілі бір затты сол затқа тән түспен жақсы байланыстырады: *ақ қар, көк аспан, жасыл шөп*. Осылайша тұс балаға таныс затты тану белгілерінің бірі болып табылады. Бұл жастағы балаларда заттар және олардың тұрған орнын (*жогарыда, төменде, алыста, жақында*) анықтау дағдысы жетіле қоймаған.

Бес жастағы балада ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуында елеулі жетістіктер байқалады. Бала ең маңызды байланыстарды бөліп, атай бастайды және оларды сөйлеу барысында дәл көрсетеді. Оның сөзі әртүрлі, мазмұны жағынан бай болады. Айналадағылардың сөйлеуіне төзімділігі артады, ересектердің жауаптарын сонына дейін тыңдай алады. Дыбыс айтылуы айтарлықтай жақсарады: дауыссыздарды жіңішкертіп айтуы толығымен жоғалады, дыбыстар мен буындарды айтпай кетуі сирек. Бұл балаға ой-пікірлерін толық құруға мүмкіндік беріледі. Балалардың сөздерінде заттардың белгілері мен сапасын белгілеу үшін *улken, кішкентай, жалпақ, қызыл, жылтыр*, түстерді анықтау үшін қолданылатын сын есімдер жиі пайда болады, негізгілерден басқа қосымша түстердің *көгілдір, қара, қызылт сары* атауларын біледі және атайды.

Тәуелдік жалғауы пайда болады (*тұлқінің құйрығы, қоянның құлагы*), заттардың қасиеттерін көрсететін сөздер, олар жасалған материал беріледі (*темір кілт, агаши орындық, шыны кесе*). Үстеу, есімдік, кеңістікке қатысты сөздерді білдіретін *асты, үсті, жогары жағы, жаны, жан-жағы* т.б. сөздер кеңінен қолданылады. Жалпылама сөздер (*ыдыс, киім, жиһаз, көкөністер, жемістер, аяқ киім, азық-түлік, мамандықтар, жыл мезгілдері*) пайда болады.

Еріксіз жады сөздікті толтырудың негізі ретінде бұл жаста өзінің кемелденуіне жетеді, сөздер есте сақталады. Бір рет естілген сөз белсенді сөздікке оңай енеді. Осы жастағы балалардың сөздік қорын зат есімдер, етістіктер (*жорғалайды, ұшады, өрмелейді, жамайды, тігеді, тоқиды, құрайды, кісінейді, мөнірейді, маңырайды, қаңқылдайды*), сын есімдер (негізгі түстер, реңктердің атауы, көңіл-күйге қатысты қарапайым сын есімдер), сан есімдер (әсіреле зат есіммен сан есімнің үйлесуі), үстеулер құрайды. Алуан тұрлі заттарды сипаттау, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдылары қалыптасады. Негізгі сөз таптарынан басқа сын есім, үстеу, есімдіктерді белсенді қолданады. Өзіне таныс заттар мен суреттерді толығымен сипаттай алады, белгілі бір тақырып аясында әңгіме құрастырады. Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді (*диван, төсек, үстел – жиһаз; мәшине, ұшак, пойыз, тікұшак – көлік; наң, қант, ет, кәмпіт,*

шүжік – азық тұлік, итбалақ, акула, дельфин – теңіз жануарлары) дұрыс қолдану дағдылары дамиды. Қоршаған орта мен ауа райының құбылыстары (қар, жаңбыр, найзағай, нөсер) жайлыштырып барысында сөздік қоры бай және дамыған. Төрт-алты жастағы балалардың сөздік қорының ерекшеліктері 3-Қосымшада берілген.

Алты жастағы баланың сөздік қорының ерекшеліктері. Алты жаста баланың сөздігі 3500 сөзге дейін кеңейеді. Алты жаста баланың мектепке дейінгі даму кезеңі аяқталады, оның негізгі нәтижесі жүйелі оқуға дайындық болып табылады. Алты жастағы балалардың сөйлеу тілінің деңгейі мектепке дейінгі баланың айналасындағы ересек тұлғалардың сөйлеу мәдениетіне тікелей тәуелді. Егер жақын адамдардың сөзі грамматикалық түрғыдан дұрыс болса, онда баланың тілі жатық, мазмұны бойынша бай, эпитеттер жиі кездеседі. Егер ересектер баланың қателіктерін дер кезінде түзетсе, балалар да осындағы қасиеттерге ие болады деп толық сеніммен айтуға болады.

Осы қоры өз ойын анық жеткізуге, ересектермен және құрдастарымен кез келген тақырыпқа еркін сөйлесуге мүмкіндік береді. Егер бес жасар бала бір заттың атауын білмесе, сол затты атау үшін өз ойынан лайықты сөз жасайды. Балалар сөзді дыбыстық жағынан өндеуге аса қызығушылық танытады да, үқсас сөздер жүптарын іріктеп, шағын тақпактар шығаратындары да кездеседі. Бұл кезеңде балалардың сөйлеу кезіндегі есту қабілеті жетіледі. Олар бір сөзде айырмашылығы бар сөздерді ажырату мүмкіндігін алады (*қас-бас, қалақ-жалақ, сам-шам*). Ырықсыз зейін — сөздік қордың молаю негізі — бұл жаста ең жоғары деңгейге жететін кезең. Сөздер аса күштің қажеттілігісіз, өз-бетінше есте сақталып қалады. Бір рет естіген сөз белсенді сөздік қорға бірден енеді.

Алты-жеті жастағы балалар мағынасына жақын және мағынасына қарама-қарсы (антоним) сөздерді оңай таңдай алады.

Олар дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әртүрлі реңктерін бере алады, сыйырлап, қатты, жылдам және баяу сөйлей алады. Олар заттар, құбылыстар және өздерінің ересектер және құрдастарымен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін оңай сипаттайды. Бұл жастағылар ересектердің сұрақтарына толық жауап береді, өз ойларын нақты және айқын түрде бере алады.

Алты жастағы баланың тұрмыстағы сөздігі қарапайым болып келеді. Бала барлық сөздерге дұрыс мағына бермей, қате түсініктемелері де кездесуі мүмкін. Кейде сөйлеу тілі қарапайым ғана сөйлемдер және құрылымдармен араласқан болады. Арнайы жинақталған суреттер бойынша заттар, іс-әрекет пен сын-сипатты атауы жақсы дамиды. Балалар күнделікті өмірде кездесетін және жиі қолданылмайтын заттар мен сын-сипатты біледі. Балалар өз бетімен тақырыптық қатарды толықтыруы мүмкін, мысалы «Тұлқі, сиыр, арыстан» дегенде бала «ит, тышқан, мысық» деп жалғастыра алады. Кез келген затты сипаттамасы бойынша

атай алады «*Дене қызын өлишетін зат қалай аталауды?*» – градусник; заттардың (жануарлардың) әрекеттерін жалғастырып атай алады: «*Коян секіреді, ал қарлыгаш ... ұшады; құрт жоргалайды, ал балық ... (жүзеді); ат шабады, ал жылан ... (жоргалайды); шегіртке секіреді, ал жауынқұрт ... (жоргалайды); мысық мырылдайды, ал ит ... (үреді); мәшине жүреді, ал ұшақ ... (ұшады); «мәшине гаражга кіреді, ал содан кейін ... (шыгады)*». Сонымен қоса себеп-салдарды анықтайды және біледі «*Гулді сүгармаса, ол ... (солады). Қыз суды далага ... (шашты)*», «*Мен апамның тілін алсам, апам мені қыдыртады, саябаққа апарады*».

Балалар заттардың сын-сипатын қарама-қарсы мәнді сөздерді қолданып, атайды: «*Өзен – терең, ал арық – ...*», «*Үй биік, ал гараж - ...*», «*орамал жалпақ, ал бөкебай ...*», «*Емен жуан, ал аққайын ...*», «*Ата кәрі, ал немересі - ...*», «*Құдық терең- ал бөшке*».

Алты жасар балалардың мағынасы бар сөздерді және айқын мағыналы сөздерді қолданулатына ықпал ету қажет. Кейбір мысалдардың, **алтын алақан, күн батты** деген сияқты сөздердің астарлы мағыналарын түсінуіне үмтүлу байқалады. Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсініп, мағынасы бойынша жақын немесе қарама-қарсы сөздерді біледі. Ауыспалы мағынадағы сөздерді, бейнелі тендеулерді түсінеді, оларды сөйлегендеге қолданады. Сөздерді жалпылап, біріктіреді, мысалға «*Аяқ киім*», «*Киім*», «*Жәндік*», «*Азық тұлік*», «*Құрал- саймандар*», «*Ыстық жақтың андары*», «*Дене мүшелерінің бөліктері*» «*Оку құралдары*» тақырыптары. Әртурлі логикалық топтарға жататын заттарды атай алады, түсінеді және қолданады; сөйлемде көп мағыналы (*ашиқ күн, ашиқ есік, жардың қабагы-адамның қабагы*), синоним (*төкті, шашты, септі, құйды, сүгарды; жапты, түймеледі, байлады; шықты, жоргалады, еңбектеді, журді, секірді*), антоним (*жақын – алыс, биік –аласа, жоғары – төмен, үшкір – сүйір, жалпақ – жіңішке, таза-кір, жуан – жіңішке, жас – кәрі*) сөздерін айтады, белгілі бір затқа белгілерін таңдалап, онымен әрекет жасайды және берілген іс-әрекетке қажет заттарды іріктей алады (тоқу үшін –біз, жіп; тігу үшін – ине, жіп; оқу үшін – дәптер, қалам, қарындаш, кітап; емдеу үшін – дәрі, витамин, дәке т.б.).

Сонымен, екі жастағы қалыпты баланың сөздік қоры шамамен 200-400 сөзге жетеді. Екінші жылдың бірінші жарты жылдығында сөздердің саны қарқынды өседі, сөздік қоры айтылуы жеңіл сөздермен толықтырылады. Бала аморфты сөздерді қолданады және дыбыстарға еліктейді:

- зат, құбылыс, белгі және сөз арасында тығыз байланыс орнатылады;
- етістіктерді қолдана бастайды;
- заттардың атын немесе қызметі орнына заттық дыбысын айтады (тақ-тақ- дегені – балға немесе жөндеу деген мағынада);
- сұрақтарды саналы түрде қолданады, сұрақ қоюы да көбейеді;

- екі жас 5 айдан бастап енжар және белсенді толықтырылу үстінде болады. Сөздері түсінікті бола бастайды;

- қарапайым және күрделі тапсырмалар, нұсқаулар мен тапсырмаларды орындаиды;

- өз тілек, өтініштерін білдіртін болады. Өз ойын әр түрлі жағдайда жеткізіп айтады;

- бала сөйлеу тілін түсінеді, күрделі емес тапсырмаларды орындаиды. Өз бетінше хабар таратуды қарым-қатынас құралы ретінде қолданады;

- сөйлем мен сөздерді белсенді қолданады, көп сөзден құралған сөйлемдер пайда болады, көп жағдайда сөйлем мүшелері ретсіз келеді.

Екі жас 6 айдан кейін бала сөйлеу тілі бірліктіліктерін меңгере бастайды. Тілдік даму көрсеткіштері қарқынды өседі: сөз бен фразаның мағынасын түсініп орынды қолданып, сөздік қорының көлемі ұлғаяды.

Уш жаста 1000-1200 және одан да көп сөзге жетеді. Төртінші жылы сөздік айтартықтай баяу және біркелкі толықтырылады.

Уш-үш жас 6 ай жастағы балалар заттың бөлшектерін ажыратады және атай алады. Заттың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздерді айтады.

Уш жас 6 ай – төрт жастағы балалар заттың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздерді жиі қолданады. Кез келген заттың жалпы және ерекше белгілерін атай алады. Сөздерге қызығушылық танытып, зейін қоюы артады, сөздік қорында антоним сөздері көбейеді.

Әртүрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай алады, түсінеді және қолданады; сөйлемде көп мағыналы (*ашиқ құн, ашиқ есік, жардың қабагы-адамның қабагы*), синоним (*төкти, шашты, септі, құйды, сугарды; жапты, түймеледі, байлады; шықты, жорғалаады, еңбектеді, жүрді, секірді*), антоним (*жақын – алыс, биік – аласа, жогары – төмен, үшкір – сүйір, жалпақ – жінішке, таза – кір, жуан – жінішке, жас – кәрі*) сөздерін айтады, белгілі бір затқа белгілерін таңдап, оны мен әрекет жасайды және берілген іс-әрекетке қажет заттарды іріктей алады (тоқу үшін – біз, жіп; тігу үшін – ине, жіп; оқу үшін – дәптер, қалам, қарындаш, кітап; емдеу үшін – дәрі, витамин, дәке т.б.).

IV. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҚ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН МЕҢГЕРУДІҚ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРИ

4.1 Тілдің морфологиялық құрылымын менгеру

Грамматиканың баланың сөйлеу тілінің дамуы және адамның тұлға ретінде қалыптасуына зор маңызы бар. Ол біздің ойымызды материалдық қабатпен қаптарлап, сөйлеу тіліміздің өзгелерге түсінікті болуы және дұрыс ұйымдастырылуына әсер етеді. Тілдің грамматикалық құрылымын дұрыс менгеріп, нақты қолдану бала тілінің жалпы дамуына ықпал етіп, сауатты сөйлеудің алғышарты болады. Бұған дейін А.Н. Гвоздев, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, А.М. Шахнарович, Т.Н. Ушакова, А.Г. Арушанова, Ф.А. Сохин, М.И. Попова, А.В. Захарова т.б. ғалымдар балалардың грамматикалық бірліктерді менгеріп, қолдану ерекшеліктері туралы зерттеулері мен тәжірибе жұмыстарын ұйымдастырған болатын[1, 4, 5, 33, 34, 37, 49, 99, 100].

Бұгінгі танда баланың сөйлеу тілі нeden басталатынын, сол сөйлеу әрекетінде тілдік белгілер қалай қолданылатынын, лексикалық мағына мен грамматикалық формалар бала тілінде қай кезде қалыптасатынын дәлелді түрде байқаған және баланың алғашқы сөйлеуіне тән басқа да занылыштардың қалыптасуына байланысты теориялық еңбектер ғылыми ортада мол. Ғылыми ізденістердің нәтижесінде сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы баланың когнитивтік түрғыдан дамуының белгілі бір деңгейінің негізінде іске асатыны туралы тұжырымдар жасалуда. Кез келген жастағы бала нақты бір тілдік форманы қолданбастан бұрын оның мағынасы мен қолдану аясын түсіну керек. Мұндай әрекет сәбидің ересек адамдардың сөйлеу тілін талдау негізінде грамматикалық занылыштардың құрделі жүйесін менгеріп, қатысым әрекеті барысында қолданып, өзінің сөйлеу мәнерін қалыптастыру барысында орындалады.

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы кезінде бала айналасындағылардың сөзін естіп, өзінше талдау, ана тілінің занылыштарын менгеріп, тілдегі түрлі ережелерді ескеріп, сөйлеуінде дұрыс тұлғаларды қолдануға машиқтануы керек. Тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйелері тығыз байланыста болады.

Қазақ тілінің грамматикасы, лексикалық және грамматикалық мағынаны ажыраты отыра белгілі отандық ғалым Н. Оралбай «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: «Грамматикалық мағына сөздің лексикалық мағынасымен бірге, оған қосыла жүріп байланысты ойды білдіру қызметін атқарады. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарының мынандай ерекшеліктері бар. Сөздің лексикалық мағынасы түбір сөздер арқылы беріледі. Мысалы: **қагаз, күн, ай, көз, жұзік**, ал грамматикалық мағына түрлері грамматикалық көрсеткіштер арқылы түбір сөзге үстеледі. Мысалы: **қагаздар**, бұл сөздегі көптік мағына көптік жалғау арқылы берілген. Жалпы грамматикалық мағына

сөйлемдегі сөз атаулының құрамында үнемі болатын басқа грамматикалық мағыналармен бірге жарыса, қабаттаса жүретін, қолданылу аясы кең мағына» [101].

Бұл тармақшада сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын менгеруге бағытталған арнайы зерттеу жұмысының кейбір аспектілері қарастырылады.

Зерттеу барысында келесідей жағдайларға көніл бөлінді:

- грамматикалық құрылымдарды түсіну;
- сөзөзгерту икемі;
- жаңа сөздерді құру икемі;
- сөйлем құру икемі, оның түрлері;
- байланыстырып сөйлеуінің дамуы.

А.Н. Гвоздевтің зерттеулерінде бала тілінің морфологиялық және синтаксистік түрғыдан безендірілу үдерісін бақылаған материалдар, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар туралы деректер бар [1,20,21]. Фалымның пікірінше грамматикалық конструкцияларды игерудің маңызды факторы ретінде тіл элементтерінің сыртқы морфологиялық құрылышы емес, олардың семантикасымен байланысты тіл құрылымындағы қызыметі саналады. Сол себепті ең алдымен айқын көрсетілген нақты мағыналы категориялар менгеріледі, бір және бірнеше заттар арасындағы айырмашылық ерекше байқалатындығынан балалар орыс тілінің барлық грамматикалық категорияларының арасында ең алдымен зат есімнің жекеше және көпше түрлерін, атау, ілік және табыс септіктерді, бүйрық рай, инфинитив, осы және келер шақтарды менгереді. Автордың пікірі бойынша мынандай зандылық туынрайды: грамматикалық құрылымды менгеру барысында ең алдымен күнделікті қарым-қатынасқа қажетті жай түрдегі өнімді формалар мен құрылымдар пайда болады. Осы тұжырымға негізделе келе біз де тәжірибеліздің негізінде ана тілінде сөйлей бастаған ерте жастағы бала тілінде грамматикалық құрылымның пайда болуына байланысты тәмендегідей кезеңдерді атап едік:

- аморфты түбір сөздерден құрылған өзгеріске түспеген сөйлемдер кезеңі (1 жастан 2 жасқа дейін);
- сөйлемнің грамматикалық құрылымын менгерген және грамматикалық категориялар біртіндеп қалыптасатын кезең (2 жастан 3 жасқа дейін);
- морфологиялық жүйенің қалыптасу кезеңі (3 жастан мектепке дейінгі шақ).

Бізге дейінгі және өзіміздің зерттеуіміз, онымен қоса олардың негізінде жасалған тәжірибеге жүгіне отыра, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуына орай үш кезеңді белгіледік:

Бірінші кезең – аморфты түбір сөздерден құралған сөйлем кезеңі (1 жас 3 айдан 1 жас 10 айға дейін). Бұл кезеңде екі кезеңше бар: олар бір сөзден құралған сөйлемдер мен бірнеше

сөзден құралған. Осы шақта сөйлемдерге тән сипат мынадай: бала өзінің қажеттіліктері мен әсерлеріне қатысты сөздерді қолданады, олармен қатар қол және дене қимылдары мен дауыс екпіні кездеседі. Алғашқы кезде бала белгілі бір заттың атауы, оның қимыл-қозғалысы, дауыс шығаруы т.с.с. сипаттарға байланысты бір ғана сөзді қолданады. Мысалы, «*вың-вың*» – *мәшине*, *кеттік*, *журебі* немесе қөліктің дауысына еліктеу. Тәжірибе жұмысын жүргізу барысында осындай мысалдар жиі кездесті, көпшілігі белгілі бір тұлға не зат атауларын білдіретін зат есімдерді білдірді, онымен қоса еліктеуіш сөздер мен былдыр сөздер де болды. Мысалға, *уң-уң* (су, ішу, сусын, сұт мағыналарында), *әй-әй* (әдемі, күшті, керек мағыналарында), *мақ-мақ* (таяқ, жаман, дұрыс емес, жоқ, ұр, соғамын, кет мәнінде), *су-су* (сұт, су, ішемін, сұйық тамақ мағынасында), *піш-піш* (піш ету, жаман, горшок), *ду-ду* (ойыншық, паровоз, ойнау).

1 жас 10 ай шамасында бала сөйлеу тілінде алғашқыда екі, одан кейін үш сөзден тұратын құрылымдарды қолданады. Демек, сөйлеуде фраза пайда болады, бірақ оның құрамындағы бірліктер грамматикалық тұрғыдан байланыспаған, олар тек өзара интонация, яғни дауыс ырғағы арқылы немесе жағдаяттың ортақтығымен өзара байланысады. Көп жағдайда мұндай мысалдардағы зат есімдер атау септігінде, етістіктер түйік түрінде немесе бұйрық райдың жекеше түрінің екінші жағында кездеседі. Мысалы, *су іш, дала шық, масина ойна, кука бей, бора ұқ, садик жүй*. Балалардың тілін зерттеу және тексеру тәжірибесінің нәтижесінде ерте жастағы сәби ұлкендердің сөйлеу тіліндегі әңгіменің жалпы мазмұны, сөздердің лексикалық мағынасы және атаудың жалпы нұсқасын түсініп, қолданысқа енгізетінін анықтадық.

Екінші кезең – тілдің грамматикалық құрылымын менгеру кезі (1 жас 10 айдан 3 жасқа дейін). Бұған дейінгі зерттеулердің негізінде тәмендегілерді анықтадық: алғашқы сатыда бала белгілі бір реттілікпен зат есімнің септік тұлғаларын (бастапқыда *атай, жатыс, кейірде барыс септіктері*), етістіктің нақ осы шағының жай түрін үшінші жаққа қатысты қолданатынын (*отыр, жатыр, тұр, жүр* мысалдары арқылы) байқадық (10-қосымша). Бұл жас аралығындағы сәбілердің тілін тексеру барысында көптік жалғауларды қолдануға байланысты қындықтар туындалады, көпшілігі осы грамматикалық бірліктің орнына *көп* үстенін жиі айтатынын байқадық. Алдын ала дайындалған үлестірмелі материалдардың және көрнекіліктердің негізінде *аз/көп* ұғымдарының бекітілуі үшін көптік тұлғаны ұсынғанда балалар *мәшинелер* мысалының орнына *көп мәшине, көп ойыншық* деп, не соңғы мысалына балама ретінде *көп-көп ойыншық* т.с.с. ұлғілерді берді.

Бұл жаста етістіктің жекеше және көпше тұрлері жіктеліп, бірінші жақтағы жіктік жалғаулар дұрыс қоланылады. Мысалы, *мен келемін, мен айттым, біз барамыз, біз кеттік* т.б. Баланың жасы өсе келе жіктік жалғаулар әр жаққа қатысты дұрыс қолданылып, белгілі бір

мысалдармен байланыстырылады: «*мен бақша байамын*», «*сен ойнама*», «*ол айтты*», «*біз ойнаймыз*», «*олал жаман*». Сонымен қатар осы кезеңнің соңына таман балалар көмекші сөз таптарын сөздерді өзара байланыстырып, синтаксистік байланысты жалғастыру үшін қолдана бастайды. Мәселең, «*Ол сен сияқты айтады*», «*Мен әдейі келдім*», «*Бірдеме ғурс етті*», «*Үйлердің арасында жол жоқ екен*», «*Мен де де әдемі қойлек бар*», «*Ойыншиғымды бер, әтпесе сені ұрамын*», «*Бұл нағси менікі емес*», «*Мама қара, пана маган машина әнерді*».

Үш жасқа тақаған шағында балада сөйлеудің грамматикалық құрылымы толыққанды бола бастайды. Осы жаста бүлдіршін көптеген шылауларды сөйлеу тіліне қосып, нақтылау, қарсылық білдіру, себеп-салдар мен шартты көрсету, мезгілдік, мекендік, мақсаттық, себептік қатынастырды білдіру мақсатында қолдана бастайды. Мысалы, «*Мен сен туралы айттым*», «*Балалармен бірге доп тептік*», «*Бақшадан кейін дүкенге барайықши*», «*Мен анамды тыңдаймын, себебі ол жақсы адам*», «*Егер жаңбыр жауса, қолшатыр ұстаймын*», «*Апай бізге ұрысты, бірақ мен оны жақсы көремін*».

Ушінші кезең – тілдің морфологиялық жүйесін одан қарай менгеру кезеңі (3 жас пен 7 жас аралығында). Бұл жаста бала белсенді түрде сөйлеу шағына жетіп, өзінің құрдастары және басқа да бүлдіршіндермен көп араласып, өз ойын түрлі грамматикалық тұлғаларды қолдану арқылы білдіруге тырысады. Есім сөз таптары мен етістіктердің түрленуіне байланысты ережелерді менгерген сәби сөз шығармашылығынан айнып, дұрыс әрі нақты формалармен сөйлеуге талпынады. Бес жасқа таман қалыпты дамыған баланың бойында барлық дыбыстар қалыптасып, дұрыс айтылады. Бала әр сөздің мағынасын өзінше түсіндіруге тырысады. Сонымен қоса лексикалық бірліктердің мағынасын білгендейтін әр мысалды орнымен және дұрыс қолдануға байланысты реттеуді бес жасында жүргізеді. Сөздердің синонимдері мен антонимдерін тауып, сөйлеу барысында баламаларды қолдана бастайды. Мектепке дейінгі жастың соңғы кезеңінде бала сөзжасам мен сөз өзгертудің барлық түрлерін менгеріп, жүрнақтар мен жалғаулардың мағыналары және қызметтерін түсінеді. Осы жаста контекстіге байланысты әрі грамматикалық түрғыдан дұрыс безендірілген сөйлеу тілі қалыптасады.

Ғылыми-зерттеу жұмысымызды жүзеге асыру барысында ерте жастағы баланың грамматикалық категорияларды менгеру уақыты оның нақтылығы мен көрнекілігіне тәуелді екеніне көніл аудардық. Мұндай даму үдерісі біртіндеп және белгілі бір дәйектілікпен жүреді. Біздің бастапқы тұжырымдарымыз келесідей нұсқада. Сөйлеу тілі мынандай ретпен байытылады: бірінші зат есімдер, содан кейін күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты етістіктер (зат есімдермен бір мезгілде деуге болады) пайда болады, ал басқа есім және көмекші сөз таптары кешірек менгеріледі. Есімдіктердің жіктеу және сілтеу түрлері ерте пайда болып, қолданысқа енеді. Сын есімдер бір жарым жасқа таман белсенді түрде қолданылып, ал

сан есімдер кешірек пайда болып, ұзак уақыт менгеріледі (заттарды санау және есептеу әрекеттері барысында). Сонымен қоса бірқатар грамматикалық категориялар туындаиды (зат есімдер – жекеше және көптік түрде, атау, жатыс, барыс, одан кейін ғана табыс, шығыс, көмектес және ілік септіктерінде; етістіктер – бұйрық, ашық, шарттырайларда, осы, келер және өткен шақтарда). Енді әр жасқа сәйкес тұжырымдама жасайтын болсақ, мынадай ойлармен бөлісе аламыз:

10-12 ай кезінде бала өзінің тұрмыс-тіршілігіне қатысты зат есімдерді белсенді түрде қолдана отыра, белгілі бір заттар мен құбылыстарға қызығушылығын танытып, танымдық тұрғыдан дамуын байқатады. Арнайы лингвистикалық зерттеулердің деректері бойынша 1 жас 10 ай – 2 жас аралығындағы баланың сөйлеу тілінің 60-65 %-ын зат есімдер, 20-25 %-ын етістіктер, ал 10-15 %-ын басқа сөз таптарын құраса, әзірше шылаулар мен өзге көмекші сөз таптары қолданыста болмайды.

Ендігі кезекте зерттеу жұмысы барысында анықталған тағы бір жайт – баланың сөйлеу тілінде пайда болатын заттар мен әрекетті белгілеуде зат есім мен етістіктердің түрлі көріністерін атағымыз келеді. Ерте жастағы бала тілінің қалыптасуы барысында бастапқыда туындаитын зат есім не есімдіктің Атау септігіндегі формасы және бұйрық райдың 2-жағындағы мысалдар баланың қалауы мен көңіл-күйін білдіретінін анықтадық. Баланың қолданысындағы заттың тәуелденуі не сипатынының берілуі сын есімдер, одан кейін басқа да сөз таптарының пайда болуы сөйлемнің жайылмалы түрінің қалыптасуымен байланысты.

Бала өмірінің екінші жылында сөздігінде зат есімдер (кісі есімдері, туыстық атаулар, ойыншықтар мен өзі күнделікті ойнайтын заттар, киім-кешек пен үйдегі заттар, жануарлар мен құстар, дене мен бет мүшелері) және қарапайым етістік формалары тұйық етістік түрінде не осы шақтың жай түрі мен ауыспалы осы шақта кездеседі. Онымен қоса жекеше түрдегі барлық жақтағы жіктеу есімдіктері туындалап, сын есімдер мен сан есімдердің қарапайым мысалдары пайда болады. Осы жаста бала сын есімдердің көмегімен заттардың түсі мен көлемін, дәмі мен түрін ажырата бастайды. Екі жастағы баланың сөйлеу тілінде көптеген сөйлеу нобайлары құрылады және автоматтандырылады, жеке сөздер және сөйлеу нобайларын айтуы жетіледі.

Бала өмірінің екінші жылында сөздік қор молая түсіп, грамматикалық категориялардың қалыптасуына байланысты сөздік бірліктер түрлене бастайды. Егер бастапқыда ерте жастағы баланың сөздігі есім сөз таптарынан тек қана зат есім мен есімдік және етістіктің бірнеше грамматикалық тұлғадағы мысалдарымен толықса, одан кейін сын есімдер, сан есімдер, ұстеву, жалғаулықтар, басқа да шылаулар, одағай сөздер т.б. сөз таптарын грамматикалық тұрғыдан дұрыс қолдануы арқасында жетіле түседі. Бұл тұжырымымыз дәлелді болуы үшін ерте жастағы балалардың сөздігінде тұрақты түрде қалыптасқан мынадай мысалдарды келтірейік: анықтамалар **үкен** (ұлкен), **докай** (дәу), **кәкәй** (жаман, кір), **киттай**

(кішкентай), **ақи** (ақырын), **ауи** (ауыр), **жоқа** (шын емес); сұраулы есімдіктер: **кім?**, **не?**, **қайда?**, **қандай?**, **қалай?**, **неге?**, **қашан?**, **қаниша?**, **қайсы?** (айтылуда ерекшеліктер бар); жіктеу және басқа да есімдіктер: **мен**, **сен**, **ол, менім** (менің), **меніки** (менікі), **мен ози** (өзім), **сен ози** (сен өзің), **оны** (онікі); көніл-күй жағдайларын білдіру одағайлары мен мысалдары: **уф-уф-ай** (кулау туралы), **ля-ля-ля** (өлең айту, көнілді болу), **кусті** (кушті); орын, мекен мен уақытты білдіру: **мында**, **анда**, **осында**, **онда**, **міне**, **әне**, **асында** (астында), **үсінде** (үстінде), **төмене** (төменде), **жогалы** (жоғарыда), **бұгі** (бұгін), **елте** (ертең), **кеши** (кеші), **қасіл** (қазір), **садакей** (садан кейін), **түнде** (түндегі); келісу/келіспеу: **я, иа** (иә), **и-и/доқ** (жок), **бол** (болады), **болма** (болмайды); сөйлеу этикеті бірліктері: **сәлем** (сәлем), **сая бой** (сая бол), **ламет** (рақмет), **малхаба** (мархабат), **көйше** (көріскенше); шақыру не ниет білдіру: **ке** (кел), **кеши** (келші), **бе кел** (бері кел), **кә-кә** (итке), **кіл** (кір); бағалау: **әй-әй** (жақсы), **әйиши** (әдемі), **көйек әйи** (көйлек әдемі), **тә** (тәтті), **ка-ка** (жаман), **уф-уф** (ыстық, тыйым салынған), **у-у** (корқынышты), **ух** (сұық), **қайагы** (қараңғы), **ақи** (ақырын/баяу), **суай** (сұлы), **теже** (тез), **қықыл** (қышқыл);

Қазақ тілді баланың сөйлеу тіліндегі грамматикалық бірліктердің ішіндегі септіктер жүйесіне келетін болсақ, бірінші кезекте атау септігі еш қындықсыз туындастынын, одан кейін қатысым барысындағы мысалдарға орай жатыс, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктері, ең сонында ілік септігі пайда болатынын айтар едік.

Жіктік жалғауларға келетін болсақ, бұл грамматикалық тұлға алғашында зат есімдермен, содан кейін ғана сын есім, етістіктер, сан есім және есімдіктермен қолданылады. Тәуелдік жалғау меншік иесін көрсетуге байланысты көбіне I, II-жактарда (**менің мәсінам**, **қуыршақ менікі**, **менің мамам**, **сенің үйі**, **сенікі үй**) кейбірде қате түрде беріледі. З жасқа толған баланың толықтай үш жақта бере алатынын атап өткен жөн.

Көптік жалғаулар 2 жас 6 айдан кейін «каз – көп» мысалдарын беру барысында (**бала – балалар**, **дон – доптар**, **мәшине – мәшинелер** т.б.) тіркелетінін байқадық. Мұндай ойын түрлерін бір баламен емес, ұжымда ұйымдастырса, балалардың қызығушылығы артып, тілдік біліктіліктері дами түседі. Осында тұжырымды шығарғанымызда басқа да зерттеушілердің пікірімен танысу кезінде ойымыз бір жерден шыққанын байқадық. Айталық ғалым Б.Баймұратованың зерттеулерінде үш жастан асқан және төрт жастағы балалар зат есімнің жекеше түрде есептей алатындығын, зат есімнің көпші түрін балабақшада тәрбиеленетін балалардың 40%-ы, үйде тәрбие алатын балалардың 15%-ы септей алатындынын анықталған [57, 58].

Қазақ тілді балалардың сөйлеуінде морфологиялық бірліктердің арасында етістіктің бүйрық райы 1 жас 6 ай мен 1 жас 10 ай аралығында бір сөзді сөйлем ретінде (**ал**, **бей (бер)**, **оти (отыр)**, **жүй (жүр)**, **әке (әкел)**, **апал (апар)**, **аи**, **жас**, **жат**) жиі қолданылатынын атап

өткіміз келеді. Бала тілінің дамуына қарай дауысты және дауыссыз дыбыстардың келесі кезегі қалыптасқан кезде осы етістіктер мен басқалары да 2 және 3 сөзді сөйлемдерде өтініш мағынасындағы **-иши/-ши** жүрнақтарымен тіркесіп қолданылады (**маған беші** (берші), **үйге байши** (баршы), **мында қойши**).

Етістіктің шақтарына келетін болсақ, нақ осы шақтың жай түрі (**отыр, жатыр, тұр, жүр**) ерте пайда болатынын бүгандай атап өткен болатынбыз. Ал ауыспалы осы шақ пен жедел өткен шақ бірте-бірте бала тілінде пайда болатынын байқадық: **Mуси топ алды** (Мусатай/Муси/ допты алды); **ауи Масата тоит пісіуп нейті** (аю Машаға торт пісіріп берді); **аттаи сауып кеиті** (аттар шауап келді); **Меікеі қасып кетті** (Меркель қашып кетті /үйдегі иттің аты/); **сепек писий, сеімін** (шелпек пісір, жеймін). Тұйық етістік пен басқа да рай категориялары сөйлеу қажеттілігі (қалаудың білдіру, шартты көрсету.с.с.) мен баланың дамуына орай үш жасқа тақағанда туындаиды.

Балалар сұрақтарға жауап бергенде немесе өз бетінше сын-сипаттағы сөйлемдер құраганда сын есімдер мен үстеулерді қолдана бастайды. Кішірек кезінде «**әй-әй, әйеш, қәкәй, уақ, уай, жақсы, жаман**» сияқты бірліктерді қолданып, қоршаған ортада заттар мен құбылыстарды ым және дене құмылымен көрсетіп, бекітілген былдырмен тілдеседі, өсе келе үлкендер тілінен қалыпты жағдайдағы тілге тән сын есімдер және сын-сипат үстеулерді алып сөйлейді:**ақынды** (ақылды), **ақылын** (ақырын), **ауыл** (ауыр), **сылдам** (жылдам), **сақын** (салқын), **жалаңаш-** (жанаңаш), **кәрі** (кәлі), **кір** (кіл), **қоңыл** (коңыр), **көңілді**, **жылы**, **біік**, **жұмсақ**.

Біз тексерген қазақ тілді балалар сан есімдер мен басқа да сөз таптарын және изафетті конструкцияларды екі жарым жастан асқан кезде молынан қолдана бастайды. Сұқбат барысында сұрақтарға жауап беру кезінде бала қажет тілдік бірліктерді ойланып таңдал, тілін машиқтандырып, сөйлеу дағдыларын қалыптастыра түседі. Сонымен қоса бала тілі үш және одан да көп сөздермен толығып, жалғаулық шылаулар пайда болған кезде қурделі сөйлемдер туындаиды. Бұдан кейін байланыстырып сөйлеу тілі дамиды. Қазақ тілінде туындаған сөйлеу тілінің грамматикалық және синтаксистік құрылымының қалыптасу ерекшеліктерінің талдауы 9-Қосымшада ұсынылды.

Қорыта келе баланың сөйлеу тілінің қалыптасуы, оның сөйлеп үйренуінің даму жолы, яғни адамның сөйлеу тілінің шыққан кезеңі мен түп тамыры сөйлеу әрекетінің онтогенезімен байланысты болатыны айтқымыз келеді. Демек, баланың сөйлеу тілін тексеру және бақылау – бала танымының дамуын оған қажетті қарым-қатынасты зерттеу арқылы тілінің шығу құпиясын білу деген сөз. Баланың танымдық деңгейі өскен сайын, оның өзі өскен ортасы және ересек адамдармен қарым-қатынасы бірте-бірте қурделене түседі, сонымен қатар бала тілі де ерекшеленіп, ересек адамдар тіліне жақындаап, ұқсап, дами түседі деген тұжырымға келдік.

Тілдегі сөздік қор грамматикасыз жанды сөзге айнала алмайды. Кез келген сөздің дыбыстық құрылымы сол сөздің мәнін ашып, қатысым мақсатына қарай жұмсалады, сол сияқты сөздік қор ойды жеткізетін құрылым материалы ретінде қызмет атқарады. Сөздік қор қаншалықты жеткілікті болғанымен, грамматикасыз олар коммуникативтік қызмет атқара алмайды. А.Г. Арушанова «Тілдің грамматикалық жағы үлкендер арнайы түрде ұйымдастырған әрекет барысында педагог не өз қатарласымен қарым-қатынаста дамиды» деген. Тіл жанды қолданысқа түскенде ғана менгеріледі. Соңдықтан қарым-қатынас ортасын ұйымдастырып, ана тілінің барлық жақтарын (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) өзара байланыстаалып, баланы ана тілін менгеру мақсатында жаттықтырған жөн[5].

Екі жарым жастағы балалар әртүрлі жағдаяттарға байланысты отбасы мүшелерінің қандай әрекет орындал жатқандарын, әңгімесі мен кеңістікте бағдарлауға қатысты сұрақтардың мазмұнын, таныс жағдаятта септік жалғауларын қалай қолданатынын түсіне бастайды. Осы жастағы балалар зат есімдердің негізгі және туынды зат есімдерді белсенді түрде қолданады. Сөйлеу әрекеті барысында 2-3 жасар балалар көп жағдайда өздік есімдіктерді кеңінен қолданады. Есім сөздерді белсенді және енжар сөздік қорына сәйкес қолданады. Әсіреле зат есімдердің жекеше және көпше формасын қолдану кезінде және көптік жалғауларын әртүрлі қолданады. Етістіктерге қатысты балалар заттың атын білмей, әрекетін нақты айта алмау жағдайлары да кездеседі. Мысалы үтікті атай алмайды, бірақ **күімді үтіктеиді** деген іс-әрекетке қатысты дене қимылдары не ымдау арқылы ой білдіреді.

Екі - үш жастағы балалар сын есімдерді қолдану кезінде заттың бағасы, құны, сапасы, сипаты, салмағы және дәміне қатысты сөздерді қолданады, бірақ анықтаушы сұрақтар барысында көп жағдайда орынсыз қолдану жағдайлары байқалады. Осы жастағы балалар сөздік қорында **мен** жіктеу есімдігін өте белсенді қолданады. Мысалы, **мынау кім?** деп сұрақ қойғанда суреттен үлкенірек баланы, яғни өзін тауып, **менмін** дейді. **Мен айтам, мен істейм** мысалдары арқылы белсенділігін байқатады. **Кім ақылды?, кім жылдам?** сұрақтарының жауаптары **мен** есімдігімен байланысты. Бұл баланың өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейде болуын білдіреді.

Үш жастағы балалардың сөйлеу тілінде ата-ананың бағыттауы, баланың тілдік импульстарын қабылдауына байланысты өз бетімен орындайтын сан алуан әрекеттері басты орын алады. Ересек адамдармен тығыз қарым-қатынасының арқасында балаға қоршаған әлемді көрсету және түсіндіруге байланысты баланың сөйлеу тілін түсінуі біртіндеп жақсара бастайды. Сонымен қатар бір мезгілде баланың әрекеттерінің мақсаты әрі дұрыс бағытталуы, оның уәжденуі, зейіні және затқа не болып жатқан оқиғаға көңіл аударуы жоғарылайды. Бала іс-әрекеттің әртүрлі жағдайды білдіретінін түсінеді, мысалы, **кім отыр?, кім ұйықтап жасыр, көрсем** дегенде жауап беруге талпынады; көмекші сөздердің мағынасын ұгады: **Сен**

нениң үстінде отырсың? деп сұрағанда көмекші сөз таптарынан мысалдарды қолдануға тырысады. Бала етістіктер мен сын есімдерді кеңінен пайдалана бастайды. Сын есімнің көмегімен заттардың сипаты мен көлемін анықтап қана қоймай, олардың түсі, сапасы, қасиеттері мен пішінін атайды, мысалыға **қызыл, жаман, ыстық, домалак**.

Осы жаста сөздерді айтуы нақты бола бастайды, соған байланысты баланың сөзін онымен үнемі қарым-қатынаста болатын ересектерден басқа адамдар түсіне бастайды. Дегенмен сөзді айтқанда әлі де бұрмалаушылықтар кездеседі: дыбыстық құрылымы құрделі сөздерде жеке буындарды тастан кету («кәмпіт» сөзінің орнына **кәта**); дауыссыздар қатарласып келсе, біреуі түсіп қалады («бақша» сөзінің орнын **баша** дейді); артық дыбысты қосып жібереді («доп» сөзінің орнына **дола** дейді). Бала бірқатар сөздерді айтқанымен бұл сөздерді дұрыс айтпауы да мүмкін. Үлкендердің бала айтып отырған сөзінің буындық құрамының дұрыс айтылуына көп көңіл бөлгендері дұрыс. Сонымен үш жасар баланың сөйлеу тіліне қандай грамматикалық ерекшеліктер тән?

Біріншіден, екі жасар балаға қарағанда үш жасар баланың сөйлеу тілінде агграмматизм мүлдем болмайды, ол көп сұрақ қояды.

Екіншіден, сөйлем ішіндегі сөздер бір-бірімен жалғаулар арқылы байланысады, сөйлеу тілінің барлық басты бөлліктері пайда болады.

Ушіншіден, екі-үш сөздің қатысуымен сөйлемдер құрайды. Кейде жай сөйлемдер құрмалас сөйлемдерге айнала бастайды (5-8 сөзге дейін). Өзінің ойын әрі басты пікірін айтуда ұмтылады.

Төртіншіден, қарапайым көмекші сөздер мен көптік түрдегі сөздің мағынасын түсінеді.

Бесіншіден, тәулік уақыттарын біледі. Екі және одан да көп түсті атайды. Үш жасқа жеткен баланың сөздік қоры шамамен 5 есеге (800-1500 сөзге дейін) артады. Бұнда тек түрмистық тақырыптағы сөздер ғана емес, бағалау мағынасындағы сөздері және жалпылауыштар кездесе бастайды.

Үш жастағы қазақ тілді балалардың ересек адамдарға қоятын көп сұрақтарының ішінде жиі қолданылатын сұраулық шылаулармен қатар айтылатын II-жақтағы етістіктер. Олардың сыпайы түрін бала қате айтады, мысалы: «барасыз ба?» деудің орнына **«барасыңыз ба?»**, тәуелдік форманың көпше түрі «біздікі» сөзін **«біздіңкі»**, «менікі» сөзін **«менімкі»** деп айтуды. Тәуелді зат есімді барыс септігінде толық сақтан қолдану, яғни **«атама»** деудің орнына **«атамга»** деп қолдану ерекшеліктері де осы жаста байқалады.

Бала осы жаста біртіндеп жаңа сөздерді және олардың грамматикалық түрлерін менгере бастайды, осы кезде ата-аналар балаға қоршаған орта туралы қолжетімді түрде әнгімелегендері өте тиімді болады. Өмірінің үшінші жылышында бала күнделікті өмірде

кездесетін қарапайым жағдаяттарға байланысты әңгімелей біледі. Осы жастағы балаларға қарым-қатынасқа деген қажеттілігі жоғары болады. Балалардың ересек адамдар және құрдастарымен қарым-қатынаста болуы оның сөйлеу тілінің дамуына көмектеседі. Олар жай және құрделі сөйлемдерді пайдала отырып, қайда барғандары, нені көргендері туралы әңгімелей алады. Өмірінің үшінші жылында баланың айналасындағы ересек адамдардың сөйлеу тілін түсіну деңгейлері жоғарылайды, ол құрдастарының кейбір сөздерді дұрыс айтпағандарын байқайды.

Балалардың ойлау қабілетінің деңгейін сөйлеу тілінен байқауға болады, бала құрмалас сөйлемдерді қолдана бастайды. Осы жастағы бала ересек адамға «*неге?*», «*қайда?*», «*қашан?*» деген сұрақтарды жиі қояды. Бұл баланың танымдық қажеттілігінің дамуы, ал сөйлеу тілінің әртүрлі бөліктерін пайдалану олардың ойлау қызметінің ары қарайғы даму кезеңін білдіреді. Осы кезге дейін бала қоршаған әлеммен танысты, ал енді осы кезеңде оны түсінуге ұмтылады. Бала «*неге?*» сұрағын қаншалықты ерте қойса, оның ақыл-ойының дамуының қалыпты мөлшерде екенін, ал кеш қойса, онда оның тежелуін білдіреді. Егер осы жастағы бала бұл сұрақты қоймаса, онда баланың ата-анасы сұрақты өздері қойып, баланың танымдық қызығушылығын оята отырып, өздері жауап береді. Үш жастағы баланың «*сұрақ қойғыш*» кезі делінеді. Балада айналасындағылардың сөйлеу тілін түсіну қабілеті де өзгереді. Балаға ересек адамның күнделікті айтқан сөзі, жеке өзіне арналған әрі оның көніл-күйіне қатысты сөздерінің мағынасы айқын.

Үш жастағы бала үшін сөйлеу тілінің тәрбиелік мәні де өзгереді. Бір нәрсеге үйреткенде бұрынғыдай затты не әрекетті көрсету маңызды болғанымен, сөйлеу тілінің маңыздылығы да өсе түседі. Бала таныс заттарды атайды, бағдарлау сұрақтарын қояды, жалпылама атауларды («*ойыншық*», «*тамақ*», «*құстар*», «*жануарлар*») қолданады. Осы жас шамасында сөйлеу тілінің дамуында үлкен жетістіктер байқалғанымен, балалар әлі де тілдің грамматикалық құрылымын жақсы менгермегені байқалады, сондықтан олардың сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері болады.

Зерттеуіміздің жұмыс нәтижесі көрсеткендей, сәбілік шақта көптік мағынаны «*көп емес*» немесе «*аз*» деген сөздермен жеткізеді: *-лар/-лер* және оның қатаң, ұян түрлері *-дар/-дер, -тар/-тер* жалғаулары арқылы жасалатын көптік формалары 3-4 жастан асқанда ғана бала тілінде қолданыста болады. Оларды айту кезінде бала дыбыстық қателер жібереді. Мысалы: *балалар – балдар, үйлер – үйдер, шарлар – шардар* т.б.

Қазақ тілінде ойды жеткізудің бірден-бір қажетті грамматикалық формалары етістіктің шақ, жақ, рай және етіс категориялары. Тіл мамандары 3 жасар бала тілінде негізгі етістіктің жеке және көпше түрлерде III-жақта бірдей жіктелуіне байланысты жиі болатыны, етістіктің болымды не болымсыз түрлері ұшырасатынын, шақ жағынан алғанда жедел өткен

шақ жиі қолданылатындығын байқаған. Құрделі түрлеріне қарағанда жеке күйдегі, қарапайым етістіктер еркін қолданылады, тіпті сол етістіктердің өзі болымды және болымсыз мағынада қысқа айтылады. Мысалы, *барамын – барам, жеймін – жейім, алмаймын – алмайм, бармаймын – бармайм*. Мысалдардан көрініп түргандай, осы кезенде келер шак категориясының ең қарапайым түрлері орын алады.

Уш жаста айтылған сөздердің мағыналары нақтыланады. Сөздік қоры баланың өмірлік тәжірибесі, ересек адамдармен қарым-қатынас есебінен молаяды. Балалар сөйлеу тілінің диалогтық түрін пайдаланады. Сөйлем ішіндегі сөздерді жалғау арқылы жалғанады, сөйлеу тілінің барлық негізгі бөліктері пайдаланылады. Осы жастағы баланың сөздік қорында тек тұрмыстық тақырыптағы сөздер ғана емес, сонымен бірге түсінкті жалпылау және бағалау сөздері де болады. Таныс ертегілер мен өлеңдерді бірнеше рет қайталап тындағанды жақсы көреді, мәтін сөздерін есте сақтағанымен, өз сөзімен айтып бере алмайды. Бала қарапайым жағдаяттық суреттерді түсінеді және сөздің айтылу ырғағына қарай сөз таңдай бастайды. Өзінің аты мен жасын айтады. Бала өзінің қызы немесе ұл бала екенін біледі. Осы кезде «ұш жастың дағдарысы» деп аталатын жас кезеңі басталады. Баланың ата-анасы бұл жастағы баланың өзін басқаруға үйренуге, мүмкін болатын жердің шегін тани бастауға, шиленіс жағдайынан шығу жолдарын іздейтінін түсінуге талпындыруға міндettі. Бұл қасиеттер оның болашақтағы өміріне өте керек болады. Осы кезде ата-анадан шыдамдылық пен түсіністік талап етіледі.

Өмірінің төртінші жылында артикуляциялық аппарат нығайып, бұлшық ет қозғалыстары үйлесімді бола бастайды. Құрделі сөйлемдерді пайдаланып, 4-5 сөзден құралатын сөйлемдермен сөйлейді. Сөйлем құрамындағы сөздерді бір-бірімен жалғау және шылау арқылы байланыстыру болады. «*Кім?*», «*не?*», «*неге?*» деген сұрақтарды жиі қояды, онымен қоса «*Меніңше...*», «*мен олай деп ойлаймын...*» деген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана бастайды. Отken шақтағы етістіктерді дұрыс пайдаланады, қарапайым оқиғалы суреттерді түсінеді.

Төрт жастан бастап баланы мектепке оқуға дайындаі бастайды. Баланы көргеніне байланысты дәйектілікпен сөйлеу және сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді. 4-5 жаста баланың дыбыс мүшелері біршама кемеліне жетеді. Бұл кезде олар әңгімелесуге үйренеді, еш кідіріссіз өз ойы, мақсаты, талабы немесе қарсылығын білдіре алады. Баланың ойлау және құрастыру қабілеттері жылдамдайды, бейнелеу қарқыны да кемелденеді. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сияқты құрделі сөйлемдер туындаиды. Осылайша тілдегі грамматикалық негіз қалана бастайды. Бұл негіз мектепте оқуға дейін қалыптастып бітпейді. Балалар тіліндегі синтаксистік ұғым, яғни сөйлем туралы түсінік оқуға барғаннан бастап жүйелі түрде дамиды.

Төрт жастағы балалардың барлығы сөйлеу тілін бірдей табысты менгереді деп айтуда болмайды. Көп жағдайда бастапқыда ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңінде, содан кейін де жазбаша сөйлеу тілінде оның қалыпты дамуын бұзатын әртүрлі қателіктер кездеседі. Осындай ауытқышылықтарға бірден көңіл аударып, оны дер кезінде жою керек, олай болмаған жағдайда олар баланың ақыл-ой дамуын тежеп, оның психикасын жаралауы мүмкін.

Төрт жастағы баланың белсенді сөздік қоры еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Жаңа сөздерді менгеру барысында бала оларды есте сақтап қана қоймай, олардың дыбыстық жағын да түсіне бастайды, зат және оның білдіретін сөздің арасындағы тығыз байланысты анықтайды, өз бетімен басқа заттардың атауларын түсіне бастайды. Балада лексикаға деген уәждену әрекеті пайда болады. Ол көп жағдайда ана тілінде кездеспейтін сөздерді айтуды мүмкін. Мысалы, жасы 4 жас 1 айдағы Қорлан туфлиінің бауын «балявка» (бауды байлаудан шықкан) деп атайды. Төрт жастағы балаларда сөйлеу тілінің дыбысталуындағы айырмашылықтар айқын байқалады: бір балаларда сөйлеу тілі таза, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, ал басқалары кейбір дыбыстарды қате айтады.

Бала өмірінің төртінші жылында дыбыс шығару қызметінің жақсарғаны байқалады, сөйлеу тілі анық та, дұрыс бола бастайды. Осы жастағы баланың ақыл-ой және сөйлеу тілі дамуындағы жетістіктер байқалады. Сөйлеу тілінің құрамы да күрделене түседі. Ересек адамдардың сөзіне деген зейіні тұрақтанады, ол өзге адамның жауабын сонына дейін тыңдауға қабілетті болады. Осы жастағы балалар монологтық сөйлеу тілін менгереп бастайды. Бұл жастағы бала өзіне қатысты жағдайлар туралы үлкендерге түсінікті етіп айта алмайды, оқып берген әңгіме не ертегілердің мазмұнын дәйектілікпен айтуды бере алмайды. Сөйлеу тілінде айтарлықтай байланыс болмайды, таныс ертегіні айтуды мүмкін, өз өмірінен алған жағдаятты бірізділікпен әңгімелей алмайды. Оның сөйлеу тілі жағдаяттық түрде болады. Баланың сөйлеу тілінде жай сөйлемдер мен олардың тізбегі басым болып келеді. Көптеген балалардың дыбысты айтуды түзеледі, ал кейбір балалар ызың дауыссыздарды шатастырады, сонымен бірге «*р*» дыбысын айта алмайды.

Төрт жаста сөйлеу тілі уақыт пен кеңістіктіктең білдіретін үстеулермен толықтырылады. «Сөз шығармашылығы» пайда болады, яғни сөзжасам модельдерін менгеруді бастағандығы байқалады. Егер төрт жаста баланың сөздігі 2000 сөз болса, 5 жаста 3000 сөзге жетеді. Бұл жағдаят балаға өз ойы мен пікірлерін толық құруға мүмкіндік береді. Балалардың сөздерінде заттардың белгілері мен сапасын белгілеу (*улken, кішкентай, жалпақ, қызыл, жылтыр*), түстерді анықтау үшін қолданылатын сын есімдер жиі пайда болады, негізгілерден басқа қосымша түстердің (*көгілдір, қара, қызығылт сары*) атауларын біледі және атайды. Тәуелдік формалары пайда болады – *тұлқинің құйрығы, қоянның құлагы*, заттардың қасиеттері мен сапасын көрсететін сөздер, жасалған материалдар (*темір кілт, тұлға*).

агаи орындық, шыны кесе) қолданыста бар. Үстөу, есімдік, кеңістікке қатысты сөздерді білдіретін (*асты, үсті, жегары жағы, жаны, жан-жагыт.б.*) сөздер кеңінен қолданылады. Зат есімдер мен көмекші есімдерді байланыстырып айтады (*үстелдің астында, талдың басында, есіктің артында*). Сөздерді көпше, жекеше түрде айтады.

Төрт жастағы баланың сөздік қорында мамандықтардың атаулары, заттардың бөліктері, заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер бар. Зат есімдер мен етістіктердің саны ғана емес, басқа да сөз таптары да артады. Әсіресе баланың сөздігі үстөу арқылы байытылады. Кеңістік пен уақыт ұғымдарымен танысқан балалар *алыс, ерте, кеш, артынан, жақыннат.с.с.* сөздерді менгереді. Жіктеу есімдігінен басқа тәуелдік есімдігі қолданылады: *менің, сенің, оның, біздің*. Балалардың белсенді сөйлеуінде киім, ыдыс-аяқ, көкөністер, жемістер, ойыншықтар және т.б. ұғымдар пайда бола бастайды. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының маңыздылығын түсіну дағдылары қалыптасады.

Бес жаста мамандықтарды білдіретін зат есімдерді; заттардың белгілерін білдіретін анықтауыштарды; адамдардың еңбекке деген қатысын білдіретін үстеулерді; адамдардың еңбек қызметтерін білдіретін етістіктерді; мағыналары ұқсас жалпылауыш сөздерді пайдаланады. Сын есімдер, зат есімдер, етістіктер мен көмекші сөздерді дұрыс және мағынасына қарай нақты қолданады. Бес жастан кейін сөздік қоры тез дамиды. Егер алдыңғы жылдары белсенді пайдалануда қанша сөз бар екенін шамамен анықтауға болатын болса, қазір мұны істеу қын. Алуан түрлі заттарды сипаттау, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдылары қалыптасады.

Бұл жастағы балаларда сөйлеу тілі этикеті, түбірлес сөздерді жасау және қолдану, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдылары қалыптасады. Интонациясына байланысты хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлеуде қолдана білуі дағдысы қалыптасады.

Жалғау мен жүрнақтарды қате қолданулары кездеседі. Балалар сөзжасам мен сөзөзгертудің типтік түрлерін нақты және ережеден тыс менгереді, сөз шығармашылығы жағдайлары азаяды. Алайда көптік түрде зат есімді ілік септігінде және көмектес септігінде қолдануда қателер байқалуы мүмкін.

Бұл жастағы балаларда сөйлеу тілі этикеті, түбірлес сөздерді жасау және қолдану, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдылары қалыптасады. Интонациясына байланысты хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлеуде қолдана білуі дағдысы қалыптасады. Балалар сөзжасам формаларын үйренген, морфемалар өз орындарын алады, сөз шығармашылығы жағдайлары азая түседі.

Көп жағдайда сөзжасау және сөзөзгертулері дамыған. Дыбыстардың кезектесуімен (*қалаймын–қараймын*), номинативті жағдайларда зат есімдердің көпше формаларын

қолдануда қателер болуы мүмкін, мысалы, бала – *балдар*, кітап – *кітаплар*, қасық – *қасықдар*, дәптер – *дәптерлар*. Балалардың кейбіреуінің өзіндік сөйлеуінде етістіктердің саны көбейеді. Белгілі бір жағдайларда балалар құрдастары не ересектермен бірлесе отырып суреттер және кітаптардағы безендірулерді қарап отырып, әңгімелеп, тілін жетілдіре түседі. Етістіктердің қолданып, басқа да сөз таптары арқылы тілдің грамматикалық құрылымы күрделене түседі.

Сөздердің кейбір күрделі түрлері, мысалы ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрін (*балалардың, ойыншиқтардың*) айту кейбір балаларда қыындық туғызады. Зат есіммен сан есімді үйлестіруде қателер байқалады. Салалас құрмалас және сабактас құрамалас сөйлемдерді айтқанда қиналады (*Мама, ерте тұрганда, балабақшага кешігіп келмес едік*).

Алты жаста баланың мектепке дейінгі даму кезеңі аяқталады, оның негізгі нәтижесі жүйелі оқуға дайындық болып табылады. Алты жастағы балалардың сөйлеу тілінің деңгейі мектепке дейінгі баланы ересектердің сөйлеу мәдениетіне ынталандыруы және үлгісіне тікелей тәуелді. Жақын адамдардың сөзі грамматикалық тұрғыдан дұрыс болса, ол өзінің мазмұны бойынша бай. Егер үлкендер баланың қателіктерін дер кезінде түзетсе, балалар осындай қасиеттерге ие болады деп толық сеніммен айтуға болады. Алты-жеті жастағы балалар мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздердің оңай таңдай алады. Олар дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әртүрлі реңктерін бере алады, сыйырлап, қатты дауыстап, жылдам және баяу сөйлей алады. Осы жастағы балалар заттар, құбылыстардың ерекшеліктері, өздерінің ересектер және құрдастарымен өзара қарым-қатынасын оңай сипаттайды. Бұл жастағы балалар үлкен кісілердің сұрақтарына толықтай жауап береді, өз ойларын нақты және айқын түрде бере алады. Балалар әдеби шығармалардың оңай тыңдалап қана қоймай, берілген тақырыпқа сай ертегі мен әңгімелерді өздері құрастыра алады, олар үшін басы және соңын ойлап табады. Берілген тақырып бойынша әңгімені жалғастырады немесе ертегі басын бастап, көрнекілік (сюжетті суреттер сериясына сүйене отырып, оларды реттілікпен орналастырып) бойынша ертегі не әңгімені өз бетімен айтып береді. Бұл балалар дәйекті және қисынды, негізгі сюжеттік шеңберден ауытқымайды. Алты-жеті жастағы баланың сөйлеу тілінде грамматикалық қателер кездеспейді, барлық дыбыстар дұрыс айтылады, сөзі анық әрі түсінікті. Сөздік қоры бейнелі және жарқын сөйлемдердің пайдалануға мүмкіндік береді.

Алты жасар баланың сөйлеу тілінде қарапайым сөйлемдер күрделі сөйлемдермен алмастырылады. Мысалы, «*Біз кеше серуенге бардық және көлдің жағасында ойнадық*» немесе «*Маган мәшине бер, бірақ көк емес, қызылды, себебі ол тез жүреді*». Сөйлеу әрекеті барысында алуан түрлі лексикалық және грамматикалық құралдарды (*бір күні, бірде, келе жатып, естідік, қаштық, күлдік, үйге кемтік*), көрнекіліктер, заттар, сұрақтар, жұмбақтардың қолданады.

Мәнерліліктің интонациялық құралдарын (қарқын, ырғақ, екпін т.б.) қолдана алады. Сөйлегенде сын есімдер, етістіктер, үстеулер, жалғаулар, жалпы мағыналас зат есімдерді көп қолданады. Жіктік жалғауларды қолданып, сөз өзгертулері жақсы дамыған екендігін байқатады: *мен – дәрігермін, сен – дәрігерсің, ол – дәрігер, олар – дәрігер (олар дәрігерлер)*. Алайда ішінара «*Сен – дәрігерсіз, Сен – ұстазсыз, олар дәрігер... (олар дәрігерлер)*» деп жауап бергендер де кездесті. Жіктік жалғауларды жалғау арқылы сөз өзгерту мысалдары мынадай болды: *Мениң шыршам, сениң шыршаң, оның шыршасы, Сіздің шыршаңыз, Сіздердің шыршаңыз (шыршаларыңыз), біздің шырша (шыршаларымыз)*.

Септік жалғауларды (ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) жалғап, сөзөзгерту жақсы дамығанын көрсетті. Зат есімнің септіктерін қолдануын тексеру үшін балаға суреттер ұсынылып, сұрақтар қойылды: «*Тәрелкенің жасында не тұр?*», «*Қызың көжені немен жеп отыр?*», «*Қызың нені жуды?*». Бала сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрайды: «*Мысық орындық жақта отыр*», «*Мысық орындықтың астында отыр*», «*Мысық орындықтың астынан шықты*», «*Доп орындықтың үстінен ұшып өтті*», «*Ит бұрыштан қарап тұр*».

Зат есімдерден етістік тұлғаларын жасау дағылары қалыптасқан «*Кім не істеп жатыр?*» – «*Сапар орындықты шегелеп жатыр. Айсулу гүлдерді сугарып жүр. Әжем қияр тұздал жатыр*». Кішірейту мағынасындағы жүрнақтардың көмегімен жасалған зат есімдерді қолдану балалардың көпшілігінде қалыптасқан: «*Мен улкен заттарды атаймын, ал сен оларды кішірейтін айт*: кітап – *кітапша*; кілем – *кілемше*, қап – *қапша*, үй – *үйшік*». Жинақтық сан есімдерді жасауы жақсы: бір – *біреу*, екі – *екеу*, төрт – *төртеу*, бес – *бесеу*; қатыстық сын есімдердің жасалуы: суы жоқ жер – *сусыз жер*, үйі бар – *гүлі көп саябақ*; қатыстық сын есімдердің жасалуы: мереке – *мерекелік*, мемлекет – *мемлекеттік*, жыл – *жылдық*; қатыстық сын есімдердің жасалуы: тоғайы көп жер – *тогайлы жер*, күші көп бала – *кушті бала*. Есім сөздерден сын есім жасай алу жүрнақтарын қосып айтударын анықтау тапсырмаларында (-дай/-дей, -тай/-тей) жүрнақтарын қолдануда қиналады. 4-6 жастағы балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағының ерекшеліктері 3-Қосымшада ұсынылды.

Ересектер және мектепалды даярлық топ (сыныптарында) балалардың ойын немесе басқа да әрекеттер барысындағы сөйлеу белсенделілігі төмендейді, себебі үл жаста сыртқы сөйлеу тілі ішкі сөйлеу тіліне айналады. Үл жастағы балалардың тілі грамматикалық жағынан күрделі және лексикалық жағынан жетілгендейді, ортаңғы топ балаларына қарағанда досына бір нәрсені түсіндіру жағдайлары азаяды. Ойын кезіндегі өздік сөйлеуі ретінде өтініштері мен тілектері басым болады. Балалар ойын әрекеті барысында грамматикалық жағынан қарапайым тілді қолданады.

Осы жаста кейбірде бір сөйлемде синтаксистік қатынастар грамматикалық жағынан дұрыс болса, басқалары қате болады, сол себептен сөйлем грамматикалық жағынан жартылай

ғана дұрыс деп есептеледі. Балалармен жұмыс істейтін педагогтар және ата-аналар балалар жаңа сездерді қолданғанда оларды менгерілген нормалар мен ережелерге сәйкес өзгертіп, сездің дыбысы мен формасына саналы түрде бағдарлай алады. Бұл жаста бала тілінің деңгейі ересек адамдардың тілдік мәдениетіне тікелей байланысты. Егер үлкендердің тілі грамматикалық жағынан дұрыс, айқын, эпитеттер жиі кездесетін болса, әрі ол мазмұны бойынша бай болса, ересектер баланың сөзін уақытылы түзеп отыrsa, баланың тілі бай, анық және толыққанды дамыған болады деп сеніммен айтуға болады.

4.2 Тілдің синтаксистік жағын менгеру сипаттамасы

Мектеп жасына дейінгі баланың тілдің грамматикалық құрылымын игеруі бас миының талдау-жинақтау әрекеттерімен тығыз байланысты. Ақыл-ой қызметінің осы қурделі механизмі И.П. Павловтың еңбегінде ашылды. Бұл туралы психолог маман Ф.А. Сохин, педагог ғалым Н.А. Стародубоваатап көрсетті [33, 103].

М.М. Алексева, В.И. Яшина «Грамматика – бас ми қабыршағының абстрактілеуші дерексіз жұмысының нәтижесі, бірақ қазіргі болмыстың көрінісі болып табылады және нақты дәлелдерге сүйенеді», – деп тұжырым жасады [25] Бұл ой И.П. Павлов ашқан жаңалықтың жалғасы болды. Балалардың қоршаған ортадан алған әсерінің мида таңбалануы жайында талдап жазған физиолог ғалымның үш сигналды жүйесі бала тілінің грамматикалық жағынан дамуы, ақыл-оны және миының дамуымен тікелей байланыстылығын жан-жақты дәлелдеген [102].

Балада тілінің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің дамуы тығыз байланыста болады. Сөздің жаңа формаларының пайда болуы сөйлемнің құрылымын құрделендіруге ықпал етеді және ауызша сөйлеуде сөйлемнің белгілі бір құрылымын қолдану сездердің грамматикалық нысандарын бекітеді.

Тіл – әлеуметтік, ал сөйлеу тілі – жеке құбылыс. Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін үдеріс, ал сөйлеу тілі – тұрақсыз және жиі өзгеріп отыратын әрекет. Тіл адамның миы және санасымен бірге өзі қалыптасатын, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс. Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психофизикалық құбылыс. Осылайша тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін ерекше атап өткіміз келеді. Тіл әртүрлі санаттағы тілдік бірліктердің (дыбыстар, морфемалар, сөздер, сөйлемдер) жиынтығынан тұрып, оларды құру және қолдану ережелерінен құралады. Сөйлеу тілі өзінің белгілі бір заңдылықтары бар орнықкан жүйе, сонымен бірге ол адамның даму деңгейін білдіреді. Сөйлеу тілі әрекеттердің ерекше түрі, тілдік бірліктердің туындауы мен қабылдауы бойынша әрекеттердің жиынтығы. Ол белгілі бір мазмұнды мәтінге көшіру (сөйлегенде) және мәтіндердің мазмұнанан алу (есту барысында), сондай-ақ жаңа бірліктерді өндіруге (сонғы

кезде «лингвокреативтілік» атауы беріліп жүрген) байланысты үдерістер. Белгілі бір тілде сөйлеу үшін алдымен тілдік бірліктерді менгеріп, содан кейін оларды қолдана отыра қатысым әрекетінде пайдалану ережелерін игеру қажет. Ерте жас сөйлеу тілін қалыптастырудың ең тиімді кезеңіне жатады. Ерте жас пен мектепке дейінгі кезеңде сөйлеу тілінің қарқынды дамуы баланың заттық әрекетімен тығыз байланысты болады.

Айтылым әрекеті затты атап қана қоятын сөзден жағдайды бейнелейтін қызметімен ерекшеленеді. Балалар сол сэтте не істеп жатқаны және нені көргені туралы айта алады. Қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сәйкес бір сөздік сөйлемдерді жағдаяттық сөйлеу тіліне жатқызуға болады. Ол сөйлесіп тұрған адамға ым-ишарап, қимыл, мимика, интонацияның көмегімен ғана түсінікті болады. Екі сөздік сөйлем баланың өзінің қалауын дәл жеткізудегі қажеттілігі мен бұрынғы сөйлеу тілдік қатынастың арасындағы қайшылықтың нәтижесінде туындаған жаңа қажеттілікке байланысты пайда болады. Тілдің грамматикалық категорияларының қалыптасуы мен олардың сыртқы айтылымдарының қалыптасуына байланысты түрлі құрылымдарды менгеру өте қызық және ерекше құбылыс. Ол жай және құрмалас сөйлемдердің әртүрлі түрлерінің жылдам өсуімен сипатталады. Егер баланы өмірінің алғашқы екі жылында сөйлеу тілін дұрыс дамытса, онда үшінші жыл үлкен табыс әкеледі. Бала сөйлеу тілін еркін менгереді, сұрақ қояды, сұрақтарға жауап береді, жай, тіпті құрмалас сөйлемдерді де дұрыс құрай біледі. Баланың сөздік қоры кеңейеді, сондай-ақ сөздік қорының көлемімен бірге сөйлеу тілінің сапасы да жоғарылайды. Үш жасқа таяғанда бала барлық септік жалғауларын және олардың көмегімен айтылатын заттық қатынасты менгереді.

Қазақ тілі білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т. Аяпованың еңбегінде синтаксистік семантика тұрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған. Бұл – ғылыми түрғыдан жан-жақты зерттеліп, тәжірибелі қажет ететін тіл білімінің құрделі мәселелерінің бірі болғандықтан біз, өз кезегімізде, сөйлеу онтогенезін қалыпты жағдайдағы балалар негізінде жалпы тіл білімі, психолингвистика, жалпы педагогика мен психология, арнайы педагогика т.б. салаларға мол материал беретін тақырып ретінде зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Отандық филолог-ғалым Т.Т. Аяпова «Сөйлеу онтогенезі» атты монографиясында: «... адам баласының тілінің шығуы бірнеше сатылардан тұратындығын және ол қарапайым бір сөзді сөйлемнен басталып, сөйлеу әрекетінің басым компоненті – оның семантикасы, нақтылап айтқанда оның алғашқы көрінісі – бала тілінің синтаксистік семантикасының даму негізінде бала тілі дамитындығы және синтаксистік семантика баланың бір сөзді сөйлемдегі ойы мен мақсатын тыңдаушыға жеткізуде, түсінікті етуде басты рөл атқаратындығы

эксперимент нәтижесінде дәлелденді», – деп көрсеткен [15, 16].

Осы бағыттағы көптеген зерттеулерді талдау барысында біз бала тілінің шығуы бір сөзді сөйлеммен басталатындығын, бірақ бұл бір сөзді сөйлемдегі бала ойы осы сөйлемнің мағынасы арқылы, яғни синтаксистік семантикасы мен жағдаяттың көмегімен ғана тыңдаушыға түсінікті болатындығы белгілі болды. Сонымен қатар баланың сөйлеу әрекетінің басым компоненті – бала тілінің семантикасы да әр кезеңде өз қызметін атқарып, даму үстінде болып, ұғымдық синтаксис семантикалық синтаксиске ауыса бастайды да, кейін фазалық синтаксиске ұласып, бала тіліндегі әрбір сөз мағынаға ие болатындығын анықтадық.

Бала тілдік тәжірибесі барысында тілдің негізгі грамматикалық заңдылықтарын менгереді. Ол сөйлемді дұрыс құрайды, өзінің түсінігіне сай ойын сауатты әрі дұрыс жеткізуге тырысады. Мектеп жасына дейінгі баланың алғашқы сөйлемі грамматикалық құрылымын нығайтумен ерекшеленеді. Бұл бастауыш пен баяндауыштан тұратын, не толық жағдайды сипаттайтын бір ғана сөзден құралған жай сөйлем болуы мүмкін. Ол көбінесе заттар мен құбылыстарды сипаттайтын сөздерді колданады: *Қар бітті, жаумайды; Күн жерге кіріп кетті; Жаңбыр жаумайды, чупа-чупс жауады.* Кейінрек оның сөйлеу тілінде құрмалас сөйлемдер пайда болады, сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басқа анықтауыш пен пысықтауыштан тұрады. Осы формалармен қатар бала негізгі және көмекші септіктерді қолданады. Сонымен бірге сөйлемнің грамматикалық құрылымы қындаиды, өйткені шылау құрылымдары пайда болады: *Әкем бөлмеде ұйықтап жатыр, ал қуыршақ жерге құлады; Қоян секіріп кетті, аю орманга кетті; Мен әдемі қойлек бар, сенде де әдемі қойлек бар.* Аталмыш кезеңде диалогтық сөйлеу тілі қалыптасады, бұл оның ойын барысында өзімен-өзі сөйлесуінен көрініс табады.

Бала өмірінің екінші жылында айналасындағы заттар мен болып жатқан құбылыстардың барлығына қызығушылық танытады, ол бәрін көргісі, танығысы және ұстағысы келеді. Осы кезеңде алдымен бір сөздік, содан кейін екі сөздік сөз тіркестерін пайдалана бастайды. Сонымен бірге балада бар қарым-қатынас құралдары (ым-ишарат, мимика, жеке сөздер) өзінің түсінікті болуына, қарым-қатынастағы қажеттілікті қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болады. Бұл жаста екі кезеңді ерекшелейді: 1 жас 3 айдан 1 жас 10 айға дейін, 1 жас 10 айдан 3 жасқа дейін. Бірінші – бұл аморфты сөздерден (түбір сөздер, басым жағдайда сол өзгермеген қалпында қолданылады) тұратын сөйлемдер кезеңі, бір сөздік сөйлемдер мен екі-үш сөздік сөйлемдер жиі қолданыста болады. Баланың бірінші сөйлемдері бір сөздік және оның бірнеше түрі болады:

1. Сөйлем – шақыру түріндегі атау сөз (*тә-тә, а-па, ма-ма, па-па*);
2. Сөйлем – өтініш, қалауын білдіретіндер (*би-би, наәм-наәм*);
3. Сөйлем – одагаймен немесе жеке сөзben берілген, көп жағдайда етістік түрінде

(әй, ал; у, бей) болуы мүмкін.

Бір сөздік сөйлем өзінің мағынасы бойынша белгілі бір хабарламаны жеткізетін аяқталған бүтін бір ойды білдіреді. Алайда айтылым затты атап қана қоятын сөзден жағдайды бейнелейтінімен ерекшеленеді. Балалар сол сэтте не істеп жатқаны мен не көргені туралы ғана айтады. Бір сөздік сөйлемдерді жағдаяттық сөйлеу тіліне жатқызуға болады. Ол сөйлесіп тұрған адамға ым-ишарап, қымыл, мимика, интонацияның көмегімен ғана түсінікті болады.

Екі сөздік сөйлем баланың өзінің қалауын дәл жеткізудегі қажеттілігі мен бұрынғы сөйлеу тілдік қатынастың арасындағы қайшылықтың нәтижесінде туындаған жаңа қажеттілікке байланысты пайда болады. Біз өзіміздің жүргізген тәжірибелерден мысал келтіретін болсак, Ернұр (1 жас 5 ай) анасының өзімен ойнағанын қалап, оны сөзбен (*An-a-na, a-na-ma*) айтуда тырысады. Анасы оған жауап бермегендегі, ол кенеттен: «*A-na-ma, қайа!*» – деген.

Грамматиканы менгерудің екінші кезеңі – тілдік бірліктердің пайда болуы мен олардың сыртқы айтылымдарының қалыптасуына байланысты грамматикалық құрылымын менгеру. Ол жай және құрмалас сөйлемдердің әр түрлі түрлерінің жылдам өсуімен сипатталады. Үш жасқа таянғанда бала барлық септік жалғауларын және олардың көмегімен айтылатын заттық қатынасты менгереді. Егер өмірінің алғашқы екі жылында баланың сөйлеу тілін дұрыс дамытса, онда үшінші жыл үлкен табыс әкеледі. Бала сөйлеу тілін еркін менгереді, сұрақ қояды, сұрақтарға жауап береді, жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрай біледі. Баланың сөздік қоры кенейеді, сондай-ақ сөздік қорының көлемімен бірге сөйлеу сапасы да жоғарылады. Оның сөз тіркестерінде сөйлеу тілінің барлық бөліктері табылады. Мысалы, үш жастағы Айбек көп жағдайда өзінің ұнатқан мультфильмдері мен ертегілерді көргеннен кейін өзін толғандырған жерлері туралы айтып беруге асығады. Бұл кезде анасы оған көмектеседі. Алдымен анасы оны не толғандырғаны туралы айтып беруді сұрайады, бұл жерде баланың анасы өзінің бақылауы бойынша балаға оны ынталандырып, ойландыратындаі сұрақтар берудің тиімді екенін айтады.

Сөйлеу тілінің дұрыс дамуының көрсеткіші ретінде екі жастан аса алғашқы фразаның пайда болуы туындаиды, мысалға «*cay bo*» – «саяу бол». Бала қатысым әрекеті барысында одагайларды пайдалана бастайды: «*ay?*», «*yay!*», «*o-o-o, саает!*» – «о-о-о, самолет!». Өмірінің екінші жылышында екінші жартысына қарай баланың сөйлеу тілінде екі сөзден тұратын сөйлемдер қалыптаса бастайды. Олардың пайда болуы бірінші реттік синтаксистік бүтіннен сөйлемге көшудегі алғашқы қадамы туралы хабарлауын білдіреді. Баланың осы сөйлемдерді өз бетімен анықтауы маңызды фактор болып табылады деген тұжырымды жасаймыз.

Күрделі сөйлемнің негізгі типтері үш жасқа қарай менгеріледі. Бастапқыда олар жалғаулықсыз қосылады, содан соң жалғаулықтардың көмегімен болады. Балалар салалас

күрмалас сөйлемнің жалғаулықтарымен қатар бағыныңқы жалғаулықтарды қолданады. Өмірдің төртінші және бесінші жылдарында ана тілінің жүйесін менгеруде жайылмалы сөйлемдер басым болады (В.И. Ядэшконың айтуынша 57%), сөйлем мүшелері санының өсуіне байланысты олардың құрылымы күрделене түседі. Бала тіліндегі бірыңғай пысықтауышы бар сөйлемдер пайда болады, бірыңғай толықтауыштар мен анықтауыштардың саны артады. Сонымен қатар балалар күрделі сөйлемдерді қолдан бастайды. Бала тілін зерттеуші В.И. Ядэшконың мәліметтері бойынша сөйлемдердің жалпы санының 11%-ын күрделі сөйлемдер құрайтыны туралы дерек арнайы жүргізілген тәжірибе зерттеулерінің нәтижесінде алынды [35].

Екі жарым жастағы балалар үш сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады, «*қайда?*», «*кім?*», «*не?*» деген сұрақтарды қоя алады. Мазмұны таныс болса, сурет бойынша «*кім?*» және «*не?*» деген сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлердің іс-қымылдарын көрсетеді. Таныс емес сөздерге тез еліктейді. Бала білетін ертегілердің сөздерін қайталайды. Сурет бойынша 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырады, «*Сенің атың кім?*» деген сұраққа жауап береді. Жақын туыстардың есімдерін біледі және оларды атайды. Ойын барысында құрдастарымен диалогқа түсе алады және басқа балаларға еліктейді. Етістіктің өткен шағын пайдалана бастайды. Тек күрделі сөздерде буындық құрылымы бұзылуы мүмкін. Дауысты және дауыссыз дұрыс айтады. Женіл тақпақ пен өлеңдерді жатқа айтады.

Үш жас шамасындағы балаларда күрделі сөйлемдер пайда бола бастайды. Негізгі септік және көптік жалғауларын, біраз жүрнақтарды және етістіктің ауыспалы келер шағын (*барамын, көремін, келемін*) қолданады. «*Қайда?*», «*неге?*», «*нешеде?*» сұрақтарына бірден жауап береді. Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді. Таныс ертегілерді байланыстырып, мазмұнын баяндап айтып береді. Сұрақ бойынша өткен не естігенін айтып береді. Онымен қоса үлкендер айтқан сөйлемдерді түсініп, ойды аяқтайды. Бала кез келген жастағы адаммен сөйлесе алады. Өзінің әрекеттерін сөзбен толық баяндап айтады. Шығармашылық әрекетін құрып, үйқастырып айту қабілеті байқалады. Бөлшектері бойынша тұтас затты таниды және жеке ерекшелігі мен белгісіне қарай заттарды жүйелей алады. Ертегілерді ұзак уақыт тыңдай бастайды. Шағын өлеңдер мен тақпақтарды есінде сақтайды.

Үшінші жылдың екінші жартыжылдығында балалар синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін қажетті көмекші сөз таптары (шылаулар мен қосымша сөздер) белсенді түрде менгереді. Баланың сөйлеу тілінде күрделі сөйлемдер пайда болады, олардың саны төртінші жыл бойы айтарлықтай өзгермейді. Мәселен, «*Мен атама барып, олардың үйінде тамақтанып келдім*» деген сөйлем құрылымынан гөрі, қала баласы «*Мен атамдікінде тамақ іштім*» деуі онай. Ол осындағы сөйлемдерді ата-анасынан күнделікті естіп, белсенді түрде қолданады. Бала сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырса да, олардың көпше және

жекеше түрлерін дұрыс қолдана алмайды, септік жалғауларды қолдануда қателіктер жібереді. Ол етістіктің осы және өткен шағын ажыратады әрі дұрыс пайдаланады: «*Мама кетіп қалды. Папа машина айдан кетіп қапты*»— 2 жас 10 ай. «*Мен қуыришақ ойнап отырмын. Кешке қонаққа барамыз*»— Айша Ж., 3 жас 4 ай).

Балалардың ана тілінің грамматикалық және синтаксистік құрылымын менгеру үдерісі сөздерді синтаксистік құралдармен құру әдісі арқылы жүзеге асады (А.М. Шахнарович, Д.Слобин), бағдарламалау және сөйлеуді жоспарлау арқылы (Н.В. Краевская, В.Н. Овчинников т.б.) [4, 104, 105, 106].

Сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда байланыстырып сөйлеу ойлау, қарым-қатынас және белсенділікпен бірге дамиды. Басынан бастап балаларда белсенді сөйлеу оны түсіну арқылы дамиды.

Өмірдің екінші жылышында фразалық сөйлеу пайда бола бастайды, ол талаптарды білдіретін 2-3 сөзден тұрады. Егер балаларда 2 жасқа дейін қарапайым фразалық сөйлеу пайда болмаса, онда оның сөйлеу тілінің даму қарқыны нормадан артта қалады. Баланың сөйлеу тілі ересек адаммен жеке қарым-қатынаста пайда болады. Бала үнемі оның өміріне эмоционалды қатысуды сезініп, жақын қашықтықта сөйлейтін адамның бет-бейнесін көрүі керек.

Өмірдің үшінші жылышында бала қарым-қатынас қажеттілігін бастайды. Баланың сөз жасау қабілетінің пайда болуымен қатар өмірінің екінші жылышында және үшінші жылдың басында жалпы сөздер көлемі ұлғаяды. Үш жасар бала біртіндеп сөйлемдерде әртүрлі сөздерді дұрыс байланыстыра бастайды. Бұл жастағы бала құрделі фразаны құрастырумен айналысады. Баланың сөйлеу тілінде өмірдің үшінші жылышында екінші жартысынан бастап сын есімдердің саны өсіп, көбейеді. Балалар өзге тұлғалармен қарым-қатынас құру және сөйлесу кезінде диалогтарды белсенді түрде қолданады. Үшінші жылда балалардың дыбыстық айтылымы мен фонемалық қабылдауы қарқынды дамиды. Өмірінің төртінші-бесінші жылышында баланың қалыпты сөйлеу тілінің дамуы толығымен қалыптасады, бала 5-6 сөзден тұратын сөйлем құрай бастайды. Балалар салалас және сабактас құрмалас сөйлемдерді қолдана бастайды. Бұл кезеңде балалар өлеңдер мен ертегілерді жаттап, айта бастайды, суреттердің мазмұнын түрлендіріп, эмоционалды түрде жеткізе бастайды. Бұл жастағы бала сөйлеудің тұрақты түрін қалыптастырады, оның көмегімен ойын әрекеттері саналы түрде бола бастайды. Осы жастағы балалар тақырыптың сипаттамасы мен баяндауын жасай алады, ал жеті жасында балалар өздері пайымдау жасай алады.

Бұл жаста балалар ересектерге көптеген сұрақтар қояды, мүмкіндігінше өз әрекеттерін түсіндіреді. Балалар монологтық сөйлеу тілін қолдану қажеттілігін дамыта отырып, арнайы уәжін қалыптастыра отырып, өзін-өзі бақылаудың түрлерін қалыптастыра отырып, егжей-

тегжейлі хабарлама құру кезінде құрылыштың тиісті синтаксистік құралдарын игереді, бұл бала сөйлеу тілін сәтті игерген кезде маңызды және қажетті жағдай.

Біздің зерттеу негізінде мектеп жасына дейінгі ересек балаларға монологтық мәлімдемелерді жоспарлау дағдылары қол жетімді және оларды игере алғанының көрсетті. Балалардың жетілуі келісілген және егжей-тегжейлі мәлімдемелер жасауға, дағдыларды игеруге, сөйлеу тілі мен танымдық мүмкіндіктерді қолдануға және пайдалануға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры мен грамматикалық құрылымын қалыптастырудың белгілі бір деңгейінің болуы балаларға үйлесімді сөйлеуді игеруге ықпалдасады. Балалар сөйлеу тілін түсініп, хабарламаларын жеткізу және оны одан да көп игеру үшін тиісті синтаксистік құрылымдарды менгеруі керек. Баланың мектеп алдындағы сөйлеуі балалар және ересектермен қатысым әрекетінің нақты және көрнекі жағдайына байланысты онымен қоса қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Балада тәуелсіз әрекетті практикалық түрғыдан дамыту, өз ниетін қалыптастыру қажеттілігі бар, ол практикалық әрекеттерді ақылмен орындаі бастайды.

6 жасқа дейінгі балалар фразалар және құрделі сөйлемдерден тұратын құрылымдарды қолдана отыра еркін және толыққанды сөйлейді. Олар жаңа сөздерді қалыптастыру дағдыларын игере бастайды және бұл сөздерді өзгерте алады (сөзжасам), содан кейін олардың сөздік қоры артады.

Төрт жасар бала грамматикалық түрғыдан дұрыс құралған сөйлемдермен байланыстырып сөйлейді, кейбір жағдайда ғана қателер болуы мүмкін. Сөйлемдердің 8 %-ы құрделі түрі болады. Жиі қолданатын сөздер *қасында*, *арасында*, *бірге*. Сирек қолданатын сөздер *устінде*, *жогарысында*, *арқылы*, *дейін*. Балалар мына сөздерді сирек қолданады не мүлде қолданбайды *жан-жағында*, *оған дейін*. Жиі қолданатын сөздері *a*, *иә*, *сол*, *солай гой*, *енди*.

Бес жасар баланың қолданатын сабактас құрмалас сөйлемдерінің түрі мен мазмұны қурделене түседі. Тәжірибе жұмысын жүргізу барысында белгеленген сөйлемдерінің мысалдары мынадай: *Алыста анам еккен ғұлдер көрінді*(5 жас); *Ойыншығын алып алсам*, *Айша жылайиды гой* (4 жас 4 ай); *Қорага барып, жұмсақ болатындаі қозыға шөп әкеліңдер* (5 жас). Бұл жастағы балалар өз бетінше салалас және сабактас құрмалас сөйлемдерді құрастыра алады: *Ол инені шанишып қоймай, тастай салды гой*.

Төрт-бес жасар балалар жағдаятты сөйлеуден контекстліге көшеді. Олар ересек тұлғамен әңгімеге ұялмай, қысылмай әрі еркін түсінілгенде алады. Қарым-қатынас белсенді өтеді, балалар әңгімеге қатысады, ертегіні айтып бере алады. Олар ойыншық пен суретті сипаттап, әңгіме құрайды. Алайда сұрақты дұрыс құрастыра алмайтындары да кездеседі. Сипаттама әңгіме құрауда әңгімелулерінің кезектілігі сақталмаған, балалар неден бастап, немен

аяқтарын білмей қалуы мүмкін, ойыншықты сипаттап отырып, оның атын атамай кетіп, есімдіктерді (*оның, ол, онда*) ғана белгілеуі де кездеседі. Жәй сөйлемдерді қолданады, сипаттамасы небары 17-20 сөзден тұратын 5-8 сөйлемнен құрылуы мүмкін.

Бес-алты жастағы балалардың әңгімелеге кең. Балалар грамматикалық түрғыдан дұрыс жайылмалы сөйлемдерді кеңінен қолданады. Бес жасар балаларда құрделі сөйлемдер – 11 %; алты жасарлардағыларда – 17 %. Мектепке дейінгі ересектер тобындағы бес-алты жасар балалар әңгімеге белсенде қатысады. Қойылған сұрақтарға жауап береді, ынтасы болса, сұрақтарды дұрыс құрастырып қоюға қабілетті. Көрнекілікке сүйеніп, біртіндеп баяндап, сипаттама беріп, талдап, пікір білдіруді менгереді. Бұл жаста салалас және сабактас құрмалас сөйлемдер саны артады. Осы жастағы балалар ересектермен әңгімелесу кезінде өздерін еркін ұстап, ынта-жігерін білдіріп, әңгімелесудің тақырыбын өздері ұсынады. Балалардың синтаксистің қателері сөйлемдегі сөздердің ретіндегі қателерде байқалады: бірінші орынга бала үшін маңызды сөз қойылады: «*Күйришақты анаң әнерді ме?*» деген сұраулы сөйлемге жауап балаға маңызды сөзден басталады. Үстеулерді қолдануда қателер жіберуі мүмкін: «*Айшаның шары жарылды, қатты тарс (деді)*»; «*Үйге келдік, доп ойнадық*»; «*Мен жылы пәлте кидім, тонбау үшін*»; үстеуді орынсыз қолдану да кездеседі: «*Біз келе жаттық, далада қараңғы болды*».

Ф.А. Сохин тілдік жалпылаудың қалыптасуы жөнінде айта отырып, ең алдымен балалардың тілі ересектердің сөзіне қарап, үлгі алғып дамиды, еліктеу арқылы ересектің сөздері мен сөйлеу үлгілерін негізге алғып, бала сөйлеу әрекеті барысында оларды қолданады. Алайда сөйлеу тілін менгеруде сөйлеу тілінің даму механизмі психологиялық «еліктеу» элементтері емес, тілдік құбылыстар мен тілдік жалпылаулар маңызды рөлге ие болады деп тұжырымдаған [33].

Зерттеу барысында байқағанымыз:

- жас ерекшелігіне байланысты сөйлем түрлерінің пайда болуы туралы (2,3,4,5,6 жас);
- сөйлем құрау, қолданудағы жиі кездесетін қындықтар (қателер);
- арнайы әдебиеттердегі деректерге сәйкестігі.

Екі жастағы балалар ересектердің сөзін түсінеді, тыйым салуға, өтінішке, тапсырысқа дұрыс жауап береді. Бала екі жас 6 айдан кейін сөйлеу дағдыларының қажетті дағдыларын игереді. Сөйлеу тілінде сапалы алдыға жылжу байқалады. Яғни түсіну мен белсенде сөйлеу кезіндегі байланыс сапалы түрде жүргізіледі.

Екі жастан кейін белсенде сөйлеу тілі ойлаудың іс-әрекеттермен тығыз байланысты, түсіну мен ойлау деңгейі баланың сөйлеген сөзіндегі алынған мәліметтері арқылы бағаланатын болады. Зат есімдерді есімдікпен, етістікпен байланыстыра алады. Мен есімдігін белсенде қолданады. Мен барам- мен бааам, ол ұрысты маган –о(в) ұвсты магам, менің добым-

мем(кә) дов. Көптік жалғауын қолданады.

Зат есімдер мен тәуелдік жалғауын, жіктік жалғауларын қолданады. Нақты жағдайдағы көмекші сөздердің мағынасын түсінеді. Астында-ұстінде, алдында артында, арасында т.б. сияқты, бол кетті. (Сен неңің ұстінде отырысын?) -Ондықтын.

Төрт-бес жасар балаларда сөздердің кейбір күрделі түрлері, мысалы ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрін айту кейбір балаларда қындық туғызады. Зат есіммен сан есімді үйлестіруде қателер байқалады. Салалас құрмалас және сабақтас құрамалас сөйлемдерді айтқанда қиналады.

Алты жаста баланың мектепке дейінгі даму кезеңі аяқталады, оның негізгі нәтижесі жүйелі оқуға дайындық болып табылады. Алты жастағы балалардың сөйлеу тілінің деңгейі мектепке дейінгі баланы ересектердің сөйлеу мәдениетіне ынталандыруы және үлгісіне тікелей тәуелді. Жақын адамдардың сөзі грамматикалық түрғыдан дұрыс болса, ол өзінің мазмұны бойынша бай. Егер үлкендер баланың қателіктерін дер кезінде түзетсе, балалар осындағы қасиеттерге ие болады деп толық сеніммен айтуға болады. Алты-жеті жастағы балалар мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздердің оңай таңдай алады. Олар дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әртүрлі реңктерін бере алады, сыбырлап, қатты дауыстап, жылдам және баяу сөйлей алады.

4.3 Онтогенез барысында байланыстырып сөйлеудің даму ерекшеліктері

Сөйлеу тілінде бірнеше маңызды компоненттер бар екені белгілі, олар дыбыстық құрам, сөздік қоры және грамматикалық құрылым. Сөйлеудің екі түрі бар: ауызша және жазбаша. Ауызша сөйлеу тілін екі түрге ажыратуға болады: экспрессивті және импресивті. Біздің байланыстырып сөйлеуіміз бейнелі, логикалық, егжей-тегжейлі, грамматикалық түрғыдан дұрыс және дәйекті түрде жүзеге асырылады. Байланыстырып сөйлеудің негізгі қызметі – қарым-қатынас қурып, ой білдіру. Монолог пен диалог – келісілген сөйлеу тілінің екі негізгі формасы.

Байланыстырып сөйлеуді анықтау барысында келесідей әдістерді қолданып, түрлі тілдік жағдаяттарды аңғаруға болады. Қысқа мәтіндердің мазмұнын қайталап айтқызу, сюжетті суреттермен жүмыс, түрлі тілдік жаттығулар және дидактикалық ойындар ойнату, үстел үсті ойындарын ойнату кезінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін өзара салыстыру, сөздердің мағыналарын түсіндіру мен талдау тілдік жүмыстар кезінде байқалады.

Сөйлеу тілінің байланысын анықтауда Э.П. Короткова, Л.П. Федоренко, Г.А. Фомичева, В.К. Лотарев, А.П. Николаичевалар тілден тыс ұстанымдарды еске салады, олар:

1. Балалардың сенсорлық, ақыл-оый және тілдік дамуында өзара тығыз байланыстың болуы.

2. Бала тілін дамытуға коммуникативтік әрекеттестік тұрғысынан келу.
3. Тілдік әрекетке тұсу себептерін ұлғайту.
4. Тілді сезінуге үйрету.
5. Тілдік құбылыстарды түрде саналы қабылдауға машиқтандыру [107, 108].

Бірінші ұстаным бойынша тілді дамыту жұмыстары баланың сенсорлық қабілеттері мен зиятының жетілуімен біріге қарастырылады. Бұл баланы ойландыру әрекетін тудыруды көздейді.

Екінші ұстаным сөйлеуді әрекет ретінде түсіндіруге негізделген. Баланың ана тілінің қалпын байқатындағы әртүрлі әрекет тәжірибе жүзінде дамуы міндettі, яғни тілдік материал мен барлық нұсқаулар әр баланы сөйлетуге ынталандырып, қатысымдық дағдыларға ықпал етуі керек.

Ушінші ұстаным бойынша сөйлеуге мәжбүрлейтін себептер болмай, сөйлесім сапалы болмайды. Құнделікті қарым-қатынас барысындағы уәждену баланың ой-пікір білдіруі кезінде, белсенді әрекеттері ұстінде, оны әлдекім бауырына тартып, қолдағанда, сөйлеуге деген табиғи қажеттілігі барысында анықталады. «Тілді сезіну» ұстанымына ғалымдар тіл занылыштарын білмей-ақ болатын қабылдауды жатқызады. Бірнеше рет қайталау арқылы және оларды өз сөздерінде жиі қолдану бала санасында «осылай сөйлеу керек» деген ұғымды қалыптастырады да, бала тілді автоматты түрде жаттайды. Ал тиісті занылыштырды бала кейін өсе келе ұғынады, үйренген формаларды жаңа сөздеріне салып, біртіндеп қолдана бастайды. Бала тілін зерттеушілер тілдік құбылыстар баланың өз бетінше саналы түрде қоршаған ортасын тануы арқылы жүзеге асуы керек дегенге келтіреді. Тіл дамыту дегеніміз – ой дамыту, баланың танымдық әрекеті арқылы сөйлеу тілі белсенділігі оның бүкіл болмысынан білініп тұрады. «Балалардың сөйлеу тілі мен ой-санасын қоршаған орта туралы көзқарастар мен түсініктер, мазмұнды ой байлығын толтыру арқылы жетілуі керек» деген Л.С.Выготский [27].

Бала тілінің дамуы стихиялы емес, оның негізінде белгілі бір занылыштар сақталады. Оны зерттеушілер К. Чуковский, А.Н. Гвоздев, А.Р. Лурия, А.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Ф.А. Сохин қарастырған [1, 2, 33, 37, 71, 111].

2-5 жас аралығындағы балалардың тілді қабылдау механизміне сүйеніп, олардың ешқандай ережені білмей тұрып-ақ, сөйлем құрау ғана емес, сөздерді септік және көптік жалғаулары, етістіктерді тұлғалану ерекшеліктері, сөз тіркестерін тұтасымен қабылдайтынын дәлелдеген. «Бұл қалай болғаны?» деген сұраққа зерттеушілер былай жауап береді: «Бала сөздерді, олардың мағыналары, формалары, тіркесу амалдары мен синтаксистік құрылымын айналасындағылардың сөзінен менгереді, қабылдай отыра оларды түсінеді және соларға ұқсастырып тілдік формаларды өздігінен құрайды. Бала тілінің дамуы үшін тілдік ортаның

қажеттілігі осыны көрсетеді».

Екі жарым жас шамасында балалар ересектердің сөзін тыңдай алады, ересектер және өздерінің достарымен тілдік қатынас орната алады. «*Кім?*», «*не?*», «*не істейді?*» т.б. сұрақтарға жауап беруге айтылған сөзді эмоциалды тұргыдан қабылдан, шағын тақпактар мен әңгіменің мазмұнын түсіне алады. Осы жаста санамақтарды жатқа айтады; ертегі мен әңгімелер және тақпактардың мазмұнын түсінеді, кейіпкерлердің әрекеттерін қадағалайды; ертегі, әңгіме мен тақпактардағы қарама-қарсы бейнелерді түсінеді; таныс тақпактарды қайталап айтады.

Үш жасқа таман балалар кейіпкерлер бейнелерін ойларында қарапайым түрде елестете алады; жай сұрақтарға жауап береді; өзінше интонациямен сөйлеуді менгереді; қарапайым диалогтық сөйлеу тілі қалыптасады; оқып берген не көргендері туралы сұрақ қоя алады; ойыншықтары мен суретте бейнеленгендер туралы айтып береді; тұрмыстық жағдаяттар не ертегілер тақырыбындағы сюжеттерді көрnekіліксіз тыңдай алады; қысқа сөйлемдерден неғұрлым құрделі сөйлемге ауысады; өзінің тілектері мен қалауларын және ойларын білдіретін сөздерді қолдана алады.

Үш жастан үш жарым жасқа дейін сөздерді жіктеу формасында қолдана алады; септеу түріне қарай байланыстыра алады; зат есімдерді *астында, үстінде, артында, алдында, жсанында* т.б қемекші сөздермен бірге қолдана алады; сөйлеуде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады; байланыстырып сөйлеу кезінде тірі және өлі табиғат ұғымдарына қатысты сөздерді орынды пайдаланады; шағын тақпактар мен өлеңдерді жаттайды; ересектердің сөзін тыңдап, түсінеді.

Үш жарым жастан төрт жасқа дейінгі бала сөйлеу әдебінің түрлерін жағдаятқа сәйкес қолданады; ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдайды және түсінеді; есім сөз таптарын қолданады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; сөздерді жекеше және көпше түрде, септік жалауларымен қолданады; қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді.

Төрт жасар балалар 4-5 не 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді пайдаланады. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын тексеруде дұрыс сөйлем құрастыру қабілеттері тәмен екендігі байқалды. Құрылымы қарапайым және шағын көлемдегі мәтіндерді айтып береді, сипаттама әңгімелер құрастыру дағдылары орташа болады. Ұсынылған тақырып бойынша өз ойларынан әңгіме құрауда тек бір-екі сөйлеммен шектеледі. «*Иә, жоқ, білмеймін*» немесе басын изеу, шайқау, бір сөзben ғана жауап беру байқалады. Ашық сұрақтарға жауап бергенде өз ойын айта алмайды. Суреттерге қарап не, нелер, кім, кімдер екендігін айтып беруге тырысады. Бұл жаста бала көрген оқиғалар туралы өз бетінше айта алмайды. Оның сөздерінде байланыстырып сөйлеуге тән жан-жақты көрініс жоқ. Балалар оқиғаны баяндауда бірізділікті

сақтай отырып, қысқа сөйлемдермен сөйлейді. Баланы қосымша сұрақтарсыз түсіну мүмкін емес. Әңгіме басында *ол*, *олар* деген есімшелерді жиі пайдаланады, сондыктан бала кім туралы айтып отырғаны түсініксіз болады. Балаларға сюжеттік суреттің мазмұнын сипаттау қын. Көбінесе заттар, адамдар мен жануарларды атайды, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді көрсетеді. Шағын ертегіні әңгімелеп, айтып беру мүмкін, ол жаттаған әңгіме ретінде болады. Бұл жастағы балалардың есте сақтау қабілеті өте жақсы, сол себепті таныс ертегіні жатқа біледі. Осы жастағы көптеген балалар ұзын өлең мен ертегілерді есте сақтау қабілеттерімен ата-аналары мен айналасындағыларды таң қалдырады.

Баланың қолжетімді өлең мәтіндерін жаттауын қолдап, оны мадақтау қажет, өйткені оларды дауыстап бірнеше рет айту (әсіресе көркем мәтіндер, ақындардың өлеңдері) баланың тілдік сезімталдығын дамытуға көмектеседі, оның сөздік қорын байытады және дыбыс айтуды жақсартады. Бұл жастағы мұндай ерекше есте сақтау қабілеті қарапайым құбылыс және балалардың Мұндай қасиетіне ерекше қарау керек. «Үйшік» немесе «Мақта қыз бен мысық» ертегілерін есте сақтай алмауы байқалса, осы мәселеге қатысты әрекеттену қажет. Егер бұған ата-аналар кінәлі болса (мәселен балаларға оқымаса), бұл қателікті шүғыл түрде түзету керек, ал егер бірнеше рет қайталанғаннан кейін балаларға арналған өлеңдер мен тақпактарды жатқа айта алмайтын болса, онда бұл жайтқа ерекше назар аударып, есте сақтау қабілетін дамыту жұмыстарын жүргізу қажет.

Төрт жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуының сипаттамасын беруді қорытындылай келе мынандай ерекшеліктерін атауға болады: бұл жастағы балалар құрдастары және ересектермен қарым-қатынасқа түсे алады, олардың өтініштерін (*тұр, бер, ал, қуыршақты тамақтандыр, мәшинені сүйрет*) орындаиды; сөйлемдердің түрлерін (жай және құрделі), сын есімдерді (жылы, суық түстерді білдіретін сын есімдерді), етістіктерді (*тұрады, секіреді, отырады, жазады, сүрет салады*), үстеулерді, қосымшаларды қолданады; мамандық иелерінің атауын (*мұгалім, тәрбиеші, етікші, шаштараз, биши, етікші*), олардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді біледі, тұрмыстық заттар (*шаңсорғыш, фен, үтік, тоңазытқыш*) және қоршаған табиғат заттары мен құбылыстарының атауын біледі және мәнін түсінеді; себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі; мағыналас сөздерді тақырыптық топта (*көлік, өсімдіктер, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, азық түлік, қыстық ойындар, жыл мезгілдері*) қолданады; сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырады; отбасы, отбасындағы тұрмыс, ұлттық дәстүрлер, қаласы (ауылы) туралы айтып бере алады; ұлғі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. Бала жеткілікті түрде белсенді сөйлейді, қарым-қатынас барысында ашық фразаларды пайдаланады, сұрақтарға нақты және түсінікті жауап береді, өзі куә болған оқиғалар туралы айтуға қабілетті. Тыңдау

және тілді түсіну, диалог түрінде сөйлеу дағдылары қалыптасқан. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құрай білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуда, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға қабілетті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруі дамыған: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады, сипаттау және хабарлау мәтіндерін құрап, айта алады; бірізділікпен байланысқан сюжетті құрастырып, сөйлегендеге бейнелеуіш сөздер, эпитеттер және салыстыруларды қолдануы дамыған.

Бес жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуының сипаттамасын қорытындылай келе мынандай ерекшеліктері анықталды: сөз тіркесі мен сөйлемді құрастырады; жай және жайылма сөйлемдермен ойын жеткізе алады; алуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттайды; қоршаған орта туралы түсінігі бар; негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; түбірлес сөздерді жасау және қолдану, сөйлеу тілі этикеті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдылары қалыптасқан. Шығармашылықпен әңгімелеп беру кезінде эмоцияға бай ренқ бар: әңгімелерді бірізді айтып береді; суреттерге сүйеніп немесе өз ойынша ертегі, әңгімелерді айтады; әңгіменің жалғасы мен соңын жалғастыруға қабілетті. Бала алуан түрлі оқигаларды құрастырады және әңгімелеп бере алады; бақылағандары негізінде және суреттер бойынша әңгімелер құрастырады; ертегілер ойлап шығарады; түрлі сөз таптары мен мысалдарды қолданып, монолог құра алады; құрдастары және ересектермен тілдік қарым-қатынаста еркін сұқбаттасады, өз сезімдері мен ойларын тілдік және тілдік емес құралдар арқылы жеткізеді; ізеттілік пен сыпайылыш өрежелерін менгерген. Балалар өз әңгімелеріне эмоциялық ренқ беріп, өз хабарламаларын нақты етіп көрсету мақсатында интонацияны қолданады. Бұл өз кезегінде жаттаған тақпактарын жатқа айтуда мүмкіндік береді. Осы жастағы бала тілінің негізгі сипаты – оның байланыстылығы және ойын жеткізу кезектілігін сақтауда.

Бес-алты жастағы балалар грамматикалық түрғыдан дұрыс қарапайым сөйлемдердің көмегімен ғана емес, сонымен қатар күрделі сөйлемдердің көптеген түрлерін қолдана отырып, еркін сөйлеседі. Мектепке дейінгі ересектер тобындағы бес-алты жасар балалар әңгімеге белсенді түрде қатысады. Мектепке дейінгі кезеңнің соңында балалар грамматикалық түрғыдан дұрыс құралған сөйлемдерді қолданулары тиіс. Байланыстырып сөйлеуінде жалпылама сөздерді қорытындылайды. 5-6 сөйлемнен құралған заттарды сипаттайтын шағын әңгімелер мен жеке тәжірибеден оқигалар құрастыру жетік; қысқа әңгімeden түсінгенін айту, суреттер бойынша әңгіме құрастыру дағдысы бар. Өз бетінше шағын әңгіме құрай алады. Ойыншық немесе сурет мазмұны бойынша сөйлемдерден құрастырылған әңгімені өз айтуы бойынша қайталай біледі. Ойыншықтар бойынша қысқа әңгімелер құрастыра біледі.

Зат есіммен сан есімді үйлестіруде қателер байқалады. «Мен жылы суды әжеме әкеліп бердім» деген сөйлемді «*Мен су әкеліп бердім*» деп қысқаша айтады. «Гүлім мен Олжас биік

қайың ағашын отырғызды» деген сөйлемді «*Гулім мен Олжас ағаш отырғызды*» деп, *қайың ағашы, биік* сөздерін айтпайды. Кейбір сөйлемдерді құрауда қындықтар туындаиды. Тәжірибе жұмысына қатысушы Айзере Б. заттың аты, түсі, тұлғасы мен белгісін білдіретін сөздерді орнымен дұрыс қолдануды толық біле бермейтіндігі байқалады. Көптеген қын сөздерді шатастырып, орын ауыстыруы жиі байқалды, мысалы: *кесу – керту, қашау – қажсау*. Зат есімнің жекеше және көпше түрлерінің өзгеруі кезіндегі сөздердің (*сиыр – сиырлар, қой – қойдар им – имтер, қасық – қасытар*) жалғауларында қателер кездеседі. Ішінара балалар мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, ойын жеткізе алмайды. Балаларға сурет бойынша әңгіме құру тапсырмасы өте ұнайды. Алдымен ересектердің сұрақтары бойынша, кейін өз бетінше суретке қарап, көріп тұрғанын сипаттап, әңгіме құрастырады. Зерттеу жұмысы барысында балаларға қызықты ойыншықтар ұсынылды. Салыстыру үшін екі қуыршак және екі мәшине берілді. Алдымен ойыншықтарды дұрыстап қарап алу ұсынылды, кейін нелері ұқсас, неде айырмашылықтары бар екенін анықтау тапсырмасы берілді. Бұл тапсырманы балалардың көбі еш қиналмай орындаады. Сипаттау мақсатында әңгіме құру үшін балаға шағын сюжетті әңгімелер құру ұсынылды. Ол үшін оған бірнеше ойыншықтар беріліп, сюжетті сыйығы бар әңгіме құру ұсынылды (мысалға қыз → шырша → себет → саңырауқұлақ → кірпі). *«Орманда қыз не істеді?, нені кездестірді?, ол қандай жағдайга тап болды деп ойлайсың?»* деген сұрақтарға бала жауап беруге қиналды. Әңгімелегу үшін тағы бір ертегіні ұсындық, ол «Мақта қыз бен мысық» болды. *«Мақта қыз неге мысықтың құйрығын кесіп алды?»* деген сұраққа бала себепті салды, жағдайды түсінбегенін байқадық, себебі жауабы мынандай болды: «Мысық ойнап келмеді ғой». Көмек ретінде балаларға өзіміздің әңгімеміздің нұсқасын ұсындық, сосын балаға тағы бір мүмкіндік бердік. Басында балалар біздің әңгімені жайғана қайталады, сосын біртінде қайталау әрекеті барысында назарын аудардық.

Ересектеу, яғни 5-6 жасар балалар күнделікті өмірлері туралы, өз тәжірибелерінен еркін әңгімелей алды. Төрт жасар балалар әңгімелегулерінде жай, жайылма сөйлемдерді кеңінен қолданса, бес жастағы балалар ересектерге көп сұрақтар қояды, *«Неге?»* кезеңі байқалады, олар өз әрекеттерін сөзбен айтуға тырысады (*жем бердім, құстар жегісі келді т.с.с.*). Төрт жастан үлкен балалар таныс әртегіні айтып бере алады, тақпақты айтқанда белсенделік танытады, Бес жасқа тақағанда енді танысқан қысқа мәтіндердің мазмұнын екі рет тиңдаған соң айтып беруге дайын.

Бес-алты жастағы балалардың диалогының сипаты мынандай: сөйлемдерді дұрыс құра алмау, әңгімелесушінің сөзіне құлак аспау, сұрақ қоя алмау, қойылған сұрақтан ауытқу, қаратпа сөздер, толықтауыштар, келіспеу сөздерін дұрыс қолданбау. Аталған жастағы балалар әңгіменің тақырыбын белгілей алмайды, олар *«Әңгіме қай тақырыпта?»* деген сұраққа жауап бере алмай, әңгімені басынан айтып бастайды. Әңгімелерінде кезектілік жок, мазмұнды

бөліктері тұтас жоғалып кетеді. Кейіпкерлер мен табиғатты сипаттаулар аз, тек жағдаяттарды ғана сипаттайды. Жай сөйлемдерді қолданады. Бала сөзін 2-3 қарапайым сөйлемнен құрастырады, салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді жиі, бірақ әлі де аз қолданады. Сөздіктің есүі, күрделі сөйлемдерді қолдану балалардың грамматикалық кателерді жиі жасауды алыш келеді. Осы жастағы кейбір балалар оқыған ертегі немесе әңгіме мәтінін айтып бере алады. Кейбіреулері ертегі сонын өз ойларымен аяқтайды, мысалы Айару Ш. «Бауырсақ» ертегісінің сонын «*бауырсақ қашып кетті*» деп аяқтады, «сонда оны ешкім жеп қоймады ма?» деген сұраққа «*жеке, қашып кетті*» деп жауап берді. Кейбір балалар әлі де ересектердің көмегіне тәуелді, мәтінді дәйекті және дәл айтып бере алмайды. Ауызекі сөйлеу кезіндегі естуі баланың ересектердің сөйлеуінде интонация, дауыстың жоғарылауы мен төмендеуін ажыратуға мүмкіндік береді. Балалар ертегі кейіпкерлеріне еліктең, түрлі интонацияларды өздері айтып, мысалдарын көрсете алады. Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың тілін дамыту, өз ойын байланыстыра, қисынды жеткізе білу, фонематикалық есту қабілетін дамыту балаларды мектепке дайындаудағы маңызды сәттері болып табылады.

Бес-алты жастағы балалар монологтік сөйлеуді менгере бастайды. Өз өміріндегі жағдаяттарды, жануарларды сипаттаپ, суреттер немесе суреттер сериясы бойынша, көрген мультфильмі, оқылған кітап бойынша өз бетінше байланыстырып айтып бере алады. Таныс мәтінді айтып беруге қабілетті. Бес жасар бала өзінің жауаптарын 2-3 фразадан құрайды, салалас-құмалас, сабактас-құрмалас сөйлемдерді қолданады. Балалар қиялдап, ертегілерді ойдан шығаруға қабілетті.

Алты жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуі мыналармен сипатталады:

- мәтіннің заттық не нақты мазмұнын түсінуі;
- себеп-салдар байланыстарын түсінуі;
- сөздің астарын білуі;
- тікелей айтылмаған ойды (жасырын мағынаны) түсінуі.

Байланыстырып сөйлеу тілінде мынандай көрсеткіштер болуы мүмкін:

- мағыналық тұтастық: мағыналық буындардың барлығын қайталау;
- аз ғана қысқартулармен қайталау;
- біршама қысқартулар не мағынасының шұбалаңқылығы бар толыққанды емес мазмұнын айту;
- мазмұндық буындардың қисынды бірізділігі мен себеп-салдарлық байланыстарын ескеру;
- лексикалық-грамматикалық тұрғыдан безендіру: аgrammatizmдерсіз, бірақ айтылған сөзді стереотипті түрде безендіру, сөздерді өзектендіруде қындықтар, кейде лексикалық алмастырулар, аgrammatizmдер көптеген лексикалық алмастыруларда кездеседі;

- өздігінен орындау: өздігінен мазмұнын айту; көмектескеннен не қайтадан оқығаннан кейін мазмұнын айту; сұрақтар негізінде мазмұнын айту. Алты жастан үлкен балалар әңгіме мен ертегі мазмұнын айтып бере алады, олардың айырмашылығын түсіндіре алады.

Бала үлгіні қолдана отырып, басқа зат туралы әңгіме құрайды, әңгімесі логикалық түргыдан дұрыс, мәтіні жайылмалы сөздерден құралады.

Бала өміріндегі 4 жастан 7 жасқа дейінгі шақ – байланыстырып сөйлеуді менгеру кезеңі. Баланың байланыстырып сөйлеу тілінде мыналары жетілген болады: сөйлемнің синтаксистік құрылымы; тілдің формасы мен ережелері; мектепке дейінгі жаста тілдің логикасы инициативалық өнімді сөйлеу тілінің және сез шығармашылығы негізінде жүзеге асырылады. Балалар сюжеттік суреттер топтамсынан не суретке негізделе отыра әңгіме құра бастайды, қысқа мәтіндер, таныс ертегілер және өлеңдерді қайталайды, көрген-білгендерін айтады не олар туралы өзінің пікірін білдіреді, тақырыпты талқылайды, дауласады және тыңдаушысын сендіреді. Сөйлеу тілі баланың психологиялық және физиологиялық өсуіне сәйкес дамиды, баланың толыққанды дамуына қажетті тәжірибесін қалыптастырады.

Тәжірибе жұмысы негізінде келесідей қорытындылар жасаудамыз: байланыстырып сөйлеуі жалпы жақсы дамыған, бірақ кейбір балалардың сөйлеу тілі өте тәмен. Өз ойларынан әңгіме немесе ертегі құрастыра алады, бірақ байланыстырып, өз ойын жеткізе алмайды. Олар өз бетінше сурет бойынша әңгіме жасай алады, таныс ертегі не әңгімені баяндай алады, көрген мультфильм мен оқыған кітап туралы өз әсерлерімен бөлісе алады. Бала қиялдайды және қиялғажайып ертегілерін құрай алады. Балалар үшін көркем шығарма мен фильмнің мазмұнын өз бетімен көрсету, зат пен ойыншықты сипаттау, ертегі ойлап табу, әртүрлі жағдайларда сезгенін сипаттау қын емес. Бұл жаста пайда болатын өте пайдалы қасиет – ол алдын-ала болжамдау, яғни балада болмаған немесе енді болатын жағдай туралы айтып беру, не ересектер бастаған жағдаятты жалғастыруды ойластыра алатын, болжай білу сезімі туындаиды. Тағы бір жетістік – түсіндірмелі сез, мысалы, құрдастарына қымыл-қозғалыс ойын ережелерін түсіндіру, сюжеттік ойындар немесе қыыршақ театрының көріністеріндегі рөлдерді келісу. Бұл жерде сөздерінің орынды қолданылуы, ерекше дәлдігі, әрекеттердің логикалық дәйектілігін анықтау талабы қойылады. Мысалы, «Үшінші артық» ойынының ережесін түсіндіре отырып, ойыншыларды орналастыру тәртібін ақылға салып, олар қандай жағдайда өзгереді, кім жеңімпаз болып саналатынын есінен шығармауы керек. Диалогтық сөйлеуді игерген бала өзіне қаратса айтылған сезді тындаиды және түсінеді, әңгімеге араласады, сұрақтарға жауап береді және сұрақ қояды, әңгіме барысында өзін мәдениетті түрде ұстайды, сөйлегенде сөйлеу тілі этикеті формаларын қолданады: таныс және бейтаныс аудиторияның алдында, мерекелерде және басқа топта сөйлей алады, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды. Онымен қоса мазмұнды сурет, мазмұнды суреттер топтамалары,

сызба карталар бойынша әңгіме (5-6 сөйлемнен кем емес) құрастырады. Үлкендер оқыған мәтінді өз өмірінің деректерімен салыстырады және жеке тәжірибеге негізделген 4-5 сөйлеммен әңгіме құрайды. Алайда кейбір алты жасар балалар үшін ана тілін менгерудің келесідей кемшіліктері кездесуі де мүмкін: белгілі бір дыбыстардың қалыптаспауы немесе бір дыбыстарды басқалармен ауыстыруы, мысалға бірнеше дыбыстық топтарды ыскырық, ызын, үнді (*p, l*); 4-6 буыннан тұратын сөздерді бұрмалап, қысқартып айту; буындарды ауыстырып айту; басқалармен алмастыру (*балға – бағла; қарлығаш – қалғаш, қалыргаш; құрылышы – құлыши, құлырыши*); сөздік қоры кедей, онда қүрделі сөздер жоқ, сын есімдер аз, көптеген алмастырулар кездеседі (*жейде – көйлек, жемпір, торғай – құс, дайындаиды – пісіреді; тоқиды – тігеді; жамайды – тігеді; үлкен – жогары, кең – ұзын, биік – үлкен; секіреді – жүреді; суды септі, шашты – суды құйды*). Алты-жеті жастағы балалардың кейбіреулерінде фонематикалық есту қабілеті жетік емес не қалыптаспаған болуы мүмкін, дыбыстық талдау жасағанда мынандай қателер жібергендері кездесті: сөздерден жекелеген дыбыстарды, ал сөйлемдерден сөздерді бөліп атау; сөздердегі дыбыстарды рет-ретімен атау; сөздегі дыбыстың орнын анықтау; сөздерді буынға бөлу. Бұл дағдылар сауатты оқытудың негізі болып табылады, сондықтан бұл біліктілік пен дағдыларсыз баланың мектепте оқуы қын болуы мүмкін. Алты жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуын сипаттай келе мынандай ерекшеліктерін айтуға болады: алты-жеті жастағы балалардың тілі толыққанды дамыған, мағынасына жақын және қарама-қарсы (*алыс – жақын, аласа – биік, ыстық – суық, үшкір – сүйір*) сөздерді оңай таңдай алады; дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әртүрлі реңктерін беріп, сыйырлап, қатты және ақырын, жылдам және баяу сөйлей алады. Олар заттар, құбылыстар, ересектер және құрдастарымен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін оңай сипаттайды. Бұл жастағы балалар үлкендердің сұрақтарына толық және толық емес жауап береді, өз ойларын нақты және айқын түрде бере алады. Осы жастағы балалар әдеби шығармаларды жақсы айтып беріп қана қоймай, ертегі мен әңгімелерді өздері құрастыра алады, олар үшін басы мен сонын ойлап табады. Әңгіменің мазмұнын дәйекті және қисынды түрде айтады, негізгі сюжеттік шеңберден ауытқымайды. Әңгімелесу кезінде көптеген балалар осы үдеріске қызығушылық танытады, өздерін дұрыс әрі қалыпты жағдайда ұстайды, тәжірибе жүргізушіге назар аударып, әр қимылды мен сөздерін бақылап отырады. Дегенмен оларға қойылған сұрақтарға кең дәрежеде не толық жауап алынбайды. Мысалы, «*Сенің атың кім?*» деген сұраққа балалардың басым бөлігі тек өз есімдерін ғана атады, мысалы: Сезім, Медина, Мансұр, «*Менің есімім – Сезім*» деген толық жауап болмайды. Алты-жеті жастағы баланың сөйлеу тілінде грамматикалық қателер жоқ, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, сөздері анық, дұрыс сөйлейді. Сөздік қорында бейнелі және нақты сөздердің молдығы оның тілі бай екен деген тұжырым жасауга мүмкіндік береді.

Алты жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуі қалыптасқан, монологтық сөйлеуі белсенді дамыған, диалогтық сөйлеуі жетілген. Балалар диалогтық және монологтық сөйлеу тілі дағдыларын менгерген, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсे біледі. Топтық әңгімелесулерге қатысады, әңгімелесушіні мұқият тындаі біледі. Әңгімелесу барысында өзге тұлғаның көмегімен қойылған сұрақтардың сипатына қарай сөйлем түрлерін қолдана біледі. Ересектер және құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі ниеттерін білдіріп, сыпайы қарым-қатынас орнатып, мәдени сөздерді ажырата біледі. Әңгімені құрастырумен қатар заттар, суреттер, бейнeler және олардың сипатын айтып береді. Күз мезгіліне қатысты суреттерді алдына бергенімізде толық ретімен әңгімелеп берді: **«Жерде сары жасырақтар көп. Бұл – күз мезгілі. Балалар сабакқа бара жатыр. Қолында апайға берітін гүлі мен шары бар. Шар сары тұсті, гүл қызыл тұсті».** Алты жасар балалардың байланыстырып сөйлеуі қалыптасқан, диалогтық сөйлеу тілі жетілген. Таныс ертегілер және қысқаша әңгімелерден үзінділерді көрсету үдерісіне қатыса алады. Сөйлеген адамды тындауы және түсініу жақсы дамыған, өзіне қойылған сұрақтарға дұрыс әрі толық байланыстырып жауап береді және өзі әңгімелесушіге сұрақ қоя алады.

Балалар әдеби шығармаларды оңай көшіріп қана қоймай, берілген тақырыпқа сай ертегі мен әңгімелерді өздері құрастыра алады, олар үшін басы мен соңын ойлап табады. Ұсынылған басы бойынша әңгімені жалғастырады не ертегі басын бастап, көрнекілік (сюжетті суреттер сериясына сүйене отырып, оларды реттілікпен орналастырып) бойынша ертегіні немесе әңгімені өз бетімен айтып береді. Бұл балалардың сөйлеу тілі дәйекті және қисынды, негізгі сюжеттік шеңберден ауытқымайды. Алты-жеті жастағы баланың сөйлеу тілінде барлық дыбыстар дұрыс айтылуда, сөзі анық, грамматикалық қателер жоқ деп қалыпты жағдайдағы қазақ тілді балалардың негізінде белгілей аламыз. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қоры бейнелі және грамматикалық тұрғыдан дұрыс қалыптасқан сөйлемдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

V. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІң ҚАЛЫПТЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТАРЫ

Сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін факторлардың екі үлкен тобы белгілі: *биологиялық және әлеуметтік қатер факторлары*, олардың арасында өзара тығыз әрекеттестік байқалады.

Сөйлеу тілі бұзылыстары дамуының биологиялық қауіп факторлары – ананың жүктілік және босану кезеңінде әсер ететін патогендік факторлар, туғаннан кейін пайда болған бас ми инфекциясы мен жарақаттары.

Функционалды бұзылыстар әртүрлі әлеуметтік себептердің нәтижесінде пайда болады: соматикалық аурулар және соған сәйкес, әлсіреу, педагогикалық жағынан қараусыз қалу, стресстің әсері, әлеуметтік және эмоционалды депрессия (жақын адамдармен, әсіресе анасымен эмоционалды қарым-қатынастың жеткіліксіздігі).

Баланың сөйлеу белсенділігінің дамуы оның орталық жүйке жүйесінің жетілу деңгейімен анықталады және көбінесе баланың қоршаған ортада өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне байланысты болады.

Л.С.Выготский психикалық дамудың қоршаған ортаның әсерімен байланысын атап етіп, әлеуметтік даму жағдайы ұғымын енгізді. Бұл әр жас кезеңіне тән дамудың ішкі процесстері мен сыртқы жағдайлардың үйлесімі болып табылады[40].

Сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін маңызды факторларға сөйлеу ортасы, сөйлеу тәртібі, сөйлеу режимі, ақпараттық орта, ата-ананың ролі т.б. жатады. Баланың сөйлеу тілінің пайда болуы мен дұрыс дамуына сөйлеу ортасының болуы аса қажетті. Сөйлеу аппаратының дамуы қалыпты, есту қабілеті жеткілікті дамыған болса да, бала сөйлеу ортасы болмаса ешқашан сөйлемейді. Қоршаған орта ғана бала тілдің құрылымын, оған тән ерекшеліктерді сініреді.

Сөйлеу ортасы дегеніміз, бұл баламен қарым-қатынас қана емес, сонымен бірге оның дамуына оң немесе теріс әсер ететін көптеген факторлар мен қажетті дағдылар. Оның ішінде дұрыс сөйлеу дағдысы отбасында қалыптасады. Баланың сөйлеу тілі туыстары мен оған жақын адамдардың сөйлеу тілінің мысалдары негізінде қалыптасады.

Баланың сөйлеуінің дыбыстық жағы өздігінен, ересектердің әсер етуінсіз, көмегінсіз өз бетінше дамиды, алайда ол өзі дұрыс дыбыстауды біртіндеп менгереді деген теріс пікір бар.

Егер сөйлеу ортасы мен тіл ортасы баланың қажетті сөйлеу тәжірибесінің қажеттілігін толық қамтамасыз етпесе, онда бала тілді жеткілікті көлемде менгерे алмайды. Педагикалық бақылаулар көрсеткендей, көптеген ата-аналар сөйлеу тілі дамуының осы маңызды факторын елемейді, атап айтқанда ересектер, балалардың грамматикалық қателіктерін сирек түзетеді.

Біздің байқауымызша, қазақ балаларының басым көпшілігінің қазіргі таңда орыс, ағылшын тіліндегі теле бағдарламаларға қызығушылығы артуда. Сондықтан бала күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде орысша, ағылшынша сөздерді тез менгеріп, ана тілін менгеру қабілетінің төмендеуіне әкеп соғуда. Осындай жағдайлар балаларға арналған қазақ тілді «Балапан» телеарнасындағы көрсетілім бағдарламаларының және баспадан жарық көретін ерте және мектепке дейінгі балаларға арналған көркем шығармалардың сапасына аса көніл бөлуді талап етеді.

Баланың лингвистикалық қабылдауы ерте басталып, өмірінің алғашқы жылдарында ана тілінде жүргізілуі керек. Тіл дамуының ерте кезеңінде екі тілдік жүйені игеру бала үшін қиыншылық тудырады. Егер нәресте ана тілінен басқа тағы бір тілді естісе, онда оның сөйлеуі баяу дамуы мүмкін.

Біздің ғылыми зерттеулер жұмысымыздың аясында билингвизм мәселесіне ерекше көніл аударуды жөн көрдік. «Балалар билингвизмі» түсінігі – баланың бірден екі тілді еркін менгеруі.

Лингвистер билингвизмнің екі түрін анықтайды: теңdestіrілген және теңгерімсіз. Бірінші нұсқада адамның санасында екі тіл бірдей дамыған, ал екіншісінде бір тіл басым болады.

Билингвизмнің кемшілігі – ана тілін өз уақытында менгермеу. Мұндай адам өзін туған этникалық ортасында «бөтен» сезінуі мүмкін, және де психикалық жайсыздық орын алады.

Билингвизмнің негізгі мәселелерінің бірі - тілді шала менгеруі, балада тілдік жүйе толық қалыптаспайды. Қазіргі уақытта ана тілін толық менгермеген балалар саны көп, яғни олар сөздердің қазақша немесе орысша тілде екендігін ажыратпайды.

Шет тілін оқыту баланың ана тілі толық қалыптасқаннан кейін ғана енгізілуі керек, үш шамамен 9-12 жастан басталады. Үш кезең «ұлттық-мәдени сәйкестіктің қалыптасу» кезеңі деп аталады. Егер осы уақыт ішінде баланың ана тілі қалыптаспаса, онда теңгерімсіз билингвизм дамуы мүмкін, яғни басқа шет тілі ана тілінің орнын басады. Сегіз жасқа дейін бала ана тілінің барлық грамматикалық формаларын менгеруі керек.

Қазіргі таңда орыс тілі мүлдем қолданылмайтын қазақ тілді отбасында балалар өз ана тілінде емес, орыс тілінде сөйлесу жағдайлары өте көп кездеседі. Үш ерте жастан балаға гаджетке тәуелді болуға жағдай тудырады. Бала ата – әжелерімен, отбасы мүшелерімен сөйлесуден гөрі виртуалды тілдік ортаны таңдайды, ата-аналары осы олқылықты тыюды қолға алып, амал-тәсілдерін қарастырмайды.

Мұндай өзгерістердің туындау себептердің бірі – соңғы уақытта теледидар, компьютерлік ойындар, түрлі гаджеттердің танымалдылығының артуы.

Қазіргі заманғы мектеп жасына дейінгі бала моральдық нормалар мен құндылықтарды

қабылдай отырып, мультфильмдер мен жарнамалар арқылы көрсетілетін мінез-құлық үлгілерін игереді, бұл өз кезегінде баланың жеке басына, тілдік нормаларының қалыптастыруына әсер етеді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалар анимациялық және жарнамалық кейіпкерлердің сөйлеу сипаттамаларын белсенді түрде қайталайды, жарнамалық хабарламалардың стилін игереді.

Баланың медиа-өнімдермен толыққанды қамтамасыз етілуі ондағы кейіпкерлердің мінез-құлық және сөйлеу модельдерін айнытпай «көшіруі», көбінесе виртуалды әлемнің нақты бейнесін өзгертуге ықпал етеді, бұл бір жағынан фрагменттік ойлаудың қалыптасуына әкеледі, ал екінші жағынан әлеуметтену процестерінің қалыптасуына жол бермейді. Мұндай факторлар мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамға белсенді енуіне және олардың өнімді коммуникативтік модельдерін игеруіне кедергі келтіреді және қоғамда әлеуметтік бейімделуінің табиғи бағытын бұзады.

Қазіргі уақытта елімізде мектепке қабылданатын балалардың шамамен 60%-да сөйлеу тілінің әр түрлі бұзылыстары кездеседі. Мұның себептерінің бірі - гаджеттерді ерте жаста, яғни бір жарым жастан бастап, кейде одан да ертерек белсенді пайдалануы. Бала экранның алдында қозғалыссыз, көз алмай сол әлемге енгендей болып, көп уақытын бөледі. Мұндай жағдайлар баланың денсаулығына кері әсер ететіні сөзсіз. Яғни, таным процестері өз уақытында дамымайды, көру, есту қабілеті нашарлайды.

Баланың сөйлеу тілі ойлау процесімен тығыз байланысты және ол қоршаған ортада ересектермен қарым-қатынасы арқылы дамиды.

Алайда, «гаджетке тәуелділік» баланың жан-жақты дамуына, өзі-өзіне қызмет ету дағдысының қалыптасуына жеке тұлға ретінде дамуына зиян.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қолданудағы балалардың ересектермен «тендігі» олардың тәуелсіз өмір сүруге қабілеттілігін төмендетеді, сонымен бірге балалық шақтарының маңыздылығын жояды, болашақ өмірге еркін қадамдар жасауға кедергі келтіреді.

Қазіргі қоғамдағы «ақпараттық орта» баланы дамытудың негізгі ресурстарының бірі болғандықтан, бұқаралық ақпарат құралдары балалардың әлеуметтенуінің маңызды факторы. Ал, «ақпараттық қауіпсіздікті» қамтамасыз ету мәселесі барынша мұқият назар аударуды талап етеді.

Балалар аудиториясы үшін бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігінің критерийі оның жеке және психикалық дамуына оңтайлы психологиялық жағдай жасау болып табылады.

Соңғы жылдары балалардың психикалық депривация мәселесі зерттеушілердің назарын аударуда. Депривация дегеніміз - негізгі қажеттіліктерді (эмоционалды және

сенсорлық) қанағаттандырудың жеткіліксіздігі. Танымдық және әлеуметтік депривация баланың сөйлеу тілінің дамуына айтарлықтай әсер ететіні анықталған.

Сөйлеу тілі қалыпты дамуы үшін қарым-қатынастың рөлі зор, сондай-ақ эмоционалды жағымды жағдайда өтуі тиіс. Коршаган ортада аталмыш жағдайлар кең көлемде орын алатын болса, баланың емін-еркін сөйлеуіне, орынды қажет жағдайда жауап беруге, дұрыс ойлануына, өз ойын ашық жеткізе білуіне итермелейді.

Бала үшін дыбыстарды тек қана радио, смартфон, теледидар арқылы естуі жеткіліксіз. Балаға жас кезеңінен ересектермен үнемі тығыз қарым-қатынас қажет. Тілді дамытудың маңызды ынталандыруши құрал – ересектермен қарым-қатынас түрлерінің өзгерілізуі. Сондай-ақ, өмірінің бірінші жылына тән эмоционалды қарым-қатынасты біртіндеп, 2-3 жасында заттық-әрекеттік қарым-қатынасқа ауыстыру, сөйлеу тілінің дамуына тікелей әсер етеді. Егер ересек адамның баламен қарым-қатынас сипатында бұл өзгеріс болмаса, онда сөйлеу тілі дамуында артта қалушылық болуы мүмкін.

Сөйлеу тілін дамытудың алғышарты - баланың ойын іс-әрекетіне дағдыландыру өз кезегінде баланың еркін ойлануына, сөздер мағынасын игеруге және қоршаган объектілерінің бейнелерімен байланысын қалыптастыру үшін негіз бола алады.

Сондай-ақ, баланың сөйлеу тілінің қалыпты дамуын қамтамасыз ететін психикалық денсаулық көбінесе отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына байланысты екенін атап өткен жөн:

- анасының психологиялық жағдайының тұрақты болмауы (мазасыздық, инфантильділік, импульсивтілік, эмоционалды тұрақсыздық, депрессия т.б.);
- ана (әке) тарапынан баладан бас тарту;
- толық емес отбасы;
- отбасындағы жанжалды қатынастар, отбасы құрамындағы өзгерістер (жақын туыстарының ауруы, өмірден озуы, ажырасу және т. б.);
- екі үйде тәрбиленуі;
- өмірлік стереотип пен тәрбие түрінің күрт өзгеруі;
- тәрбиенің жеткіліксіз түрі (гиперопека, гипоопека, ата-аналардың тәрбиелік ұстанымдарындағы сәйкесіздік т.б.).

Баланың сөйлеу тілі қолайсыз сыртқы жағдайларға байланысты кешігіп дамиды: эмоционалды жағымды ортаның болмауы, жанжал, баланың естіп қабылдауына кедергі жасайтын аса шұлы орта оны шаршатады және басқалардың сөзін нақты қабылдауға жол бермейді.

Баланың ақыл-ойы мен сөйлеу тілінің дамуы үшін эмоционалды жайлыштық сезімін қамтамасыз ету, отбасы мүшелерімен жағымды қарым-қатынасы аса маңызды. Сондай-ақ

отбасында баланың сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды да білу қажет. Бұл талаптар жас ерекшелігін ескере отырып қолдануды талап етеді. Сөйлеу тілін менгертудің бастапқы кезеңінде жасына сәйкес келмейтін өлеңдер мен әндерді жаттатып, айтылуы қыын және түсініксіз сөздерді игертіп, жүйке жүйесіне күш түсірмейтіндей жағдай болу керек. Ата-аналар тарапынан шамадан тыс тапсырмалар беруді талап ету сөйлеу тілінің физиологиялық механизміне теріс ықпалын тигізеді, нәтижесінде, бала шаршайды, сөйлеу қателері көбейіп, тіпті сөйлесуге қызығушылығын жоюы да мүмкін.

Тілі шыққан баламен қарым-қатынас кезінде оған қарапайым сұраптар қойып, жауабын асықпай күтіп, оны тындалап үнемі дұрыс жауап беру қажет.

Диалог барысында баланы бірқалыпты, анық, байсалды сөйлеуге бейімдеу керек. Сөйлесуші адамның артикуляциясы анық, дыбыстарды таза айтуы, сөйлем құрау дағдысы қалыптасқан, баланың қабылдауына жеңіл болуын ескерген жөн. Баланың сөйлеу тілінде жылдам темпті, дыбыстарды толық айтпай «жұтып қою», сөздік қорының тез қарқынды көбеюі байқалса, оның лексикасына жаңа сөздер мен ұғымдарды және жалпы сөйлеу жүктемесін енгізуі шектейтін арнайы сөйлеу режимі қажет.

Сөйлеу тілінің дамуында құрдастар ықпалы зор. Құрдастары мен ересектердің қарым-қатынасын, тілдесуін салыстырғанда баланың сөйлеу тіліне қатысты оң нәтижелер көп байқалады. Құрдастарымен ойын барысында әр түрлі жағдаятқа орай бала тіл компоненттерін еркін және тез менгереді, сөздік қоры молайып белсенді пайдаланады, байланыстырып сөйлеу тілі тез дамиды. Балалар тілінде сөз таптарының, етістіктердің, сын есімдердің, үстеулердің т.б. және олардың формаларының әртүрлілігін қолдануы байқалады.

Баланың арнайы ортада тәрбиеленуі (бөбекжайлар, балабақша, дамыту орталықтары т.с.с.) сөйлеу тілінің даму процесіне оң әсер етеді:

- біріншіден, құрдастарымен үнемі байланыста болады (және бұл, жоғарыда айтылғандай, сөйлеу тілінің дамуының қажетті шарты болып табылады);
- екіншіден, тәрбиешілердің жетекшілігімен сөйлеу тілін саналы талдау дағдыларын үйренеді. Сөздік қорын дамыту, грамматикасын менгеру, байланыстырып сөйлеуді дамыту саласындағы негізгі сөйлеу дағдыларын игереді, дыбыстық талдау жасауды үйренеді. Ары қарай оқу мен жазуды менгеруге ықпал етеді.

Сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – ол ересек адамның сөйлеу тілі. Әдетте, бұл бала үшін үлгі болып табылады және оның дұрыстығы баланың айналасындағы сөйлеу ортасымен анықталады. Ол айналасындағы адамдар сияқты сөйлейді. Сөйлеу тілі баланың әлеуметтік ортада өмір сұру процесінде қалыптасады.

Сөйлеу тілі үнемі қарқынды дамиды, ал егер ол қызықты оқиғалар мен әсерлерге толы болса, онда ол қарым-қатынас жасауға екі есе ынталандырады.

Кейбір зерттеушілер ер адамдар (әкелер, аталар және ағалар) әйелдерге (аналар, әжелер, тәрбиешілер) қараганда балалар сияқты аз сөйлейді дейді. Сонымен қатар, егер бала ересек адамға сөйлесу үшін қандай-да бір тақырыпты ұсынса, онда аналар оған әкелерге қараганда көбірек уақыт бөледі. Ата-аналар мен баланың қарым-қатынас дағдыларын дамыту тәсілдерінде біршама айырмашылықтар бар.


Аналар, әдетте, балаға ынғайлы қарым-қатынасты барынша қамтамасыз ететін өте ілтиппатты және түсінетін коммуникаторлар бола алады. Ал, әкелер көбінесе балаларды бейтаныс ересектермен сөйлесуге жақсы дайындайды. Осылайша, ата-аналар бір-бірін толықтырады. Сонымен қатар, ересектер өздері де байқамай, балаға қарым-қатынас ережелерін үйретеді. Әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жоғары ата-аналар керісінше, қарама-қарсы көзқараста болады екен.

Онтогенездегі сөйлеу әрекеті қалыптасуының маңызды факторларының бірі – баланың ана тілін сәтті менгерудегі ата-аналардың рөлі.

Балалардың ана тілін менгеру процесіне ата-ананың рөлі мен әсерін анықтау мақсатында ғылыми зерттеу жұмысы аясында Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы 4-6 жас балалардың ата-аналарымен саулнама сұрақтары талқыланып, құрылып, тәрбиленушілердің ата-аналарына ұсынылды. Саулнамалардың нәтижелері келесі материалдар мен диаграммаларда көрсетілген.

Саулнамада 7 сұрақ қарастырылды. Тәрбиленушілердің ата-аналарынан барынша шынайы жауап беруі талап етілді. Саулнамаға 40 шақты ата-ана қатысып, жауап берді. Алынған нәтижелер 6 диаграммада және 7-ші сұраққа берген жауаптарында көрсетілді.

Жүргізілген саулнама қорытындысы бойынша келесідей нәтижелер анықталды:




1-сурет. Үйде балацызben қаншалықты әңгімелесесіз?

Үйде балацызben қаншалықты әңгімелесесіз? деген сұрақ 3 нұсқадан тұрды: «жиі»; «баламның сұрағына ғана жауап беремін», «уақыттым жоқ».

Бұл саулға 30 (75%) ата-ана «жиі» десе, 10 (25%) - «тек сұрағына ғана жауап


беремін» деді. «Уақытым жоқ» деген жауаптың болмағаны қуантатын жағдай.



2-сурет. Балаңыздың дыбыстау жолдарынан кемістік байқадыңыз ба?

Балаңыздың дыбыстау жолдарынан кемістік байқадыңыз ба? деген сұрақ 3 нұсқадан түрді: «жоқ»; «иә»; «өсекелес көзде дұрысталады деп ойлаймын». Ұсынылған сауалға 30 (60%) ата-ана «жоқ» деп жауап берсе, 7 (35%) ата-ана «иә» деп, ал 3-еүі (5%) «өсекелес көзде дұрысталады деп ойлаймын» деп жауап берді. Бұл диаграммаға қарап, ата аналардың басым пайызы баласының дыбыс айту жағына көніл бөлөтінін көріп отырмыз, бірақ кемістіктер қалай байқалатыны туралы түсініктері нақты емес екені байқалды.


Сонымен қатар, ата-аналар арасындағы 5% «өсекелес көзде дұрысталады» деген пікірдегілер қате көзқараста екенін байқадық. Арнайы маман иесі араласпаса, өз бетінше тіл кемшіліктері дұрысталмайтыны бәрімізге мәлім.



3-сурет. Балаңыздың сөйлеу тілінің даму деңгейін қалай бағалайсыз?

Балаңыздың сөйлеу тілінің даму деңгейін қалай бағалайсыз? деген сұрақ 3 нұсқадан түрді: «жасына сәйкес емес», «жасына сәйкес», «жауап бере алмаймын». Ұсынылған сауалға 37 (92,5%) ата-ана жасына сәйкес деп жауап берсе, ал 3 (7,5%) ата-ана «жауап бере алмаймын» сұрағына қиналатындығын айтты. «Жасына сәйкес емес» сұрағына жауап болмады, бұл ата-аналардың қалыпты жағдайда бала тілінің даму мерзімдері мен көрсеткіштерін білмеуінен деп тұжырымдаймыз. Басым көпшілік ата-аналардың жауабы да олардың бала тілінің дамуы


туралы мағлұматтарының жеткіліксіз екенін көрсетеді.



4-сурет. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың басты мақсаты неде деп ойлайсыз?

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың басты мақсаты неде деп ойлайсыз? (бірнеше жауап белгілесеңіз болады) деген сауалға көпшілік ата-аналар бірнеше жауаптарын белгілеп: «Балаларды ересектермен және құрдастарымен толық қарым-қатынас жасауға үйрету; балаларды әр түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды тыңдауға үйрету; шағын әдеби шығармаларды қайталау және сахналауға үйрету; ойлау, есте сақтау, зейін, қиялын дамыту; сөйлеуі өз бетінше дамиды» деген пікірлермен келісті.


Сандық және пайыздық көрсеткіштері диаграммада анық берілген.



5-сурет. Сіздің балаңыз сөйлеу ойындарына, үйде ертегі кітаптар қарауға жі қызығушылық таныта ма?

Сіздің балаңыз сөйлеу ойындарына, үйде ертегі кітаптар қарауға жі қызығушылық таныта ма? деген сұрақ 3 нұсқадан тұрды: «иә, жиі», «анда-санда», «қызықпайды».

Осы сауалға 8 (20%) ата-ана «иә, жи» деп жауап берсе, 30 (75%) ата-ана «андасанда», ал 2 (5%) ата-ана «қызықпайды» деді. Баланың сөйлеу ойындарына, үйде ертегі кітаптар қарауға қызықпауының себебі көп факторларға байланысты. Атап айтатын болсақ ата-аналардың жұмыс бастылығы; ұялы телефонды шамадан тыс қолдану т.б.



6-сурет. Үйде көркем шығарманың қандай түрін ұсынғанды жөн көрсетіз?

Үйде көркем шығарманың қандай түрін ұсынғанды жөн көрсетіз? деген сұраққа ата-аналар өздерінің ұсынысын жазып өтті. Соның ішінде 34 (80%) ата-ана «ертегі кітаптары мен суреттер», ал 4 (15%) ата-ана «теледидардан мультфильмдер мен ертегілер көру», 2 (5%) ата-ана «аудио ертегілер» тындалатындарын білдірді. Электронды ертегі кітаптар ұсыну сауалына жауап берген ата-ана болмады.

Балаңыздың сөйлеу қабілетін дамыту үшін жеке өзіңіз қандай жұмыс түрін қолданасыз? деген сауалға ата-аналар әр түрлі жауап берді:

- ертегі кітаптар, ақындардың өлеңдерін жаттатып, аудио ертегілер тындалу;
- ертегі оқып беремін, көп сойлесеміз;
- ертегі кітаптарын көп қарау, суреттер, жеке әңгімелер баламмен жиі сөйлесемін;
- тілі дұрыс келмейтін дыбыстарға сөздер айтқызамын, буынға бөлгізіп айтқызамын;
- сурет бойынша әңгімелейміз;
- жұмыста болғасын ата әжесі айналысады;
- логопедтен кеңес алу және логопед-дефектолог көмегіне жугіну
- бос уақытымда қолымнан келгенше көмек беруге тырысамын;
- ертегі кітаптар оқимын, теледидардан көрген ертегілерін әңгімелеп айта білуін қадағалаймын.

Сауалнама қорытындысы қазіргі кезеңде көпшілік ата-аналар бала тілінің дамуына мән беріп, назар аударатынын байқатты.

Сонымен қатар, ата-аналар тарарапынан жеткіліксіз жағдайлар да айқындалды. Атап айтсақ:

- баланың ана тілін жас мөлшеріне қарай менгеру ерекшеліктері, сөйлеу тілін дамыту

жолдары туралы сауаттылықтары жеткіліксіз. Көптеген ата-аналар баланың күнделікті түрлі жағдайда сөйлеуін тілдің толық дамуы деп есептейді, әр жасқа тән сөйлеу деңгейі туралы мағлұматтар жеткіліксіз;

- сөйлеу тілінің кемшіліктерін (дыбыс айтуының бұзылыстарын, сөйлем құраудағы қателерін, ауытқуларын) ажырата алмайды, көніл бөлмейді, байқалған кезде де уақытылы мамандардың кеңес, көмегіне жүргіне бермейді;

- әр түрлі себептермен балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін (кітап оқу, ертегі айту, мазмұнын айтқызу т.б.) жиі қолданбайды, жеткіліксіз көніл бөледі.

Онтогенез барысында балалардың ана тілін менгерудегі ата-аналардың ерекше ролін ескере отырып, аталған жағдайларға көніл бөлу керек деп есептейміз. Өйткені ана тілге тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге ата-баба мұрасы, рухани, мәдени құндылығымыз ретінде құрметпен қарап, сақтап, дамытуымыз керек. Халықта: «бала Алланың аманаты» - деген сөз бар. Аманатты орындау әр адамның азаматтық борышы.

Сонымен, баланың сөйлеу тілінің дамуына әр түрлі фактордың (биологиялық, әлеуметтік, психологиялық, екі тілдік т.б.) әсер ететіндігін және ана-тілін менгерудегі ата-ананың ерекше рөлін атап өткен жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйлеу тілі тұа біткен қасиет емес, ол онтогенез барысында қабілет және дағдылармен қатар дамиды да, баланың жалпы дамуының көрсеткіші болып саналады. Баланың ана тілін менгеруі белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделе отыра жүзеге асады.

Бүгінгі таңда ең маңызды міндеттердің бірі – балаларды ана тілінде тәрбиелеу және ана тілін менгеруін ерте жастан қолға алу.

Ерте және мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеу тілі мен қатысым әрекетін жалаң лингвистикалық түрғыдан зерттеу мүмкін емес, себебі бала тілінің шығуы мен дамуының себеп-салдарын психолингвистикалық және басқа да арнайы зерттеулерден табуға болады. Сондықтан да біз, ғылыми-зерттеу жұмысымызды жүзеге асыру барысында психолингвистикалық, лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерге жүгіндік.

Қазақ тілінің жүйесін зерттеу А.Байтұрсынулының атымен тығыз байланысты. Ол ана тіліміздің негізгі заңдылықтарын қалыптастырыған. Сонымен қатар Қ.Жұбанов, С.Кеңесбаев, М.Жұсіповтың еңбектері де біз үшін аса құнды.

Жалпы, ана тілін менгерудің теориялық негізін талдауда ресейлік және басқа да шетелдік ғалымдардың көп жылдық ізденістерінен онтогенез барысындағы ана тілінің қалыптасуы жан-жақты зерттелгенін көруге болады. Нәтижесінде тіл жүйесінің қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктері әлдеқашан анықталып, практикада кең көлемде қолданылуда. Атап айтсақ: А.Н.Гвоздев, Л.С Выготский, Ф.А.Сохин, А.М.Шахнарович, С.Н.Цейтлин т.б.

Қазақ тілі білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т.Аяпованың еңбегінде синтаксистік семантика түрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған.

Дегенмен, онтогенез барысындағы ана тілінің қалыптасу жүйесі бойынша Қазақстанда жүргізілген ғылыми зерттеулер жоқтың қасы, оның себебі қазіргі таңдағы бар еңбектерде кезектілік пен тұрақтылық жоқ. Осы орайда аталған мәселе бойынша лингвисттер мен психологтардың бірлескен терең, жүйелі, дәлелді және ауқымды зерттеулерді жүргізулерінің қажеттілігі туындалады.

Қарастырып отырған тақырып тәжірибелі қажет ететін тіл білімінің күрделі мәселелерінің бірі болғандықтан, біз өз кезегімізде сөйлеу онтогенезін қалыпты жағдайдағы балалар негізінде жалпы тіл білімі, психолингвистика, мектепке дейінгі педагогика мен балалар психологиясы, арнайы педагогика т.б. салаларға мол материал беретін тақырып

ретінде зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Бала өмірінде ерте жаста сөйлеу тілін менгеру үдерісі өте маңызды әрі жауапты кезең. Сөйлеу тілі, қалыптасу кезендеріне қарай баланың бойындағы көптеген психикалық үдерістерді өзгеріске алып келеді. Олардың арасында ойлау әрекеті, есте сақтау, белгілі бір зат не құбылысты қабылдау, сезу, қалау т.с.с. бар.

Мектепке дейінгі кезең – бұл сөйлеу тілінің белсенді даму кезеңі. Бала өз ана тілін менгеруде бірте-бірте айтартықтай табыстарға жетеді, тілдің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық жақтарын менгереді. Жасы ұлғайған сайын фонематикалық естуі жетіліп, дыбыстарды айтуы дұрыстала бастайды. Белсенді және енжар сөздік қоры молайып, тілдің морфологиялық құрылымын менгереді, байланыстырып сөйлеу тілі дамып, тілдік зандылықтары қалыптасады.

Үш жылдық эксперименттік зерттеу барысында ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың онтогенезде сөйлеу тілінің қалыптасуын зерттеу нәтижесі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Мәселенің өзектілігі – бұл бағыттағы зерттеулердің жеткіліксіздігімен және сөйлеу тілінің даму зандылықтарын оқыту-дамыту-түзету үрдістерінде ескеруді басшылыққа аладың маңыздылығымен сипатталады;

2. Ана тілін менгеру ерекшеліктері, даму зандылықтары туралы мағлұматтардың жеткіліксіздігі инклузивті, арнайы білім беру мекемелерінде қолданатын бағдарламалар, оқу-әдістемелік, диагностикалық құралдарды құрастыруда киындық туыннатады;

3. Монографияда жас мөлшеріне сәйкес сөйлеу тілі жүйесінің дамуының келесідей аспектілері қарастырылды:

- сөйлеу тілінің лингвистикалық, психологиялық негіздері;
- баланың дыбыс айтуын менгеруі;
- фонематикалық естуі;
- сөздің буындық құрамын менгеруі;
- сөз қорының дамуы;
- грамматикалық жағының қалыптасуы бойынша – сөзөзгерту, сөзжасам иекмділігі, сөйлем түрлерін, сөйлем құрау дағдыларын менгеруі.

Аталған бағыттар бойынша зерттеу нәтижелері талданып, жүйеленіп, тәжірибелік қолданыста мамандарға ыңғайлы болу үшін қорытындысы кесте түрінде өндөліп, қосымшада толық берілді.

1. Зерттеу барысында баланың сөйлеу тілінің қалыпты дамуына әсер ететін маңызды әлеуметтік шаралардың жағдайы қарастырылды. Баланың жалпы дамуында, әсіресе тілінің дамуында ата-аналардың рөлі ерекше екені белгілі. Оны тәжірибе жүзінде анықтау

мақсатында ата-аналармен арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі олардың көпшілігі баланың сөйлеу тіліне, әсіресе дыбыс айтуына көніл бөлестінін байқатты. Сонымен қатар, ата-аналардың бала тілінің қалыптасу даму мерзімі мен көрсеткіштері, жалпы бала тілінің қалыптасуы туралы маглұматтарының жеткіліксіз екені анықталды. Баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктері мен ауытқуларына көніл бөле бермейді, уақытылы мамандарға жүгінбейді. Ғылыми жұмыста ана тілінің дамуына әсер ететін басқа да факторлар қарастырылып нұсқаулар берілді.

2. Монографияда қазақ тілді балалардың сөйлеу тілі онтогенезінде тілдік жүйенің кейбір аспектілерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелері алғаш рет беріліп отыр.

3. Алайда, тақырыптың өзектілігі мен қажеттілігі болашақта осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын терең, жан-жақты қарастырып жалғастыруды талап етеді. Атап айтқанда:

- баланың сөз қорын, әр сөз таптарын менгеру ерекшеліктері, сөйлем құрауын, сөйлесу түрлерін менгеру дағдылары, ерекшеліктері, қындықтары т.б.;
- тіл дыбыстарын менгеруі, ажыратуы, пайда болу кезектілігі, әр жас кезеңіндегі дыбыс айту ерекшеліктері, қындықтары, жетілдіру жолдары;
- баланың байланыстырып сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, менгеру барысында жиі туындаитын қындықтары, жетілдіру жолдары;
- дамуында әртүрлі ауытқуы бар балалардың онтогенез барысында сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері.

ПАЙДАЛЫНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. – СПб., Детство-Пресс, 2007
2. Лuria A.P. Язык и сознание. – СПб., 2019.- 336 с.: ил.- (Серия «Мастера психологии»).
3. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения.-М.: Педагогика, 1986.-144
4. Шахнарович А.М. Проблемы формирования языковой способности // Человеческий фактор в языке: Язык и порождение речи. М.: Наука, 1991. С. 185-220
5. Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей: формирование грамматического строя речи: методическое пособие для воспитателей.- 2-е ид., испр. И доп.- М.: Мозаика-Синтез, 2005.-296 с.
6. Рузская А.Г. Развитие общения дошкольников со сверстниками /под ред. А.Г.Рузской.- М.: Педагогика, 2009.- 216 с.
7. Смирнова Е.О. Особенности общения с дошкольниками: учеб.пособие.-М.: Изд.центр «Академия», 2000.- 160 с.
8. Цейтлин С.Н.Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений/С.Н. Цейтлин. – М. : Издательство ВЛАДОС, 2017. – 240 с.
9. Цейтлин С.Н. Онтолингвистика в пути//Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена– Санкт-Петербург, 2018 – N 189. – С. 12-22
10. Цейтлин С.Н. Речь ребенка: стремление к идеалу//Проблемы онтолингвистики–2018 [Текст]: материалы ежегодной международной научной конференции (Санкт-Петербург, 20-23 марта 2018 года) / РГПУим. А.И. Герцена, лаборатория детской речи, Межвузовский центр билингвального и поликультурного образования – Иваново, 2018 – С. 11-15.
11. Доброда Г.Р.Эксперимент в онтолингвистике. Методическое пособие для магистрантов. – Санкт-Петербург: Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2018. – 56 с.
12. Елисеева М.Б. Фонетическое и лексическое развитие ребенка раннего возраста. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2008. – 172 с.
13. Елисеева М.Б., Вершинина Е.А., Рыскина В.Л. «Макартуровский опросник: русская версия. Оценка речевого и коммуникативного развития детей раннего возраста. Нормы развития. Образцы анализа. Комментарии». – Изд. 2-е, испр. и доп. – Иваново: ЛИСТОС, 2017. – 76 с.
14. Кубрякова Е.С. Аналогия и формирование правил в детской речи // Детская речь: Лингвистический аспект: Межвуз. сб. науч. тр. – СПб., 1992.
15. Аяпова Т.Т. «Семантика онтогенезі және тілдік белгілердің даму ерекшеліктері». – Алматы, 2001.

16. Аяпова Т.Т. Сөйлеу онтогенезі. – Монография.- Алматы: Раритет, 2003. – 280 б.
17. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуын тексеру әдістері. Әдістемелік ұсынымдар /құраст.: Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б.- Алматы ТП ҰҒПО, 2019. – 60 б.
18. Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері. Әдістемелік ұсынымдар /құраст.: Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2020. – 74 б.
19. Запорожец А.В. Избранные психологические труды. В двух томах. Т.1. М.: Педагогика, 1986.- 323 с.
20. Гвоздев А.Н. Развитие словарного запаса в первые годы жизни ребенка. – Изд-во Сарат. Ун-та, 1990.-103 с.
21. Гвоздев А.Н. От первых слов до первого класса. Дневник научных наблюдений. Выпуск №4. Издательство: Ленанд, 2019. - 324 с.
22. Пирлик Г.П. Возрастная психология: развитие ребенка в деятельности: учебн.пособие/ Г.П.Пирлик, А.М. Федосеева.-Москва: МПГУ, 2020.- 327 с.
23. Ушинский К. Д. Собр. Соч., т. 2. – М.-Л., изд-во АПН РСФСР, 1948. – 560 с.
24. Лямина Г.М. Развитие речи детей в раннем возрасте. М., 1964
25. Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников: Учеб. Пособие для студентов высш. и сред. пед. учеб. Заведений. - 3-е изд., стереотип. -М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 400 с.
26. Максаков А.И. Воспитание звуковой культуры речи у дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений. 2-е изд.-М.: Мозаика-Синтез, 2005. -64 с.
27. Логинова В.И. Формирование словаря, изд.: Развитие речи детей дошкольного возраста / под ред. Ф.Сохина. - М., 1984
28. Ляховская Ю.С. Особенности словаря старших дошкольников // Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста. — М., 2000. — С. 223-226
29. Богатырева А.Н. Понимание слов детьми 3-5 лет // Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста. — М., 2000 — С. 209—214.
30. Гербова В.В. Занятия по развитию речи в первой младшей группе детского сада /В.В. Гербова - М.: Мозаика-Синтез, 2007. – 241.
31. Яшина В.И. Некоторые особенности развития словаря детей пятого года жизни // Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста. — М., 2000. — С. 214—222.
32. Струнина Е.М. Лексическое развитие дошкольников // Развитие речи дошкольника. — М., 1990.

33. Сохин Ф.А. Психолого-педагогические основы развития речи дошкольников: Учеб. метод. пособие / Ф.А. Сохин; Рос. акад. образования, Моск. психол.-социал. ин-т. – М.: МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2002. – 221 с.
34. Захарова А.В. Опыт лингвистического анализа словаря детской речи: дис...канд. филол.наук.- 1975.- 165 с.
35. Ядэшко В.И. Развитие речи детей от трех до пяти лет: о формировании предложений в речи детей – Москва : Просвещение, 1966. – 96 с.
36. Розенгард-Пупко Г.И. Формирование речи у детей раннего возраста. – М.,1963.
37. Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб.пособие для студ. высш. учеб. завед. — 4-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия», 2007. Шахнарович А.М.
